

Облыстық С.Жиенбаев атындағы жасөспірімдер кітапханасы



Электронды пошта: labrari@mail.ru

Сайт: www.aktobeoub.kz

Телефондары: 50-44-48;53-01-10.

Бейбішілік даңғылы,17.



Жыр
жауһары

Сағи
ЖИЕНБАЕВ

*Балқ
күсы*




RARITY
R
PUBLISHING
COMPANY LTD

Сағи Жиенбаев

БАҚ ҚҰСЫ

Таңдамалы лирика

Алматы
«Раритет»
2002





Жыр
жаулары

Сағи
ЖИЕНБАЕВ

*Балқу
құсы*



Таңдамалы лирика

RARITY

R


PUBLISHING
COMPANY LTD

ББК 84(5Қаз)
Ж60

Редакция алқасы:

А.П.Баранов (төраға), Ә.Асқаров,
Т.Молдағалиев, З.Я.Тен, Е.Дүйсенбайұлы,
З.Серікқалиұлы (жауапты шығарушы).

Кұрастырған Есенбай Дүйсенбайұлы



Ж60 Жиенбаев С.
Бaq күсы. Таңдамалы лирика/Құраст. Е.Дүйсен-
байұлы. Алғысөзін жазған Қ.Шаңғытбасев. — Алма-
ты: «Раритет», 2002. — 232 бет.

ISBN 5-7427-0190-X

Сазды лирика саңлағы Сағи ақынның бұл кітабына оның көзі тірісінде сан алуан жинақтарында жарияланған таңдамалы өлеңдері енді. Олар, расында да, қазақ поэзиясы бағында күйкылжып сайрап тұрған күмыр күстың ән-өүезіндегі әдемі үйлесім тапқан: әр ырғақ-нақышында жарық дүниеге, жақсылық атаулыға, елге-жерге деген ерекше ынтызарлық, іңкәрлік бар.

ББК 84Қаз7-5

Ж 4702250202—00
413(05)—02

ISBN 5-7427-0190-X

© «Раритет» БК. 2002
© Безендірген А.Тілеушиев. 2002

САҒИ ЛИРИКАСЫ*

Сағи Жиенбаев — лирик. Және оқитын жұртқа көптен бері танымал, көп қатарына ұқсамайтын, өз қолтаңбасы бар лирик. Оның шынайы шабытынан ширығып шыққан өлеңдері жалпақ жұрттың жүрегіне жол тауып жатады.

Сонда өлеңді қадыр тұтатын қауым Сағи лирикасын неге жақсы көреді?

Өйткені өмір бар ол өлеңдерде. Ыстығы мен суығы, кермегі мен тәттісі қым-қуыт араласып, астасып жатқан кәдімгі дүнияуи өмір. Ол өлеңдердің авторында сол шындықтың бір тамшысын қалдырмай өз көкірегіне толтырып, сосын дос көкірегіне қайта құйып беретін адал сезімталдық бар. Осының бәріне қоса ақышның шеберлік машығы да қазір әбден шыңдалып, толысқан шағы.

Ендеше, Сағи лирикасының ұтымдылығы — ондағы шындық пен шеберліктің шынайы ұштасуында, үн мен ұғымның сұлу үйлесімінде.

Әрине, шығармалар тіліне машықтану да ауызекі тілді меңгерумен барабар: нәресте іштен сайрап тұмайды, төңірегіндегілерден үйреніп барып сойлейді. Демек, сонау алғаш қалам тартқан жас Сағига да өлең өнерінде әуелі өзі замандас үлкенді-кішілі ақындардың жыр жолдары, кейін, естияр кезінде, өзі құшырлана оқып, құмарта (және өте әдемі!) аударып бастаған орыс пен дүниежүзі классиктерінің шығармалары ұстаздық мектебі болды.

* Бұл алғысөз ақынның 1981 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Іңкәр дүние» кітабында жарияланып еді. Сол күйінде ұсынылып отыр (құраст.).

Гете өзінің «Батыс-шығыс диванының» «Хафиз кітабы» деген бөлімінде:

Сөз дегенің — қыз деген,
Рух — оның күйеуі:
Сол екеуін іздеген
Жанды Хафиз сүйеді, —

дейді. Демек, рух пен сөз, яғни мазмұн мен түр, күйеу мен қалыңдық сияқты, өнер дүниесіндегі, ендеше, барлық тіршіліктегі әлімсақтан бері келе жатқан егіз бастау. Сағи лирикасын әңгіме еткенде біз, жоғарыда айтқандай, ондағы үн мен ұғым үйлесімін осы тұрғыда атап өткенбіз.

Айталық, біраз жас ақындардың өлеңдерінде «арман» деген сөзден аяқ алып жүруге болмайды. Ол — не арман? Сүйген жар ма, туган елдің бақытына бағышталған батырлық па, қамсыз да қайғысыз қарттық па, — адам түсініп болмайды: көгілдір абстракт.

Ал, жә, осы жинақтағы «Кемпірқосақ» деген өлеңді оқыық. Жаңбыр селдетіп өте шығады. Балбыраған дүние. Сөніп қалған ауыл ошақтарында қайтадан от маздайды. Сол кезде бір басы сол ауылдың шетіне тіреліп, аспанға кемпірқосақ асылады. Сан құбылған сиқыр бояуларды ұстаймыз деп, балалар сілесі қатқанша зымырап белдерден асады. Бірақ кемпірқосақ жеткізбейді.

Дүние
Зымырап ұршықтай,
Арбайды көзді
дуалап.
Құмардан әлі бір шықпай
Келеміз соны қуалап, —

дейді Сағи. Бала кездегі таңғажайып табиғат құбылысы ержеткен ақынның көз алдында әлі тұр. Бірақ сонау алыс қалған албырт шақтағыдай, алдағы армандар бейнесінде жарқырайды. «Арман» деген сөз жоқ, сонда да ақын көңілі аян-ақ. «Келеміз соны қуалап». Кімнің басында жоқ ондай армандар?!

Арман! Отан соғысы басталғанда Сағи небәрі жеті жаста болатын. Баланың жады (памяті) тасқа жазған жазу-

дай. Ақынның сонау алыс-алыс ай-күндердегі, сұрапыл соғыстың қиын шақтарындағы ауыл баласының жарық дүниені қалай қабылдағаны жөнінде бұл кітапта риясыз, рас өлеңдер көп-ақ! Оқушы бәріне сенеді.

Кітапта «Сүт туралы баллада» деген өлең бар. Азаматы соғысқа кетіп, бір үйлі жан жалғыз сиырдың сүтіне қарап қалады. Көктем. Соғыс жылдарындағы жоқ-жұқа, аша-жалап, көріксіз көктем. Оны ұзынның қысқарып, қысқаның үзілетін кезі деп атаудың өзі қиын. ұйткені қысқартын да, үзілетін де дәнеме жоқ. Тек жалғыз сиырдың сүті ғана. Оның өрістен қайтқанын балалар асыға күтеді: сүт керек қой!

Ең алдымен жетуші еді елпідеп
Біздің үйдің қызыл қасқа сиыры.

Сонда:

Тұлабойы дір-дір етіп,
Жас бұзау
Тығылатын енесінің баурына.

Содан кейін:

Үлпідеген үрпінен
Бір ақ жаңбыр носерлетіп құятын.

Байлаулы бұзаудың да, балағы тұрулі ойын баласының да көздері «ақ шелектегі бұрқыраған ақ көбікте».

Сауу керек үшінші рет,
Соңғы рет.
Бұзауы тұр жіберсе екен енді деп.
Ол да бала,
Мен де бала бүлдіршін,
Екі бала елеңдейміз мөлдіреп.

...Соңғы иінді...

Ең қиыны — осы ара.
Осы арада
Арбасады қос ана:
Екеуінің екі түрлі түлегі.
Екі тілек қосылмайды,
Не шара?!

*Жасыра алмай, жануар-ай, сезімін,
Жаутаңдайды қарашығы көзінің.
Ене байгүс ойлайды тек бұзауын;
Ана байгүс ойлайды тек өз ұлын.*

Сиыр сауылды, бұзау ағытылды. Шелек іші — ақ жаңбырдың ақ көбікті ырысы.

*Түк жоқ ойда,
Мәз боп бара жатамыз
Екеуіміз екі анаға ілесіп.*

Екеуін де еріксіз аяйсың, аяй тұра етжүрегің елжірей қуанасың. Аяйтынымыз: мынау өз шаруасымен қарбалас жұпыны ауылдағы мал өрістен қайтқан идиллия сағаттарында сонау күн астында қандықасап қырғын бір толастамай, махаббат пен гадауат арналысып жатыр, адамият тағдыры таразының табағында теңселіп тұр: оны балғын бүлдіршін де, оның ойын серігі бұзау да түсінбейді. Қуанатының: күні бойы көзіне көк шыбын үймелеп, нәр татпаған екі сәби қарындары қампиып, аналарының қасында мәз боп барады. Ауыр жылдардың аза бойыңды тік тұрғызатын қатал шындығын шебер ақын сөйтіп көз алдыңа әкеледі.

Жалпы, Сағидың соғыс жылдарына арналған өлеңдері қазіргі Одақ көлеміндегі поэзиямыздың үздік үлгілерінің санында өз орынын тапты десек, мұнда ешқандай асыра сілтеу де, артық мақтау да жоқ екенінде талас болмасқа керек.

«Сыртта боран ұлып тұр», «Оң аяқ», «Бөрік», «Күткен күн», «Медаль», «Әйелдер», «Жеңістің тұңғыш таңы бұл...» сияқты өлеңдері — көзіңе жас, ерпіңе күлкі шақыратын, өзегіңе от тастап, кеудеңді тұңғыш мерей рақатына толтыратын нағыз хрестоматиялық дүниелер. Әрқайсысында қазіргі жас ұрпақтың санасына сыймайтын сұмдық ақиқат бар. Соғысқа деген лагнет жатыр. Олардан сонымен бірге туган елге арналған нәзік махаббаттың саф лебі еседі. Қазақстанның қиыр түкпіріндегі кішкентай ауылдан шыққан жақсы ақынның жады мен қиялы оқушысын ұзап кеткен сұраныл шақтың шаңдаулына шебер ұластырады. Бұл өлеңдер замандастардың санасы мен сезіміне, ақылы мен жүрегіне шынайы педагогикалық әсер

тигізбей қоймайды. Мүмкін, Шиллер айтқан адамға эстетикалық тәрбие беру де осы болар.

Иә, мәңгі тозбайды деп жүрген махаббат тақырыбы ше? Сағидың бұл саладағы өлеңдері, құдайға шүкір, баршылық. Өзі лирик болса, оның үстіне Пушкин, Лермонтов, Абайдың гашықтық өлеңдерінің кәусарынан көп сусындаған болса, өзі де барша жақсылық атаулыға асық болса, махаббат туралы ол неге жазбауға тиіс! «Періште емес, пендемін...» деген өлеңдегі лирикалық қаһарман, яғни ақын қандай қарапайым: сүйгенінің алдында ол өліп-тіріліп жатпайды, тек Құдайдың бергеніне ырза:

Сол баяғы балғын күйде,
Кім білсін,
Жүргем шығар бір көздердің ішінде.

Мұндай қарапайым адал сөзге тек «Айналайын!» дегің келеді. Ал ақынның алғаш гашық болған адамына қалай қарайтынын білгіңіз келе ме? Ендеше, «Көктемнің балғын кезі еді...» деген өлеңін оқыңыз. Жемнің, Жем өзенінің, жасыл өзегі көгілдір мұнарға малынып тұрған тамаша бір шақта балғын жас өзен жағасындағы қайраң құмға саусақтары дірілдеп бір қыз баланың есімін жазып кетеді. Бірақ жел үріп, оны өшіріп тастайды. Жас Фархад оған көне ме? Жаз өтіп, қыс түскенде ол өз Шырынының есімін алғаш жауған ақ қарға жазады. Бірақ сол күні соққан боран оны да басып қалады. Оның бәрін анау қыз білмейді. Енді не істеу керек? Амал жоқ, жел де, боран да бара алмайтын бір ғана орын бар ғой, соған жазады:

Гүл жапты талай белеңді,
Бұрқады талай ақ боран...
Атыңды сенің
мен енді
Кеудеме жазып сақтағам.
Сақтаулы сонда бейнең мен
Сонау бір балғын күлкің де.
Енді оны
менің кеудемнен
Өшіру, сірә, мүмкін бе!..

Сол қиял-қыз қазір қайда жүр екен? Гетенің Фредерика Брионы мен Пушкиннің Анна Керні, Абайдың Тоғжаны боп жүретін періштенің атын Сағи неге атамады деп қын-жыламыз.

Қиналдым талай қыз үшін,
Қыз үшін зәбір көп көрдім, —

деп өзі айтқандай, сол зәбірлердің есесін ақын өлеңмен қайырган. Шын ғой:

Ырзамын, қыздар, сендерге!
Мен үшін сендер пірсіңдер.
Жазым боп кетер жерлерде
Өздерің сақтап жүрсіңдер, —

деген Сағига өз басым кәміл сенемін.

Қайсы ақынның болмасын өлең жасаудағы шеберлігін көрсететін тағы бір нышан — оның туған өлке суретін қалай көріп, қалай қабылдайтыны. Сағи, ойлайтын, көргенін түсінетін Сағи, төңірегін, тіпті табиғат көріністерін де, мәңгі қозғалыс қалпында қабылдайды. Ақын ұғымындағы қозғалыс. Ол табиғатты құрғақ суреттеп жатпайды, әдемі ырғақ, келісті сөзбен баяндап, бір кезде көргенмен, — есте сақталмаған кейбір гажайып көріністерді қайтадан көз алдына әкеледі. Қанша көргенмен, қалпы өзгермей көкейіңде сақталатын мына бір көрініске қарайық:

Тотығып күрең жалынға,
Жартастың жүзі қызарып,
Күндізгі мұнар жамылған
Шатқалдың бойы ұзарып,

Салқын жел келіп бабына,
Көтеріп сайдың ақ буын,
Таулардың арғы жағына
Еңкейіп бара жатты күн.

Қоңырқай тартып реңі,
Қойғандай алдын құрсаулап,
Бір шөкім бұлтқа тіреліп,
Сәулелер жерге түр саулап.

Туған жердің сұлулыққа тұнып тұрған келісті келбетін ақын алабұртпай, алақызбай, байсалды баяндайды. Көп көрген сурет болса да, көңілге оралымды-ақ. Жүрек қылын шертіп өтетін татымды бояулары самсап тұр.

Немесе «Көкше қысы» деген өлеңдегі ақ бояуға, тылсым тыныштыққа толы айналага қарайықшы: қар қылауын ауырсынған ақ қайың, ақ мамыққа бөленген жартастар, жер бетіндегі ақ төсек, жер үстіндегі ақша бұлт, үнсіз ғана жауып тұрған ақ қар, адалдықтың ақ көрпесін жамылған орман... Соның бәрін көріп тұрған ақын жүрегі де әппақ:

Тұнып тұр жан-жағымда кілең ғана
Әппақ жел,
Әппақ өмір,
Әппақ адам, —

дейді. Аламан елді сұқтандырып, талай майталман ақышның көз жауын алған Арқа аруының суретін жасасағанда, Сағи оған ақ бояудан басқа бірде-бір реңді қимайды. Сосын біз Көкше-таудың тек жазғы жасыл желегі мен жасыл айдынын ғана жырлап келсек, ол қысқы көрінісін суретке түсіреді. Ұтымды боп шыққан. Бұл сияқты сұңқылдан тұрған ырғаққа, өтімді де өткір сөздерге бай табиғат лирикасы Жиенбаев жырларында жиі ұшырасады.

Сағи өлеңдерінде шумақтың ырғақ үйлесімдігі мен әр жолдың іштей үндестігі ормек күзуіндегі қатар өрбіп жататыны ұнайды.

Мол едік біз,
жоқшылық жүдетпейтін,
Көп едік біз,
арадан қыл өтпейтін.
Шарап ішпей жүрсек те
көңілді едік,
Тамақ ішпей жүрсек те
түк етпейтін, —

деген шумақ бұл кітапта жиі кездесетін поэтикалық әдістердің тек біреуі ғана. Бірақ мұндағы Абай аға иңсаған «тілге жеңілділік» пен «жүрекке жылылық» — Сағи творчествосының туы боп алыстан атой салып тұратын игі нышан.

Автор жаңа жинағын «Іңкәр дүние» деп атапты. Дұрыс-ақ! Жинақта дүниедегі жақсы атаулыға деген риясыз іңкәрлік бар, адалдық атаулыға деген разы ынтызарлық бар. Осыған орай «Көп болды ғой мінбегелі құр атқа...» деп басталатын өлеңді әдейі атап өтпеу мүмкін емес сияқты.

Көп болды ғой мінбегелі құр атқа,
Шарт түйіліп шықпағалы қыратқа.
Асауларды ақ сорпа ғып келетін
Қайран кездер қалып қойды-ау жырақта, —

деп, Алматыда көп тұрақтап қалған ақын ауылына келгесін жастай таныс көк бестінің жалына қолын созады.

Сен сағынасың, мен де сені сағындым,
Мен де көптен шабысымнан жаңылдым.
Кең далаңда көсіліп бір көрейін,
Шықпай жүрген терін алшы жанымның, —

дегендей тұлпар. Жан-жүректі жылытып кететін жауап. Аллегория ғой? Әрине! Бірақ өте орынды табылған.

Жә, кешегі бала шағымен қайта қауышқан ақын тұстан қолын созып, жаны қалмай: «Байқашы!» — деп дауыстап тұрған қалың елдің көзінше сағынған жердің саф самалын бетке алып зымырап барады.

Бір көгілдір дүниені бетке алып,
Ақ жұлдыздай ағып бара жаттым мен, —

дейді ол. Көк дүниенің ортасындағы ағып бара жатқан ақ нүкте ат үстіндегі ауыл жігітінің экспрессиясын әдемі көрсетіп тұр. Сағынып табысқан екі достың осынау қызық сәтіне сары даланың тағы бір иесі келіп қосылады:

Шыр айналып, мені сүйіп құшардай,
Бір қарлығаш келеді алға түсе алмай.
Айдалада құласам мен,
Жалма-жан
Қанатына мінгізіп ап ұшардай.

Бәрі де жарасымды. Бірақ осы кезде бұл үшеуінің ұлан-асыр ұлы дуына үшеуінің де үлкен анасы келіп араласады:

*Кірпігімде мөлдіреп бір түрды шық,
Кең жазықта ағып барам нұр құшып.
Мен жығылып қала ма деп абайсыз,
Туған далам келе жатты бірге ұшып.*

Туған жер! Оған татымды теңеуді, о заман да бұ заман, қайсы ақын тапқан? Отанға тән мың қасиеттің ең болмаса біреуін ғана соққан жүрек, алған демнің бір ғана сөтімен дәлелдей білсе, ақын үшін соның өзі шексіз бақыт қой. Жанашыр ең жақынымыз Отанға, жауырынымыз алғаш тиген жана-жан туған жерге деген, оның кәрісі мен жасына, кешегісі мен ертеңіне деген ыстық та разы ынтызарлық қолдарыңыздағы кітапта мол екені кәміл.

«Іңкәр дүние» кітабы — Саги Жиенбаевтың ширек ғасырлық творчествосының жемісі. Кітапта ақынның өлең дүниесіндегі сәтті сапарының бел-белестері, қыр-қыраттары ұзын-шұбақ көш тәрізді боп көз алдынан өтіп жатады. Және де жарлы жұрттың жаман-жасқау көші емес. Қыз Жібектің баяғы көз жауын алған жасаулы да жарқын көші...

Қуандық ШАҢҒЫТБАЕВ

* * *

Көп болды ғой мінбегелі күр атқа,
Шарт түйіліп шықпағалы қыратқа.
Асауларды ақ сорпа ғып келетін —
Қайран кездер қалып қойды-ау жырақта.

Сол бір кезді еске алушы ем сағына,
Міне, бүгін кездестім мен тағы да.
Көңілім толқып, корейінші делім де,
Создым қолды көкбестінің жалына.

«Сен сағынсаң, мен де сені сағындым,
Мен де көптен шабысымнан жаңылдым.
Кең даланда көсіліп бір корейін,
Шықпай жүрген терін алшы жанымның.

Арқыратып ат мінбетен — кісі ме,
Кісі еместің біздерменен ісі не?!
Құмарыңды тарқатшы бір, бауырым,
Әктейін көк сағымның ішіне!...»

Дегендей ол, ауыздығын тістеп,
Тұла бойын кетті оның да күн керіп.
Неде болса басып қалдым қамшыны,
Жалғыз тамшы жанарымнан түсті еріп.

Кете бардым азыната жарып жел,
Көз алдымда бұлдырайды сары бел,
Жаны қалмай, қолын созып түс-түстан,
«Байқашы!...» — деп дауыстайды қалың ел.

Қыз-келіншек — жаралғандай ақ гүлден,
Сол бір сөзді қайталайды тәтті үнмен.
Бір көгілдір дүниені бетке алып,
Ақ жұлдыздай ағып бара жаттым мен.

Шыр айналып, мені сүйіп-құшардай,
Бір қарлығаш келеді алға түсе алмай.
Айдалада құласам мен,

Жалма-жан

Қанатына мінгізіп ап ұшардай.

Кірпігімде мөлдіреп бір түрды шық,
Кең жазықта ағып барам нұр күшып.
Мен жығылып қала ма деп абайсыз,
Туған далам келе жатты бірге ұшып...

БҮГІНГІ ДАЛА СУРЕТІ

Жер менен көкті жалғаған —
Ақ жолақ жатты тартылып...
Алырда тұрған аруана
Қаралы бір сәт маңқиып.

Майысып,
Әлсіз бүралған, —
Қамыстар үкі тағынып,
Айдың көл — аэродромдай,
Күс келіп жатыр ағылып.

Қалтырап,
Қорқып, дүрлігіп,
Құрбан боп кетпей теп-тегің.—
Киіктер жоңда иіріліп,
Күтіп тұр газик өткенін...

Сәулені кешіп,
Жел желпіп,
Көңілде үрей-дық қалмай,
Дәуірдің барлық перзенті
Бір-бірін үнсіз үккандай...

ТАБА НАН

Жас кеттім туған үйімнен,
Көп кездім қала жатағын,
Әйтеуір —

бала күнімнен
Басталды менің сапарым.

Жататын —
үйді жылытып,
Жол камын жасап анашым,

Қып-қызыл шоқты үгітіп,
Қыздырып кара табасын.

Абдырап.
Іштей сүйініп,
Ұстатып нанды қолыма,
Тұратын ұзақ —
Сыйынып
Даланың кара жолына.

Таба нан —
 анам пісірген
Бір жүрді талай жолдарда,
Аман-сау қайтып...
Ішімнен
Сыйынушы едім сол нанға.

Жыл сайын —
 ұшып келем мен
Ауылға барып,
 ойнақтап,
Аспан ғой қанша дегенмен,
Келеді түрлі ой қаптап.

Отырам бірақ жайланып,
Қызықтап таудың ақ басын,
Анамның ыстық ақ наны
Бірге ұшып келе жатқасын...

* * *

Әженің жайлы арқасы
Секілді мамық күстөсек,
Жабысып,
Қолдар айқасып,
Ертеден кешке түспес ек.

Шешеге бір сәг ұнамай,
Түнере қалса бұлт келіп,
Әженің бауыры —
 үядай.
Кетуші ек соған зып беріп.

Сәні еді
Ауыл-үйдің де.
Жүруші ек оны пір тұтып,
Жеткізген бізді бұл күнге
Жабағы жұлып,
Жүн түтіп.

Текемет басып,
Тері илеп,
Көрпеше құрап қиықтан,
Әжелер —
бізді жер үйде
Саусағымен-ақ жылытқан.

Тағдыр да
Берген пейілді,
Қолына қонған береке.
Ол жүрген жерде —
Көңілді,
Ол жүрген жерде —
мереке.

Әжесіз күй жоқ, асылы,
Әжесіз үйдің —
аз әні.

Аруана тектес асылым,
Ақ әжем —
Елдің ажары.

Ақ әжем —
Асқар тауымдай.
Шуданы тастап шумақтап,
Жататын оның жанында
Бозала бұлттар будақтап.

Болмайтын қаяу,
Кіршік те,
Жатушы ем мен де жайланып,
Үйірген әжем ұршықпен
Дүние қоса айналып...

76661

КЕМПІРҚОСАҚ

Көктемде —
Бұлттар асығып,
Селдетіп өте шығатын,
Артынан шайдай ашылып,
Дүние балқып тұратын.

Малшынып шилер төпірге,
Қайтадан гүрлеп ошақтар,
Аспанға шығар көпірдей —
Тұратын кемпірқосақтар.

Тұратын ауыл шетінде,
Жету де қазір оңай-ақ.
Ұшушы ек алтын көпірге
Жүйріктер кілең —
жесаяқ.

Қазір-ақ қолға қонардай,
Жетелеп,
Сүйреп сан қырға.
Тартатын
Сикыр бояулар
Құбылып көздің алдында.

Асушы ек зымырап белдерден,
Қанша жер кеттік —
андамай,
Жақындап келе бергенде,
Жылжитын тағы әрқарай.

Тоқтамаушы едік
қызынып,
Бәйгеге қосқан аттарша,
Қуалаушы едік қызығып,
Сілеміз әбден қатқанша...

Дүние
Зымырап ұршықтай,

Арбайды көзді,
Дуалап.
Құмардан әлі бір шықпай,
Келеміз соны қуалап...

АНА ҚОЛЫ

Атырдық таңды көз ілмей,
Арылдық біраз кірбіңнен.
Сонау бір —
Сәби кезімдей,
Қолыңнан ұстап тұрдым мен.

Көрінді жүдеу маған ол,
Қалды ма келіп құрғыр жас.
Қолыңның үсті —
Қара жол,
Қиыр да шиыр,
Қым-қиғаш.

Қиялмен жүріп сан жылым,
Қолыңа —
 көптен қарағам.
Мен жүрген жолдың барлығы
Қолыңда тұр ғой,
Жан анам.

Бәрі түр —
Қайда барғаным,
Түскенім қандай қыспаққа.
Осы ғой мені,
Ардағым,
Жеткізген мына ұшпаққа.

Жатыр ғой талай жол артта,
Тұрады бәрі жаңғырып...
Оралдың бір күн
Орақтан
Саусағың басып алдырып.

СҮТ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Қошті талай көк аспанның бұлттары,
Кепті жұрттың көзіндегі шықтары.
Төрт жыл бойы асыраған —
бірақ та
Таңдайымнан кетер емес сүт дәмі.

...Көктем шығып,
Жер-дүние жылынып,
Жан біткеннің аузы көкке ілініп,
Көкжиектен құлаушы еді бір табын
Кешкі мұнар арасымен шұбырып.

Бәрінің де жұмырланып бүйірі,
Бәрінің де биіктеген иығы...
Ең алдымен жетуші еді елпілдеп
Біздің үйдің қызыл қасқа сиыры.

Қалай ғана шыдайды екен күнімен,
Есі шығып,
Еміреніп үнімен,
Келе сала,
Жалап-жалап бұзауын,
Жылтыратып қоюшы еді тілімен.

Одан басқа көрмейтін ол жанлы да,
Не қойсаң да, қарамайтын алдына.
Тұлабойы дір-дір етіп,
жас бұзау
Тығылатын енссінің баурына.

Осы кезде
Балбырап ол тұратын,
Жанарына бүкіл дала сиятын.
Осы кезде —
үлпілдеген үрпінен
Бір ақ жаңбыр носерлетіп құятын.

Ақ жаңбырдың иісінен-ақ шат болып,
Тұратынбыз бойымызға дәт көріп.
Көтеретін көңілді де,
Көзі де
Ақ шелекте бүркыраған ақ көбік...

Сауу керек үшінші рет,
Соңғы рет,
Бұзауы тұр жіберсе екен енді деп,
Ол да — бала,
Мен де — бала бүлдіршін,
Екі бала елеңдейміз молдіреп.

Жауып-жауып,
өте шыққан бұлттардай,
Үшінші рет...
Қояды енді түк тамбай,
Жалғыз ғана өзіне аян бір сырды
Жаңуарың ішке бүгіп тыққандай.

Мыңқ етпейді —
Секілденіп жоқ есі,
Әлсіз ғана қалтырайды денесі.
Ең нәрлісін,
Ең дәмдісін —
Соңғысын
Бұзауына сақтайды скен енесі.

Соңғы иінді...
Ең қиыны осы ара,
Осы арада —
Арбасады қос ана,
Екеуінің екі түрлі тілегі.
Екі тілек қосылмайды —
не шара?!

Жануарың жасыра алмай сезімін,
Жаутандайды қарашығы көзінің,
Ене байғұс ойлайды тек бұзауын,
Ана байғұс ойлайды тек өз ұлын.

Біздер үшін арпалысып,
тіресіп,
Тұрады екеу...
Бірі алданып,
бірі өсіп.
Түк жоқ ойда,
Мәз боп бара жатамыз
Екеуіміз екі анаға ілесіп...

* * *

Аспанды кенет тарылтып,
Ауылды жерге бұқтырып,
Астан да кестен...
Сабылтып,
Жарқ етіп...
өте шықты бұлт.

Селк етті дала суынып,
Шағылдың іші суылдап,
Шилердің белі бүгіліп,
Шалғынның үсті шыңылдап.

Топырлап сол кез күш бермей,
Бадалар шулап ұшты кеп,
Аспаннан алтын түскендей,
«Әнеки, жасыл түсті» деп.

Қашаннан —
ауыл шетінде,
Көктемде құстар толатын.
Орманнан келген өкілдей
Жалғыз бір терек болатын.

Жүретін қарттар қорғаштап,
Қияңқы қулар барса оған,
Тұратын сосын ол да асқак,
Түсіпті жасыл дәл соған.

Күл басып кеткен маңайын,
Жапырақ жатыр шашылып.

Денесі түгел қарайып,
Бұтақтар қалған асылып.

Құлардай қазір үгіліп,
Қалмапты өрттен сау жер де,
Түмсығы құмға тығылып,
Балапан жатыр әр жерде.

Қимылдап жатыр кейбірі,
Секілді тірі қалатын.
Кейбірі әлсіз жерді ұрып,
Жия алмай жатыр қанатын.

Шыр ете қалды біреуі,
Біреуі соған қосылды.
Біреуі шопке сүйеніп,
Қайталап жатты осы үнді.

Әкетті жел де өсіріп,
Барады жүрек суылдап –
Балапан құсқа қосылып,
Даланың озі шырылдап...

СЫРТТА БОРАН ҰЛЫП ТҰР

Сыртта боран ұлып тұр,
Қырық жамау терезені ұрып тұр.
Қоңыр кеште
 қоңыр үйдің ішінде
Қарсыласар пенде жоғын біліп тұр.

Пені түбінде бүрісіп,
Төрт балапан отыр бойы құрысып.
Бірін-бірі демдерімен жылытып,
Бірін-бірі көздерінен ұғысып.

Ошақтағы сонған от,
Барады аяз тұла бойға өрмелеп,
Бір-біріне жабысады төртеуі,
Көз алдында көгілдір шар дөңгелеп.

Долы боран жыны ұстап,
Дүниені түншықтырып тұр ұстап.
Бір уыс боп бара жатыр төрт бала,
Бір көрпенің төрт шетінен уыстап...

Етек-жеңін түрініп,
Қайран ана жетті, міне, жүгіріп,
От құшақтап кіргендей ол,
 шу етті
Сұлық жатқан төрт балапан тіріліп.

От та бірден лаулады,
Балапандар отқа қарай аунады.
Естіртпеді боранның да гуілін
Сарт-сұрт жапқан сары қамыс баулары.

Көкжиектен күн қарап,
Дүниені тұрғандай бір гүлге орап,
Көктем шығып келе жатты кенеттен
Бұрыштағы мұз-қыраулар сырғанап.

Үрей-дүлей өтті ұшып,
Көкірек те, қоңыр үй де кетті ысып...
Бір анаын құшағына таласып,
Бірін-бірі аунатып жүр төрт күшік...

ОҢ АЯҚ

Күн ұзаққа шөп шауып,
 малды бағып,
Таң алдында жантайып қалғып алып,
Отыратын бір мезгіл кілең жесір
Құйттай-құйттай сәбиін алдына алып.

Жадау жүрген көңілді желпіндіріп,
Талпындырып сәбиді, серпілдіріп:
– Келер ме екен көкешің, құлыншағым,
Оң аяғың көтерші, – дейтін күліп.

Көзін алмай барлығы, тынып іштен,
Оң аяққа қарайтын сүйінішпен.

Қыбыр етсе баланың башпайлары,
Кететіндей жуылып күйік іштен.

Қадалатын ынтығып бәрі үзіліп,
Сан құбылып жүздері,
сан бұзылып,
Оң аяқта тұратын осы кезде
Жалғыз арман,
жалғыз ой,
жалғыз үміт.

Әлгі бала талпынып тұрған күліп,
Жалғыз өзі маңайын нұрландырып,
Көтеретін бір кезде оң аяғын,
Үйдің ішін мәз-мәйрам, думан ғылып.

Жеткізгендей хабарын ағалардың,
Мәз-мәйрам боп тұратын бала балғын, —
Сәби жүрек сезе ме,
аз да болса,
Көтергенің көңілін аналардың.

ХАТ

Қолыма қалам алғалы
Екі-үш ай өткен арада...
Хат жазу —
барлық арманым —
Майданда жүрген ағама.

Қанша әріп білем,
бәрібір,
Сөз емес маған ол жағы.
Әзірге білген әрібім
Хатыма жетсе болғаны.

Сәбиге біткен кәдімгі
Күнәсіз әшпақ көкірек...
«Амандық хат!» — деп алдымен,
Астынан сыздым екі рет.

Қыбыр етсе баланың башпайлары,
Кететіндей жуылып күйік іштен.

Қадалатын ынтығып бәрі үзіліп,
Сан құбылып жүздері,
сан бұзылып,
Оң аяқта тұратын осы кезде
Жалғыз арман,
жалғыз ой,
жалғыз үміт.

Әлгі бала талпынып тұрған күліп,
Жалғыз өзі маңайын нұрландырып,
Көтеретін бір кезде оң аяғын,
Үйдің ішін мәз-мәйрам, думан ғылып.

Жеткізгендей хабарын ағалардың,
Мәз-мәйрам боп тұратын бала балғын, —
Сәби жүрек сезе ме,
аз да болса,
Көтергенін көңілін аналардың.

ХАТ

Қолыма қалам алғалы
Екі-үш ай өткен арада...
Хат жазу —
барлық арманым —
Майданда жүрген ағама.

Қанша әріп білем,
бәрібір,
Сөз емес маған ол жағы.
Өзірге білген әрібім
Хатыма жетсе болғаны.

Сәбиге біткен кәдімгі
Күнәсіз әшпақ көкірек...
«Амандық хат!» — деп алдымен,
Астынан сыздым екі рет.

Содан соң —
 әжем саулығын,
Апамның аурып тұрғанын,
Ағайын-тума —
 барлығын
Бастарын қосып жинадым.

Айтылмай қалса біреулер,
Өкпелеп жүрер маған деп,
Ауылда кім бар —
 түгелдей
Аттарын тіздім...
 аман деп.

Шұбырттым...
 Егін орғанын,
Алғанын жинап шөптерін,
Басқарма кімнің болғанын,
Әскерге кімнің кеткенін.

Тұрғанын аяз сақылдап,
Түскенін қалың мұз-қардың,
Аттарын айттым
 жақында
Тұрмысқа шыққан қыздардың.

Бұрышта қырау жылтырап,
Азынап тұрса да үйіміз,
Жатса да қарным нұрқырап,
«Жақсы, — деп қойдым, — күйіміз!...»

Үлкейдім деген мен енді...
Бір сезім бар ма,
 күн кіріп,
«Шөп тасып жүрмін...» дегенді
Жібердім хатқа қыстырып.

Жаздырмай жұртқа хатымды,
Өзім-ақ жазар келді күн...

Алғашқы...

және

ақырғы...

Ең ұзақ хатым болды бұл.

Не керек,

Іштей маздадым,

Қоңілім сонау жүр көкте...

Талайдан бері жазғаным

Толмады бірақ бір бетке.

Мейлі ғой,

Сол-ақ жетеді,

Толмай-ақ қойсын, несі бар,

Әйтеуір, менің көкеме

Айтпағым қазір осылар.

Қалмады менің сабырым,

Жеткендей ұлы мұратқа,

Жанымның орап жалынын

Жөнелттім Сталинградқа...

Содан соң,

«Сырын» біліп ап,

Ұшырдым талай хаттарды.

Хат жазып беріп ұлына,

Қуанттым қанша қарттарды!

Қадалып түнде...

елендеп,

Қарсы алып таңның арайын,

Көкешімді ертіп келер деп,

Өлеңмен жаздым талайын.

Қайтпады бірақ жауап та,

Хабарсыз кетті барлығы.

Почташы қарттың —

далақтап,

Алдынан шығам әр күні.

Алқынып, тулап жүрегім,
Көзіме хаттар елестеп,
Ойлаймын іштей –
біреуі
Таппауы мүмкін емес деп...

Оралды бір күн...
Даланың
Сіңіріп жалын, аптабын,
Сабылып майдан алабын,
Сарғайып кеткен хаттарым.

Сарғайып кеткен зар-мұңнан
Секілді менің сыңарым,
Баурыма қысып алдым да,
Құшақтап барып құладым...

ДӘН ЖҰПАРЫ

Самалдап, сағымданып туған аймақ,
Тамызда кетуші еді
жылда жайнап...
Ініне шыт койлектің жел толтырып,
Жүруші ек кілең «батыр» қырмаң айдап.
Тұрғасын сүйеу көріп,
елің сеніп,
Ерге де ер жігітше қонушы едік.
Халықтың қасиетті ырзығы деп,
Әр дәнді торғайдан да қорушы едік.
Қалжырап,
қолымыздан әл де қалып,
Кірпіктер айқасқанда,
сәл демалып,
Жамылып жұлдыз толы көк аспанды,
Ұйықтаушы ек ұмар-жұмар дөнге оранып.
Далада бірте-бірте дыбыс артып,
Ауада бозторғайдың үні шалқып,

Тұрушы ек таңғы сәуле арасында
Жас дәннің үстімізден иісі аңқып.

Аралап кең даланың бар қуысын,
Қуалап жылғалар мен сайдың ішін,
Қоңыр жел –

күндіз-түні қырман жақтан
Ауылға әкелетін дәннің иісін.

Сол кезде мәз болатын ауыл-аймақ,
Жүзіне қан жүгіріп, жаны жайнап,
Қарайтын қырман жаққа... қариялар
Ақуыз балапанның бағын ойлап...

Жыл сайын байтақ өлкем –
Шуақтанып,
Қырынан ағыл-тегіл сый ақтарып,
Өлемге дән жұпарын тарататын
Тұрады қызыл қырман сияқтанып!

* * *

Асықтық сауық,
Тойларға
Ұмытып жадау жоқтықты,
Еркін бір шалқып ойнауға
Мұршамыз келген жоқ тіпті.

Той жақын деген үмітпен
Желбіреп,
Желмен шайқалдық.
Ат қылып ойнар шыбықпен
Шапқылап бұзау қайтардық.

Жаңбыр мен терге жуындық
Денеміз қызып дуылдап,
Қырманға қарай жүгірдік
Бозала таңнан зуылдап.

Ұйқысын бұзып сан қырдың,
Ауаны шумен шайқалдық,

Шапырап шықтар,
 Шалғынды
Шалғыорақпенен жайпадық.

Ақ борандарды қасарған
Алдынан шығып тоқтаттық,
Арқырап жүрген асауды
Арбаға жегіп,
 шөп тарттық.

Ұмыттық шалқып ойнауды,
Бір үйдің бір-бір көзі боп,
Тездету үшін тойларды,
Ержету үшін тезірек...

* * *

Бір күні —
 сонау қаладан
Ауылға жап-жас қыз келді,
Мұғалім бопты жаңадан,
Оқытпақ енді біздерді...

Қарады бізге таңдана
Жұпыны — жарты жалаңаш.
Биіктеу бойы сәл ғана,
Жас жағы —
 Бізбен шамалас.

Әуелгі кезде,
 коңілі
Толмаған шығар бізге онша,
Кормеген мұндай өмірі,
Қаладан келген қыз болса...

Шақырды бізді жаныша,
Танысты сосын біріндеп,
Қайталап шықты тағы да
Атымызды айтып, күлімдеп...

Биязы —
 жүріс-тұрысы,
Жүреді таза киініп,
Сырласып,
 бірден ұғысып,
Әкетті бізді үйіріп.

Өз жайын айтып,
 қысылмай,
Қырманды бізбен бір қорып,
Бетінің сәл-сәл ұшында
Тұратын қызғылт нұр қонып.

Қарайтын шексіз далаға
Жапарын алмай
 Гүл жайнап,
Колдерді кейде жағалап,
Кететін бізбен бірге ойнап.

Жарысып желмен бұралған,
Қызығып құлын-мүсінге,
Жататын жұмбақ бір арман
Шыт көйлектердің ішінде.

Қызуы шарпып жалынның,
Жақындап кетсе,
 дыз етіп,
Абдырап кенет,
 абыржып,
Алушы ек бойды түзетіп.

Күлкімен жуып бір мұңды,
Маңайын өзі жылытып,
Көңілде жатқан кірбінді
Кетуші ек бір сәт ұмытып.

Бүршігін жайып қыр гүлі,
Тұр еді көктен нұр саулап...

Ойда жоқ жерде,
Бір күні
Тап бола кетті бір солдат.

Өз аулын аңсап көргендей,
Өзгеше көңіл күйі де.
Ат басын тіреп келгендей,
Түсті кеп соның үйіне.

Құлазып,
қабақ қарысып,
Бізден де сол күн жәй кеткен...
Тістеніп,
жерге жабысып,
Жатырмыз карап әйісктен.

Әлсіреп қана жетеді
Патсфон үні күңгірлеп,
Сөйлесіп ұзақ ексеуі,
Айналып жүрді би билеп.

Құлпырып кеткен қыз мүлде
Көңілі күймен жайланып.
Бір жақта жатқан біздің де
Басымыз кетті айналып.

Босатар емес қызды енді,
Секілді қазір сол құдай,
Бақшитып қойып біздерді,
Солдаттың берген қорлығы-ай!

Тумадық екен неге ерте...
Солдатты-ай мына қайдағы!..
Қосылып кетті көлеңке,
Бұлдырап кетті ар жағы...

Суынып,
ысып денеміз,
Біреуді босқа қызғанып,

Жатырмыз екен неге біз
Жарыла жаздап,
сызданып?!

Саусағың жетпес жердегі,
Алданып
алыс арманмен,
Басталған кезің сол ма еді,
Бейкүнә...
қызық бал дәуірің?!

ТҰЛЫП

Кокжиектен күн де күліп шығады,
Күллі жанға жетіп жатыр шуағы.
Бірақ сонау сұрапылдың кезінде
Болған бір жай көз алдымда тұр әлі.

...Барша жұрттың жүрегі онда жаралы,
Күзгі бұлттай түсіп кеткен қабағы.
Қанды соғыс бұл жақтағы елдің де
Қабырғасын қайыстырып барады.

Бүкіл елді жайлап алған тапшылық,
Бізге әлі жоқ жақындайтын жақсылық.
Ептеп-ептеп жетеміз де көктемге,
Еңсемізді көтереміз ақ шығып.

Мына соғыс от-жалынын жайғалы
Өзекті де суық ызғар жайлады.
Көңілімізге медеу болар жалғыз-ақ
Күрең қасқа сиырдың бір айраны.

Солған гүлдей сарғайтты да жүздерді,
Кеудемізге сұрғылт неше күз келді.
Таусылмайтын кеніміздей — төрт емшек
Төрт жыл бойы асырады біздерді.

Қараймыз тек соған ғана үмітпен,
Қалғаны сол бар дүние-мүліктең.

Әжем сөзі рас болса, бұл сиыр
Әкеміздің таңдайын да жібіткен...

Күтіп жүрлік, ұмытып бар қайғынды,
Ауызымыз аққа тиер ай-күнді.
Күрең қасқа сиыр біздің сол жылы
Туа сала бұзауынан айрылды.

Содан кейін неше күн нәр татпады,
Естіледі түнде ыңырысып жатқаны.
Ауыл ішін зыр жүгіре айналып,
Ақыр оны іздеп-іздеп таппады.

Бізден келер дәрмен де жоқ, әл тайып.
Жаттық ұзақ жағымызға жантайып.
Бір-ақ күнде бұлағымыз тиылып,
Бір-ақ күнде қалды аузымыз аңқайып.

Содан кейін ашулы боп алды да,
Маңайына жолатпады жанды да...
Тұлып жасап терісінен бұзаудың,
Бір күні апам апарды оның алдына.

Жасқа толып жаудыраған жанары,
«Жас бұзаудың» маңдайынан жалады.
Қайта-қайта айналдыра иіскеп,
Тұла бойы дір-дір етіп барады.

Бұзауым деп ойлады ма көдімгі,
Босатты ма ол алпыс екі тамырды —
Бар денесі еріп бара жатқандай,
Бауырынан сүті саулап ағылды.

Ұмытқандай кеше көрген қайғысын,
Көңілі босап, көкірегін жайды шын.
Бұзауым деп алдындағы теріні,
Алданғанын білмеді ғой байғұсым.

Сәби едім кеудесінен күн күлген,
Сол бір жайды ұзақ ойлап жүрдім мен...

Құйғытып келіп құйындай
Жалынға сүңгіп кететін,
Қып-қызыл оқтар зуылдап,
Құлағын тесіп өтетін.

Жарадар болсам,
 кісінеп,
Адамша бәрін ұғатын,
Жануар өрттің ішінен
Денемді сүйреп шығатын...

Айтатын өзі беріліп,
Қалың бір жауға кіргендей,
Қалатын кенет тебініп,
Ақбоз атқа ырғып мінгендей.

Шығатын даусы жоғары,
Жүргендей әлі ұрандап,
Төсінде тұрған медалі
Түсетін сонда бір аунап.

...Тыңдаушы ек ұйып жырын да,
Басқадай бізде болар ма ой.
От кешіп жүріп,
 шынында,
Жау жеңіп қайтқан солар ғой!

СЕНБЕЙМІН

Жанары күлді баланың,
Жаумады зілдей тас көктен.
Жаралы болған даланың
Жарасын таңды жас көктем.

Жайрандап жасыл жер түлеп,
Жасарды бүгін тағы да.
Беймаза болған тентіреп,
Бұлбұлдар қонды бағына.

Кірпігі жастан тыйылды
Қамкөңіл болған аспанның.

Жауқазын гүлдей киінді
Жетімдік көрген жас балғын...

Жайқалып өсті бүлдірген
Жайнатып ауыл маңайын.
Асыға күтіп жүрдім мен
Ағалар келер май айын.

Достарым тосты ағасын,
Болмады менің тілегім,
Ағанды қайдан табасың,
Асыға күткен жүрегім!

Пилотка киіп жаркыллап,
Шауып жүр досым дедектеп.
Қоямын іштей: «Жақында
Менің де көксем келет», — деп...

Оған да жиырма жыл өтті,
Көкешім әлі қайтқан жоқ.
Қаумалап келіп ешкім де
Қаралы хабар айтқан жоқ.

Жанымды мұңға малдым да,
Жалтақтай бердім далаға.
Қайтты ғой
бәрі ауылға,
Қайтпадың неге, жан аға?

Өстім де қостым өлеңге,
Тірі боп маған кетесің.
Сені жоқ мәңгі дегенге
Сенбеймін тіпті, көкешім!

* * *

Болса егер жұмбақ бір мықты
Дүниені түгел шайқаған,
Біз көрген барлық сұмдықты
Көрсетсе соған қайтадан;

Жүргізсе соны бірер күн
Біз жүрген асу жолменен,
Айдаса қалың дүлейге,
Аяғын шандып көнменен;

Жүрегін жаспен улаған
Жетіммен бірге түн қатса,
Бір жерге сосын жинап ап,
Жесірдің бәрін тыңдатса!—

Тірліктен безіп еркімен,
Мекенін тастап мәңгілік,
Азаптың улы дертінен
Кестер еді өзі-ақ мәңгіріп!..

* * *

Қалмайды менің жанымнан
Жас кезде жүрген жерлерім,
Көктемгі нұрды жамылған
Балауса шағыл-белдерім.

Коремін көкшіл даламды
Өңімде де ылғи,
Түсімде...
Аспанға қадап жанарды,
Жатамын шөптің ішінде.

Батамын ойға не түрлі,
Кеудеме көк пен жер сыйып,
Шалғындар сипап бетімді,
Башпайым басын жел сүйіп.

Даламның алақанында
Жатамын бір сәт дамылдап,
Үйіріліп күстар маңымда,
Үстімде бұлттар мамырлап.

Тұрады шалғын, тал билеп,
Бозторғай шырқап өлеңін...
Жүргендей бәрі әлдилеп
Әлемнің жалғыз бобегін.

Толтырып жырға кеудемді,
Тербеткен еді белдер де...
Өзім де қазір сол жерді
Тербетіп жүрмін кеудемде.

Шарладым қыр мен ой ішін,
Жұпарын жұттым жал-құздың...
Жалғызсың, далам,
 мен үшін,
Сен үшін —
 мен де жалғызбын...

ОЙМАУЫТ

Бір өзің жайлап жалғанды
Жатырсың шалғай аймақта,
Жастанып құба жондарды,
Шаң менен шудан аулақта.

Төбенің үсті,
 сай іші
Даланың жұмсақ саздары —
Көктемгі жаңбыр дауысы,
Көктегі құстың назды әні.

Шайқалып кеткен шалғыннан
Көгілдір моншақ төгіліп,
Көктемнен қалған айдынаға
Жатасың жаздай шомылып.

Жоңкіліп сонау биіктен,
Адырдан қарғып, алды орап,
Барады заулап киіктер
Артына тастап ақ жолақ.

Шолып тұр байтақ даласын
Аруана қырда желпініп,
Аспан мен жердің арасын
Бір өзі ғана толтырып...

Туған дала,
 кеудемді желпіндіріп,
Бәрін өзін үйреттің ертіп жүріп.
Кең болуға талпындым өзін күсап,
Өр болуға талпындым еркін күліп.

Жақыныңмен таныстым,
 алысыңмен,
Жасыл орман,
 көк теңіз,
 кәрі шыңмен...

Жан-күйінді шертемін —
 қоңыр сазды
Айнымаған өзіңнің дауысыңмен.

Таныс маған даламның әр дыбысы,
Кол сыбыры,
 жел шуы,
 тау күлісі.

Сен сияқты —
 менің де бар бойымда
Шалғын иісі,
 гүл иісі,
 дәннің иісі.

Кең жазира,
 көгілдір далам менің,
Бір өзіңсің сағынсам барар жерім.
Толқындарың қаныммен бірге тулап,
Қолтығымнан сүйейді самал желің.

Саған тартқан кішкентай ұланыңмын,
Жылуы бар жаңымда шуағыңның.
Туған далам,
 өзіңнің тамылжытып,
Қуанышта шырқайтын бір әніңмін.

Сен тұрғанда осылай күйге балқып,
Ақ төсінде жұпарлы гүлдер аңқып,

Мен жүремін көркіңе көзім тоймай,
Аспаныңда ауаңмен бірге қалқып.

Таң атса да қиырдан қылаң беріп,
Күн батса да қып-қызыл қыраң болып,
Оймауытым,
 мөп-мөлдір аспан құсап,
Күндіз-түні мен сені тұрам көріп!

* * *

Көрдім мен қанша тауларды
Сапарлап алыс жақтарда.
Шарладым қанша бауларды
Жұлдыздар туып жатқанда.

Аунатып асау желімен,
Теңіздер қанша шайқаған...
Шыр етіп түскен жеріме
Соға алмай жүрмін қайтадан.

Сездірмей оның қандайын,
Әкетті бір құс мені іліп...
Сұраймын елден бар жайын,
Ертегі-жырдай егіліп.

Ұшатын құстай қомданам,
Кеудеме бір сәт жел қонып.
Елестейді ылғи ол маған
Ғажайып көркем жер болып.

Көрінеді ылғи бір аймақ
Көлінде қазы қаптаған,
Тұнығын ешкім лайлап,
Акқуын ешкім атпаған;

Шағылып күнге күймеген,
Шалғыны желмен ойнаған,
Гүліне де ешкім тимеген,
Жеріне тозаң қонбаған...

Жүремін соған құмартып,
Көремін жиі түсімде,
Жап-жасыл болып мұнартып
Жатады сағым ішінде.

Ұшамын сол кез күлдырап,
Қалмайын деп-ақ көз жазып.
Жеткізбейді ылғи бұлдырап
Көгілдір сәуле,
 көк жазық...

* * *

Жылы жел есіп тау жақтан,
Бұлттардың өзі бусанып,
Қабағын қалың қар жапқан
Жартастың жүзі жұмсарып,

Өзендер ойға жөңкіліп,
Толқынын тартып ұзаққа,
Аспанды күйге толтырып,
Құс келіп жатыр бұ жақта.

Жетті ме көктем Жемге де,
Кетті ме қыстың ызғары –
Жарқырап күміс теңгедей
Жарылды ма екен мұздары?

Қарлы жел ерте-кеш борап,
Қасарып тұрған жоқ па екен,
Жайсыздау еді бесқонақ,
Бесқонақ қалай өтті екен?

Құстардың қербез керуені
Кешсеулеп барсын, аз барсын,
Елеусіз жатқан көлдерім
Естіді ме екен қаз даусын?

Ұрынбай қарлы мұздакка,
Жел тұрды ма екен оңынан?
Көктемнің өзі біз жаққа
Келетін ылғи соңынан...

Көп болды,
 бозаң белдерім,
Өзіңнен ұзап кеткелі.
Арамыз қазір
 жер менен
Жұлдыздай сонау көктегі.

Әлі де таңның алдында
Мұнарға жүзіп тұрарсың...
Төкті ғой нөсер жаңбырлар,
Өзгеріп кеткен шығарсың.

Өзгерген жоқпын әлі мен,
Өтсе де талай жел-құйын.
Өзіңде қандай сәби ем,
Сәбимін әлі — сол күйім.

Жерлермен талай достасам,
Белдермен талай қоштасам.
Өзіңе деген гүл-көңіл
Өзгерер емес ешқашан.

Жүздесіп бала күніммен,
Өзіңмен күнде кездесіп,
Белеңнен асып жүгірем,
Бозала таңда боз кешіп.

БОЗТОРҒАЙ

Әдейі мынау қыр үшін
Оянып таңның алдында,
Даланың сансыз дыбысын
Көмсеіте құйып алдың ба?

Самалдың жұтып мөлдірін,
Шаншылып көкке шыққанда,
Далаңның мына кеңдігін
Айтасың ба ақша бұлттарға?

Қарайлап төмен сонда да,
Көзіңді жерден жазбайсың.
Өзің де кенет сорғалап,
Құйылып кете жаздайсың.

Тынбайды жырың толастап,
Осынша қайдан бітті күш,
Табиғат өзі о баста
Далама берген құтты күс?!

Жанымда бір күй дірілдеп,
Тұрдым-ау балғын сезімде,
Кеудеме сіңген бір үнді
Қайталап айтқан кезінде.

Төгілте шырқап әніңді,
Бозала таңнан құлшынып,
Кеттің-ау қозғап қанымды,
Күнәсіз құйттай тіршілік!

* * *

Аспанда сәл себезі бар ақ таңның,
Жыршы құсы жаңа ояңды бақтардың.
Таңғы ауада,
Туған үйді жастанып,
Боз сәулеге оранып ап жатқанмын.

Көк жүзінен көп жұлдыздар тараған,
Жас шалғынның шығады исі даладан...
Таңнан менің қасыма кеп, шашымды
Үнсіз ғана сипап отыр жан анам.

Ес білгелі талай көктем өтті алдан,
Талай рет жапырағын төкті орман.
Менің мынау шашыма да осылай
Ана қолы тимегелі көп болған.

Содан ба әлде, көкірегім жылынып,
Өн бойымда бір ыстық қан жүгіріп,

Бүкіл денем еріп бара жатқандай
Саусағының аясына тығылып.

Өсіпті ғой бұған дейін бекер бой,
Қуа берсең, ой түбіне жетер ме ой.
Бірсулерге пана болып жүрсем мен,
Өзім де әлі балапан-ақ екем ғой...

Ала қанат құстар өтті ағылып,
Жата бердім бозғыл көкті жамылып,
Анашымның қасындағы бір сәтте
Бойымдағы бар жүгімнен арылып.

Сол таңда бір балғын ойға баттым-ау,
Болмағандай көңілімде дақ-қылау,
Армансыз бір дүниеге кіріп ап,
Алаңсыз бір үйқылы-ояу жаттым-ау.

* * *

Жыл сайын —
қырда гүл жүзіп,
Жайшаған кезде дүние,
Кеудемді желге сүйгізіп,
Келемін туған үйіме.

Сүйгізіп беттен, мұрышнан,
Жарысып, иық қағысып,
Артымнан ерген құлындар
Аунайды маған жабысып.

Қуанам — бойым көкке асып,
Жан-жағым шуға батқанға,
Ортайып қалған от басы
Толысып келе жатқанға.

Кездесе ме ылғи шақ мұндай,
Көңіліне нұрлы жаз қоңып,
Ортада жалғыз аққудай
Отырады анам мәз болып.

Қалмайды мұңның ізі де,
Ұмытқан оның барлығын...
Сан рет қарап жүзіме,
Сұрайды денім саулығын.

Сұрайды сосын арнайы
Жекелеп барлық досымды,
Бүгінде қалай хал-жайы,
Бөбектер қанша қосылды?

Сұрайды жарын-жолдасын,
Соларға деген құрметтей,
Қажеті болсын-болмасын,
Бір сұрап өту — міндеттей.

Сұрайды өзі білетін —
Бір үйдің жалғыз ерке ұлын,
Өзіне келіп жүретін
Көршінің ашық кемпірін.

Айтамын бәрін қалдырмай,
Жаққасын бұл жыр құлаққа.
Ақыры —
 Жауған жаңбырдай
Таусылады әбден сұрақ та.

Қызарып ыстық шайменен,
Қадалып үнсіз отқа көп,
Қарайды бір кез жәйменен:
«Әкеннен хабар жоқ па?..» — деп.

Таппаймын сөз де бұған түк,
Тимейді оңай бұл маған,
Көзімнің алды мұнартып,
Кінәлі жандай қиналам.

Соққандай суық жел бетке,
Арылмай сол бір кінәдан,

Мен де оны мынау жер-көктеп
Отыз жыл бойы сұрағам.

Сұрағам —
жасыл белдерден
Ұядан түлеп ұшқаннан,
Көгеріп жатқан көлдер мен
Көктемде қайтқан құстардан.

Жердегі орман-тоғайдың
Талайын шарлап, таптағам.
Бұл жәйлі бірақ
олардың
Бірсуі бір тіл қатпаған...

Анамның жүзі бұзылып
Жаркылдап жүрген әлгіде,
Тап осы жерде үзіліп,
Тоқтайды барлық әңгіме...

Жанымды менің шымшылап,
Жауар бұлт құсап бүгін де,
Жауапсыз қалған бір сұрақ
Жатады көңіл түбінде...

* * *

Баяғыдай жатыр үнсіз Жем ағып,
Жас толқынды жүгіртеді жел алып.
Ашылғандай көкірегім сарайы
Туған жерім ауасымен демалып.

Барлық үйі сол күйінде тұр аман,
Бәріне де кіріп-шығып жүр адам.
Жалғыз ғана жарқабақта тұратын
Қараңғы үйдің қабырғасы күлаған.

Күндер қайда, дәурен қайда кешегі,
(Зымырап ағып жылдар қалай көшеді.)
Бір кездерде тәңіріндей бұл жердің
Ең айбынды, ең биік үй осы еді.

Осы еді тек бәрінен де сұсты ерек,
(Ол үшін де күдіретті күш керек!)
Жарқамыстың маңдайына бітпеген —
Сол маңайда тұратын бір үш терек.

Соған қарап жалынатын кең дала,
Соған қарай соғатын жел долдана.
Қақа айрылып жатсын бүкіл қара жер,
Құламастай көрінетін сол ғана.

Қара нөсер қаһарланып құятын,
Саз балшығын сайға қарай қуатын.
Кемерінен асып түсіп әдейі,
Жем толқыны қайырылып кеп ұратын.

Бәрі соның оқ боп оны атқандай,
Қаһарлы кек қабырғаға батқандай.
Бірте-бірте ел көзінен жылыстап,
Жер астына кіріп бара жатқандай.

ЖАҢБЫР

Аңызак соғып, шаң борап,
Ақ тозаң басқан бар қырды.
Аяулы далам обден-ақ
Аңсаған екен жаңбырды.

Кептірген екен таңдайды
Күйіп бір тұрған от күндер.
Аспаннан көзін алмайды
Ашылмай қалған көп гүлдер...

Қанбаған шығар шөлі де,
Қырларым қандай күйде деп,
Әкелдім туған жеріме
Алатау бұлтын сүйрелеп.

Жалын боп көкке жайылды
Жасылдың тілі жалақтай,

Бұлттардың төсін айырды
Батырлар тартқан садақтай.

Балбырап қана сасқаннан
Бауырын төсеп тұрды аспан.
Сары уыз, сайғақ – жас талдар
Секірді-ау билеп тынбастан.

Күндіз де түні шелектеп,
Көл болып жерге ақты нұр.
Жазықта балғын бобектей
Сүйдіріп бетін жатты гүл.

Саябыр тауып

шағылдың

Суырып құмын қуған жел,
Жаңбырлан кейін жаның бір
Жайланып қалды-ау, туған жер.

Жан ұлың аңсап келгенде,
Жадырап гүлдер, күлсе бау...
Жаңбыр боп келіп сендерге,
Жайнатып кетіп жүрсем-ау!

ҚҰЛЫН

Табиғаттың осындай бір қастығын
Көрмейін деп бұлт астына қапты күн.
Жаңа ғана енесіне жай түсіп,
Жапан дүзде қала берді жас құлын.

Нөсер жаңбыр құйылғандай шүмектен,
Осы маңда өршелене үдеткен.
Құлыншақты тербегендей шайқалтып,
Қара жердің кеудесі бір дір еткен.

Одан басқа ешнәрсені сезбеген,
Тек екеуі кейін қалды өзгеден.
Басқа жылқы қырға беттеп барады,
Бұл соларды ұзатып тұр көзбенен.

Жүйткір еді шарлап ойын-төбесін,
Кете алмай жүр шыр айналып енесін.
Шұрқыраған құлын-тайдың дауысы
Шымырлатып барады оның денесін.

Шақырғандай қоғалы көл, гүл-құрақ,
Көз ұшында кетті бір кез бұлдырап.
Орта жолға жете бере жалт беріп,
Кейін қарай ақты қайта құлдырап.

Тағы біраз тыпыршыды талпынып,
Шыдай алмай арлы-берлі шарқ ұрып.
Құлындарға қарап қойып алыстан,
Енесін ол еміп жатты алқынып.

Жаңбырменен дүр сілкініп шықты көк,
Көк шалғынның бетін самал сүртті кеп.
Оятқандай сұлық жатқан енесін,
Тұрды құлын тұмсығымен тұрткілеп.

Кеше ғана көрді ғой ол таң нұрыш,
Кең даланың кокорайлы шалғынын.
Білмейді ғой оның сәби жүрегі
Ажал деген аяусыздың барлығын...

* * *

Қанша жердің сімірдім мен бұлағын,
Қанша жердің естідім мен жыр-әнін, —
Туған жерге оралғанша, бәрібір
Тарқамалды құмарым.

Қанша тойға барып жүрмін өмірде,
Қанша көрдім ағыл-тегіл көңіл де, —
Өз үйіме оралғанша, бәрібір
Басылмады шөлім де...

Дүние

қалдырмады көштен мені,
Талпынып бала қиял төске орледі.
Өмірге келгенім жоқ күйеу болып,
Ол маған тегешімен төс бермеді.

О кезде

мен өмірден сыр ұқпадым,
Қарсы алдым жүрегіммен күліп бәрін.

О кезде

ойламадым кейбір шақта
Тұрарын тағдырыңның тігіп кәрін.

Өстім мен Байсарының алабында
Күйдіріп башпайымды қара құмға.
Тотыққан маңдайымнан сипады күн,
Қалдырып ыстық табын жанарымда...

Keудеме күй нәсерін төкпейді әлі,
Кетуші ем көл жағалап беткейге әрі.
Қызғанып жұмыртқасын айнала ұшқан
Қызғыштың құлағымнан кетпейді әні.

Құстар да жаратпады селтеңімді,
Қырат та аяйтындай ерке гүлді.
Есер жел жұлқылады етегімнен,
Ақ дауыл ала қашты телпегімді.

Қарамай тал бойыма, тауды кездім,
Көп жүрдім көл бойында жалғыз өзім.
Табиғат сырларымен, жырларымен
Keудеме құйса дедім бар мінезін.

Құшағын кең дүнием ашып тұрып,
Көлшігін көңілімнің тасыттырып,
Жүрші деп жетелепті ой-қырына,
Кішкентай жүрегімді ғашық қылып!..

46661

45

ТУҒАН ЖЕР

Сенде тұңғыш жүрдім де,
Сенде тұңғыш құладым.
Сенде тұңғыш күлдім де,
Сенде тұңғыш жыладым.

Іңгөлаған үнімді
Сенің дөңің тыңдаған,
Естімеген жырымды
Сенің желің жырлаған.

Көзімді ашып алғанда,
Сенің қырың көргенім.
Қырға тұңғыш барғанда,
Сенің гүлің тергенім.

Тұңғыш рет шөлдесем,
Сенің суың ішкенім.
Тұңғыш рет терлесем,
Сенің көлің түскенім...

* * *

О, туған жер, барымның
Сәтгілері сенікі.
Балы болса жанымның,
Тәтгілері сенікі.

Жүрегімде жыр болса,
Наздылары сенікі.
Көкейімде күй болса,
Саздылары сенікі.

Менің тұла бойымның
Бұлан күші сенікі.
Қияға ұшқан ойымның
Қыран құсы сенікі.

Озып келсем бәйгеден,
Орамалым сенікі.
Қақ алдыңа жайдым мен...
Қалағаның сенікі!

ЖОЛДА

...Келеді өгіз ілбіп басып аяғың,
Шықылдайды қос доңғалақ, баяғы үн...
Жалғыз серік — алдымдағы жануар,
Жалғыз қару — қолымдағы таяғым.

Қас қарайған, кеткен мана күн батып,
Келем жалғыз жапан түзде түн қатып.
Келем әлі қос доңғалақ шықылын
Қара жолдың құлағына тыңдатып.

Айналама қара перде құрғандай,
Меңіреу еді түнжыраған түн қандай!
Маған қарап ескі қыстау ішінен
Мың жалмауыз атылғалы тұрғандай.

Түк көрмейді қос жапарым бұлдырап,
Келемін тек сорлы өгізді ұрғылап.
Сатпақ-сатпақ шыт көйлектің ішіне
Мөлдір тамшы домалайды құлдырап...

Қайда менің, қайда менің кешегім,
Қайда менің жылы ғана төсегім,
Ақ төсінде маужырап кеп ұйықтайтын
Қайда бүгін от құшағы шешенің?!

«Соғыс!..— дейді қабырғаңды қайырған,
Сол сенің де жүрегіңе жай ұрған.
Соғыс!..— дейді анам мені құшақтап, —
Сенің жалғыз көкешіңнен айырған!»

Мен білмеймін соғыс деген не екенін,
Жұртпен бірге шоңқай қазып кетемін.
Жұртпен бірге қас қарая бүрсендеп,
Бір дорбасын мен де арқалап жетемін.

Мен білмеймін соғыс деген не екенін,
Кейбір үйден маған зарлы жетеді үн.

Сол дауыстан кейде шошып оянып,
Сол дауыспен кейде ұйқыға кетемін!..

Ой түбінен бір шығамын, бір батып,
Келем әлі жапан түзде түн қатып.
Келем әлі қос доңғалақ шиқылын
Қара жолдың құлағына тыңдатып.

Келеді әнс шығыс жақтан таң атып,
Күллі әлемге күлгін бояу жалатып.
Сонау алыс көкжиекке қараймын,
Маңдайымды күн жолына қаратып.

Келеді өгіз ілбіп басып аяғын,
Шиқылдайды қос доңғалақ, баяғы үн.
Жан достарым, дәл осылай басталды
Ұзақ жолым — менің өмірбаяным!

ҰЯ

Суық жел қарды үйіріп,
Соғады тынбай гуілдеп...
Бұрышта торғай тығылып,
Бүрсиіп отыр дірілдеп.

Өзгеге қуыс болса да,
Өзінің жәйлі мекені.
Қалықтап біраз, тоңса да,
Қайтадан соған жетеді.

Қанатын желге жаяды,
Кетеді ұшып қияға.
Кешкісін бірақ баяғы
Келеді қайтып ұяға.

Ұшырған сонау шалғайға,
Ұяңды қайтіп қиясың?!
Осынау құйттай торғай да
Кетпейді тастап ұясын!

МЕН ТУЫП-ӨСКЕН ДАЛАДА

Мен туып-оскен далада
Боранның жырлайтыны бар.
Ақ түтек болып айнала,
Аптығып тулайтыны бар.

Булығып келіп жаныңа,
Бұрқырап борайтыны бар.
Айналып өтіп тағы да
Алдыңнан орайтыны бар.

Ал енді кейде болдырып,
Аяңдап жүретіні бар.
Суыққа сені тоңдырып,
Сақылдап күлетіні бар.

Қытықтап бүкіл дененді,
Құлақтан бұрайтыны бар...
Сағынып елге келгенде,
Соның да ұнайтыны бар!

ӘЖЕ

Ағарып таң атқанда,
Таң бола гөр дедің бе?
Жалбарынып жаббарға,
Жар бола гөр дедің бе?

«Әлди-әлди...» дегенде,
Күй тыңдасын дедің бе?
«Үн шықпасын» дегенде,
Ұйқым қансын дедің бе?

«Әлди-әлди» дегенде,
Жырды үзбейін дедің бе?
Алып қашып апамнан,
Сүйгізбейін дедің бе?

Есікті іштен ілгенде,
Жел де ашпасын дедің бе?
Мені аркалап жүргенде,
Жер баспасын дедің бе?..

СЫР

Жас кеттім, Жарқамысым, жалғыз кеттім,
Жаныма жарық болар таңды іздепін.
Құлпынып қия белде қиял қуып,
Көкейден қоңыр сазды әнді үзбеппін...

Көрейін күйі болса қол-көсір деп,
Көңілімді кеттім алыс өрге сүйреп.
Әкеттім тау қойнына, шың қойнына,
Туған жер осалдығын көрмесін деп.

Аралап кеттім ұзақ белесін көп,
Кеудемді күйлі сазбен бөлесін деп.
Талпындым таудың биік қиясына,
Туған жер мені жасық демесін деп!

...Талпындым, өрге шықтым, күлдырадым,
Үйрендім ерке назды бүлбұл әнін.
Кеудемде күндіз-түні жырласын деп,
Келдім де құйып алдым мың бұлағын.

Орнатып жүрегіме шырын гүлін,
Аралап көрдім небір шыңын... нуын...
Қолкіген көп өзеннің өрлігі мен
Орманның жия бердім сұлулығын.

Сен үшін жидым бәрін, обейін деп,
Бәрін де бір өзіңе төгейін деп.
Осынау тасып жатқан тар кеудеммен,
Туған жер, сені құшып көрейін деп!..

* * *

...Мынау қыр,
 мынау шағылым
Талайдан бері көрмеген,
Баяғы күйі бәрінің,
Өзгермейді екен жер деген.

Соға алмай жүріп, ақыры
Бұған да, міне, жолықтым...
Күн келе жатыр ақырын
Үстімен жылжып Ойықтың.

Ығысып қырдың желінен,
Сайларға мұнар кілкілдеп,
Ауаның дымқыл демімен
Шилердің басы ұлпілдеп.

Жарыса қонған жал құмдар
Сәулені бойға сіңіріп,
Көтермей басын шалғындар
Көктемді жатыр сіміріп.

Аспаным, күнім-ырысым,
Көктемім — бәрі қосылып,
Әлемнің әсем бұрышы
Алдымда жатыр көсіліп...

* * *

Пейіліне қарай берген бе?
Көрген жоқ әлі тапшылық...
Момақан далам
 желден де
Күтетін ылғи жақсылық.

Жаңбырдың бұлты шыққанда,
Қуана күліп тұратын...
Жауғалы келген бұлттар да
Жел айдап өте шығатын.

Өзі емес оның,
 колдегі
Құстары да аңқау болатын,
Аспанда жүріп,
 жердегі
Тұзаққа келіп қонатын.

Бейкүнә сәби сезіммен
Жүруші ем соған таңғалып,
Оп-оңай
 менің өзім де
Қаламын кейде алданып...

* * *

Өстім мен осы қырларда
Көгала мұнар қалқыған,
Жазықта,
 сайда,
 күмдарда
Даланың желі аңқыған.

Бірге өстім жусан,
 шилдермен,
Тербесең, нәзік күй шығар.
Көзім де соған үйренген,
Өзімде соның иісі бар.

Сезім бар менің жанымда
Далаға сіңіп кеткендей...
Жақынмын —
 жердің бауырына
Жабысып жатқан шөптердей...

* * *

Кездесіп жатыр жаңадан
Тоғайда күстар шұрқырап.
Шығады гүлден,
 ауадан
Көктемнің иісі бүркырап.

Даланың көкшіл мұнары
Жайыла қонып қыратқа,
Шалғындар
 белі бүралып,
Шалқайып жатыр шуақта.

Өзіне тартып жақынын,
Торғай да бүгін жұптасып,
Бусанып жатыр ақырын
Тастардың үстін мүк басып.

Қараймын —
 әлгі еміреніп
Торғайлар ұшқан аспанға,
Қараймын мынау жердегі
Бусанып жатқан тастарға.

Қалыпты бүгін талдарға
Көгілдір мошпақ ілініп...
Ақ самал ескен аңғардан
Келеді көктем жүгіріп.

Еңкейіп
 күннің нұрындай
Қарадым гүлге ашылған...
Тағы бір көктем бұрылмай,
Зу ете түсті қасымнан...

* * *

Біздің ел, өттең, қашықтау,
Корсең-ау барып бір рет
Күннің де көзі ашықтау,
Гүлдердің онда түрі көп.

Жүреді заулап киіктер,
Жағасы майса көлі көп.
Аспаны да оның биіктеу,
Даласы да оның кеңірек...

* * *

Аңызак желмен арбасып,
Тығылып күндіз жаппаға,
Кеудені тозаң, шаң басып,
Кеберсіп жүрген шақта да;

Табаннан ызғар, сыз отіп,
Оранбай үлде-бүлдеге,
Сарылып таңды күзетіп,
Коз ілмей жүрген күнде де;

Арылмай бір бүлт түнерген,
Есеміз кетіп озгеге,
Қағажу көріп біреуден,
Қиналып жүрген кезде де;

Тұқыртып тағдыр доллана,
Тұрса да жаншып, үстем боп,
Бір саған деген,
кең дала,
Сезімге қылау түскен жоқ!..

* * *

Жүздері –
қырға жайылған
Секілді күннің шапағы,
Ағылып сонау ауылдан
Достарым келіп жатады.

Мазасын алып күрбымның,
Өткеннің бәрін жырғылып,
Отырмын елтіп,
Бір күннің
Басына тағы су күйіп.

Сұраймын одан –
елдегі
Өзі де білмес жайларын,
Сұраймын өзен-көлдерін,
Сұраймын жыра-сайларын.

Бұлдырап кеткен сағымдай
Еске алып сонау шақтарды,
Аттарын атап жаңылмай,
Түгендеп шығам қарттарды.

Жарылып құмға табаны,
Жүретін шауып гу-гулеп, —
Сұраймын одан баяғы
Досымның бәрін бір-бірлеп.

Жүретін жан көп еленбей,
Сұраймын бәрін қиылып,
«Қайтеді бәрін» дегендей,
Қарайды досым жымып.

Алыстаумын ғой,
 көбісін
Еске алып жүрем әрдайым...
Білсең ғой, досым,
 мен үшін
Олардың бір-бір таудайын...

ҚАЗАҚСТАНЫМ

Жиылған жақын, алыстар,
Жүзінен самал жел есіп...
Жөн сұрап,
Жаңа таныстар
Жатады шүйіркелесіп.

Таныспақ енді дұрыстап,
Келгендер кілең жан-жақтан, —
Күнгейден...
Қиыр Шығыстан,
Қалың ну...
Қарлы аймақтан...

— Қайдансың?
— Қазақстаннан!
Шығады жарқын дауысым.
Көтеріп мені ұшқандай
Көгілдір дала, көрі шың.

Көремін белес-белдерді
Ойнақтап жүрген сағымдар.

Тұрады соғып кеудемді
Теңізден ұшқан дауылдар.

Көкорай жазық,
Кең дала
Көріне ме екен көзімнен, —
Тапысым маған таңдана,
Қарайды құрмет-сезіммен.

— Үлкен бе?
— Үлкен!..
Жанарым
Кетеді сонау алысқа.
— Бір шеті біздің даланың
Жалғасып жатыр ғарышқа...

Бастарын ізеп,
жүрт елтіп,
Бір-бірін мақұлдатады...
Көтеріп мені,
үлкейтіп,
Тауларым келе жатады.

Елестеп сол шақ көзіме
Қырларым,
Қала,
Қыстағым,
Аркамлы сүйеп өзіңе
Тұрамын,
Қазақстаным!

АҚ ЖАҢБЫР

Көктемде бір торғайлар шуылдайтын,
Көктемде бір тоғайлар шуылдайтын,
Бетке жұққан даланың ақ тозаңы
Ақ жаңбырлар жумаса,
жуылмайтын.

Тамшы көрмей,
 тобарсып қалған қыр да
Жауандайтын аспаннан жауған нұрға.
Ақ жаңбырдың астында жүйткіп жүріп,
Біз де айналып кетуші ек ақ жаңбырға.

Көңілдің де,
 беттің де кірі кетіп,
Ағушы едік даланы дүбірлетіп,
Ақ пайзағай секілді айқыш-үйқыш,
Ақ жауынның арасын тіліп өтіп.

Аспан жерге түскендей күркірейтін,
Күркіресе-ақ болғаны —
 қыр түлейтін...

Шаң-тозаңнан іштегі арылардай,
Көкірек те сондай бір күй тілейтін.

Жел-құйышның кілегей шаңы басып,
Аңызқтың өтінде арып-ашып,
Қоңырайған қырлардай
 бірте-бірте
Кете ме екен оның да әрі қашып.

Бұйра бұлттар бір кетіп, бірде келіп,
Шатқал шыңнан аса алмай тұр богеліп.
Жуып-шайып өтетін тасқын судай
Бір ақ жаңбыр кеудеме жүр керегіп...

КИІК

Аңшылар шықты сайланып,
Айнала жүйткіп көздері.
Мұрттары сүрге майланып,
Миықтан күліп оздері.

Керемет деген сақ құстар
Басынан тірі ұшпаған, —
Қашаннан әккі атқыштар
Қосарлап мылтық ұстаған.

Бірсеу жоқ озар бұлардан,
Бұлардан жалғыз шың биік!
Көрінді сонау мұнардан
Жайылып жүрген бір киік.

Адасып қалды-ау үйірден,
Аңдамай қалды-ау аңшыны...
Ағызып тура бүйірден,
Аңшылар басты қамшыны.

Бұлдырап, доға тәрізді
Дөңгелеп жатты көк пен жер.
Сорасын көздің ағызды
Суылдап соққан окпек жел.

Жапанда жүрген жас киік —
Жарысып оскен желменен,
Тұрды да бір сәт қасқиып,
Жөнелді белес-дөңменен.

Алдынан кесе өткізбей,
Аңшылар ұшты қарысып.
Оқ жетер жерге жеткізбей,
Отырды киік жарысып.

Дауылды күндей бұл алап,
Даланы бозғыл шаң жапқан,
Аңшының бәрі қуалап,
Атқылап жатыр жан-жақтан.

Бу шығып оның баурынан,
Барады зулап алдырмай.
Жарқылдап октар алдынан
Жауды да кетті жаңбырдай.

Жасқанар емес октан да,
Жалтылдап жоны құндыздай,
Қақ жарып бір кез өтті алдан,
Құлдырап аққан жұлдыздай.

Жалғасып жатқан бел-белес
Жазылып бұл сәт кеткендей.
Аспанда да емес, жерде емес,
Ауада қалқып өткендей.

Көрсетті солай күшін де,
Аттады бір-ақ жондарды.
Көгілдір сағым ішінде
Көлденең тартқан жол қалды.

Дуылдап қалды дүрмек те,
Дәрмені болмай ұстауға.
Табиғат берген құдіретке
Тосқауыл болар күш қайда!

Бұлардан енді күй бітті,
Басқадай шара бар ма оған!..
Өрен боп туған жүйрікті
Оғың да тоқтата алмаған!

КӨЙЛЕК

Болса да жер мен көктей ара қашық,
Бұл қартқа біздің бүкіл бала ғашық.
Ақ бұлттан жаралғандай ақ сақалы,
Сексеннен селдіремей барады асып.

Күтеді әлі талай жарықты алдан,
(Әлі де орындалмай қалыпты арман).
Кең дала –

Қызығымды көре тұр, – деп,
Секілді жалғыз өзін алып қалған.

Тосқандай түніменен нұрды асыға,
Сүйсініп шыққан күннің шұғыласына,
Ауылдың бар баласын жинап алып,
Келеді кейде қария қыр басына.

Жатқандай ауыл қырға көшіп келіп,
Тұрады жас сәбилер есіп келіп.

Көкпарға жібереді «тұлпарларын»,
Өзінің ақ көйлегін шешіп беріп.

Бейне бір тыпыршыған дөңдегі елік,
Беттерін желпи сүйген желге беріп,
Толқыған көк сағымның арасымен
Кетеді құлыншақтар дөңгеленіп.

Сәбилер көрген қызық өз алдына,
Қарт жанын бірақ олар сезе алды ма.
Бұл бәйге өтіп кеткен бал дәуренін
Тағы бір әкелді ғой көз алдына.

Мәз болып өзі-өзінен күліп те алды,
Бір сәтке мұңайғандай тынып қалды.
Шыңыраудан тартып алған жалғыз тамшы
Дірілдеп кірпігінде тұрып қалды.

Көргендей сәйгүліктің самғағанын —
Самалын қақ айырып сар даланың...
Көйлектің етек-жеңі дал-дал болып,
Қолында кете барды әр баланың.

Сөйлейді көтеріп ап шалым басын:
— Ойнасын, енді осылар жалындасын.
Балам-ай, көйлек шіркін табылар-ау,
Құдайым күлкімізден айырмасын...

Бұлдырап жылдар-сағым жатыр ағып,
Қойғандай мініп жүрген атын алып.
Мәз болып келеді қарт —

Сонау өткен
Жастығын көйлегіне сатып алып.

* * *

Кеудемде жел жүр бір мұздай,
Жылыта алмай қойды еш жалын...
Жылыстап...

Таңғы жұлдыздай
Барады сиреп достарым.

Жаралған бірі шырқауға,
Құс еді көктен түспеген,
Жүрегін ұстап...
 бір таңда
Жөнелді қайтқан құспенен.

Көлдерді,
 жасыл бөктерді
Көрді де ылғи түсінде,
Жөнелді бірі —
Көктемгі
Найзағайлардың ішінде...

Ұйтқилы боран кеудемде,
Жанарым ғана жаудырап...
Жарқылдап кірер жерлерге
Жасқанып кірем...
 салбырап.

Күлген де болам...
Құр алдап,
Қайтесің, солай тіршілік.
Күлкімнің өзі —
 шыға алмай,
Көмейде жатыр тұншығып.

Оралмай тілге,
Сөз қашып,
Отырам бұлтты бүркеніп,
Жылжыған ащы көз жасын
Ащы суменен итеріп...

Келемін, міне, серігін
Күлдіріп бір сәт, жұбатып,
Көтеріп жесір көңілін,
Көңілімді күздан құлатып...

ДОСТАРЫМ

Мен қапанда жалғыз өзім жүрмеймін,
Жалғыз жүріп жалғыз өмір сүрмеймін.
Жер-жердегі достарымды санасам,
Аспандағы жұлдызыңмен бірдеймін.

Достарымның бәрі момын өзімдей,
Кейбіреулер өте шығар көз ілмей.
Ал олардың көңілдері
Ақ қардың
Тау басына жаңа түскен кезіндей.

Біреуінің жүрген жері ән-өлен,
Енді бірі қайыспайтын қара емен...
Біреуінен зәбір көріп қалсам да,
Мен біреуін зәбірлеген жан емен.

Жатыр бәрі көкірегімде ұялап,
Шыңға бірге шығып келем қиялап.
Қыз-қырқынға жасағаным болмаса,
Мен оларға жасағам жоқ қиянат.

Көңіл елтіп бір аққудың әніне,
Кетем кейде Алағудан әрі де...
Көз алдымда дүние балқып жатқанмен,
Достарымсыз қызық емес бәрі де.

Бірде төбе,
 бірде төмен ылдимен
Жүріп келем өлендетіп бір күймен.
Сәл бөлінсем,
Жолыға алмай қалардай,
Достарымды іздеп жүрем ылғи мен.

Бүгінгі емес, ертең келер күн де өзге,
Тұра бермес жалын атып нұр көзде.
Жұбымызды жазбайықшы, достарым,
Жалғыз-жалғыз жатамыз ғой бір кезде.

БАҚЫТ

Ақ ұлпа қарға оранды
Алматым,
 аспан-тауларым...
Молшылық басы болар бұл,
Түсті ғой бірден қар қалың.

Ормандар басы ұлпілдеп,
Ойың мен қырың теңеліп,
Көрдің бе, далам,
 бір түнде
Қалғанын бәрі кенеліп.

Майысып белі талдардың,
Ақ қардың өзін ауырлап,
Қанаты тисе торғайдың,
Төгіліп жатыр сауылдап.

Елдің де,
 мынау жердің де
Осы ғой мәңгі дауасы,
Өзінің әппақ көңіліндей
Тазарды қырдың ауасы.

Мөлдіреп аспан алабы,
Боз мұнар, бұлтты жамылмай,
Ашылды күннің қабағы
Ақпейіл сенің жапыңдай.

Тастады нұрды үйіп кеп,
Тау болып жатыр әр төбең.
Барасың сен де биіктеп,
Биіктей берсін мәртебең!

Бақытым сенсің,
 сүйіктім,
Аспанды шарлап самғасам.

Жазирам,
мен де биікпін,
Сен биік болсаң әрқашан!

АДАМДАР
(Жауынгер күнделігінен)

Жаралылар келіп жатыр шұбырып,
Бірін-бірі сүйемелдеп
сүрініп,
Ажалыңа көнер емес әлі де,
Жанарынан сөнер емес бір үміт.

Қол, аяқтар сыздаса да сырқырап,
Қайта ұшардай қанаттарың сілкіп ап,
Бір-біріне сездірмейді сырқатың,
Үстерінен оқтың иісі бүрқырап.

Сыртта тынбай гулеп-сарнап жатыр үн,
Қарт дәрігер аралап жүр ақырың.
Жауынгердің біріне кеп сұрады:
– Ана жақтың халі қалай, батырым?!
– Жанып жатыр!

Күлі шығып аспанға,
Жанып жатыр үйлер түгіл,
тастар да.
Қара жер де қақ айрылды шыдамай,
Балқып кетті темірің де,
басқаң да.

Жауған оқтан кетті бәрі көрінбей,
Қала қазір қап-қара бір көмірдей.
– Адамдары не күйде екен?
– Сонда да...
Адамдары жатыр әлі берілмей!..

* * *

«Қарашығым,
қарай жүр» деп, жан ана,
Суретіңді жіберіпсің балаңа.

Бүйтпеуші едің,
 Менің алыс жүргенім
Көңіліңе күдікті ойлар сала ма?

Жібердің бе —
 күнде көріп жүрсін деп,
Қабырғаға қасиеттеп ілсін деп,
Ең болмаса,
 соған көзі түскенде,
Анасының хал-жағдайын білсін деп?!

Айтпасаң да,
 соны сезем көзіңнен,
Соның өзі маған ауыр сөзіңнен.
Суретіңе қараймын да,
 қиналып,
Үнсіз ғана тілдесемін өзіңмен.

Жиналыпты сенің қоңыр жүзіңе
Өткен күннің,
 шеккен мұңның ізі де.
Бара жатқан сияқты олар көбейіп,
Келе жатқан сияқты өмір күзі де.

Қалғып кетсем,
 дөңбекшимін түс көріп,
Бүгін түште-ақ ұшсам ба екен құс болып,
Қайтсам ба екен
 тағы айналып көргенше,
Қанат беріп,
 қуат беріп,
 күш беріп?!

Күйбеңменен
 кетіп жатыр күндер де,
Жоқсың-ау бір рақаттанып күлген де.
Тарқап кетіп жүрер ме екен базарың,
Бақыт құсын қондырам деп жүргенде.

Алаңдаумен атады ылғи әр таңым,
Тасысам да тола алмаймын, ортамын.
Ақ сағымның арасында...

Коз жазып,
Жүздесе алмай қалам ба деп қорқамын.

* * *

Көктем зулап өтіп жатыр төбемнен,
Көкшіл булар көшіп жатыр беленнен...
Белді буып,

бір жұлдызды бетке алып,
Бір сиқырлы жолға түсіп келем мен.

Осы жолда өтеді енді өмірім,
Осы жолда қартаяды серігім.
Менен бұрын кеткендер көп бұ жолмен,
Мен бұ жолға түскендердің соңымын.

Осы жолда менің барлық асуым,
Сан асуға шыдармысың, асылым.
Менен бұрын бұ сапарға шыққан көп,
Бұ сапардың мен әзірге жасымын.

Кеткендердің көбі алдымда тұр жанып,
Жарығымен жалпақ елін ырза ғып.
Көрінеді әппақ-әпшақ жұлдыз боп,
Көкжисктен көтерілер түн жарып.

Көбісі оның өз қызығын ұмытқан,
Өмір-теңіз келмейді оған жұлықтан.
Өзгелерді жалынымен жылытып,
Өз денесін жанып-жанып суытқан.

Оған бүгін өңің де бір,
түс те бір,
Еркін самғап ұшса болды күс-көңіл.
Өзгелердің өмірін жырмен ұзартып,
Ол өзіне тілеп алған қысқа өмір.

Мен солардың ұзартам ба ғұмырын,
Әлде шайқап аламын ба тұнығын,
Ақ сәулені әкетем бе әрірек,
Қазір менің жетер ме оған жылуым?

Қиядағы жетер ме оған ыстығым,
Оятар ма көлеңкелі түстігін...
Кетер еді-ау әрі қарай жалғасып,
Жалынына жалғасса бір ұшқыным.

Соңына еріп,
 бір шырағы жеткенде,
Өкінбес-ау тым ертерек кеткенге, —
Бар қызуын төге алмайтын таңғы арай,
Бар қызығын көре алмайтын көктем де.

...Көктем зулап өтіп жатыр тобемнен,
Көкшіл булар көшіп жатыр белеңнен.
Жанды ұмытып,
 таңды күтіп,
 бел буып,
Бір сиқырлы жолға түсіп келем мен.

ДОМБЫРА

Өзіңсің жалғыз інкәрім,
Өзіңсің менің шын ием, —
Армандай күткен тұлпарым,
Маңдайға біткен дүнием...

Қараушы ем күнде ерінбей,
Қалды ма деп бір шаң тұғып.
Тұрушы ең үйдің төрінде
Даламның иісін аңқытып.

Сөзді де маған жолатпай,
Сабактап алыс-жақыннан,
Суырылып,
 келген қонаққа
Сөйлеуші ең менің атымнан.

Со кезде сен бір ағар ең
Сиқырлы сазбен тербетіп,
Сонау бір сылқым даламен
Сағынған жанды селдетіп.

Көрінбей ешкім көзіңе,
Кеудеңе теңіз құйылып,
Қараған жанды өзіңе
Алар ең тартып үйіріп...

Салқындап самал,
кеш кірмей,
Самарқау тартып ажарың,
Бара ма даусың естілмей,
Тарқамай келген базарым.

Қалғандай қазір елсізде,
Сүземін саған көзімді,
Дүниеге мынау
сенсіз мен
Жеткізем қалай сөзімді?!

Кіреуке бұлттан арылып,
Көтеріңкі қайта еңсені.
Баяғы кездей
тағы бір
Салайын топқа мен сені.

Салшы бір қайта есіне
Сонау бір алыс өткенін.
Арманда жүрген есіл ер
Сайрандап қайтсын көктемін!

КӨКТЕМ

Тәкаппар таулар жол бөгеп,
Тотықпай жүзің жел, күнге,
Көкала шыңнан өрмелеп,
Көктемім, аман келдің бе?

Сен келген сайын бір түлеп,
Аламыз желпіп кеудені...
Барады тауға күркіреп
Бұлттың да соңғы керуені.

Сілкініп сенің алдыңнан,
Суланған шашын тал тарап,
Тосады бетін жаңбырға
Шалғындар белде шалқалап.

Оранды бүгін жар сынды
Тоғайлар торғын жібекпен.
Естіген кезде даусыңды
Оның да бойы дір еткен.

Қарайлап сонау адырға,
Қайталап айтып қаз үшін,
Жартастың жүзі жадырап,
Жасырды беттен әжімін.

Көтерді басын қыр гүлі,
Сикырлы нәзік күй тыңдап,
Сағынған құстар бір-бірін
Кездесіп жатыр қиқулап.

Алаулап балғын реңі,
Қыздар да сол бір
 құстардай,
Кеудеге сыймай жүрегі
Әйнектен шығып ұшқандай...

Сәулеге толып етегің,
Осылай ылғи күттіріп,
Өмірдің тәтті екенін
Кетесің бізге ұқтырып.

* * *

Тұрдым бір жардың шетінде,
Жанымның үрлеп шоқтарын.

Белгісіз —
 осы бетімде
Қай жерге барып тоқтарым.

Зуласам деймін іркілмей,
Ұксап бір асау күйынға.
Көкжиек жатыр кілкілдеп
Сонау бір алыс қиырда.

Шаңамның басып туралап,
Сол жаққа қарай ұштым мен,
Азынап соққан жұлмалап
Асырып желді үстімнен.

Сүңгітім жұмбақ тереңге,
Шайқалып барып, шақ қалып.
Суылдап-сусып төбемде
Сиқырлы толқын жатты ағып.

Зулар ем ұзақ тынбастан,
Тарқатып жаным құмарын.
Есімді жияр-жимастан
Етекке барып құладым...

Саған да сонша құмартып,
Жалыңнап жаңа ұстап ем,
Жалт беріп өте шығатын,
Жас ғұмыр, сондай қысқа ма ең?!

БҰЛБҰЛ

Тірлікте мынау қым-қуыт
Пенденің ісі бітер ме?
Көшеде жүріп, бір жігіт
Кірді кеп ашық дүкенге.

Қарады байқап жан-жағын,
Дүкеннің іші құс кілең, —
Жап-жасыл күйттай талдардың
Жорғалап жүрген үстімен.

Әнші күс ылғи далаға
Отырды қарап әйнектен.

Бейтаныс, бөгде біреудің
Торына түссе де именбей,
Алғашқы күнде бірер күн
Сайралды бакта жүргендей.

Содан соң —

алыс армандай
Айрылды саздан біртіндеп.
Қуыс боп қана қалғандай
Кемейдің түсы бүлкілдеп.

Іздейді көңіл сыңарын,
Елестеп көзге тау іші...
Тоңкеріп көңіл бұлағын
Сырттағы құстың дауысы.

Тымырсық үйдің ауасы
Тарылта түсті кеудесін,
Табылмады әннің дауасы,
Өзі де білді келмесін.

Не керек тірі болғанмен,
Қор болды сөйтіп қайран күс...
Бұлбұлды сатып алғанмен,
Сатылмай кетті-ау ән байғұс.

ОРКИК

Бір уыс бүлттай бал дене
Суырылып шығып ақ нұрдан,
Көзімнен ұшқан сәуледей
Зу ете түсті-ау алдымнан.

Жөнелді-ау желмен өбісіп,
Тұңғиық түпсіз аймаққа...
Жалғанның жалғыз серісі,
Барасың жалғыз қай жаққа?!

ЖҮРЕГІМ МЕНІҢ

Жүрер ең шарлап дүниені
Асау бір желдей ат мінсең...
Онсыз да,
 күйттай жүрегім,
Не көрмей келе жатсың сен.

Қайтесің менен алыстап,
Қадалар қор ғып бір шөңге,
Шап беріп саған жабыспак,
Кеудеме тығып жүрсем де.

Өзіңмен талай бел асқам,
Көргенбіз талай жол табын.
Секемшіл едің о бастан,
Селт ете қалсаң —
 қорқамын.

...Тимей-ақ жерге табаным,
Шықпай-ақ әлі бесіктен,
Құлағын жарған далаңның
Құлындай даусыңды есіткем.

Қанаты көкте дірілдеп,
Ұшқалы жүрген құс па скен,
Сонау бір
 Жердің түбінде
Жұлдыздай ағып түсті әкем.

Білмеймін —
 Одан бір белгі
Қалды ма, жоқ па жүзімде.
Тұңғыық мынау дүниеден
Таба алмай қалдым ізін де.

Мөңгіріп иесіз белсеңде
Ызындап ұшқан желменен,
Арманыңды әппак сенің де
Сонда бір ағаш жерлеген...

Содан соң —
 үнсіз жалтақтап,
Оралмай кеткен көктемге,
Қалтырап тұрған жапырақтай
Жаңа бір қолым жеткенде,

Өткен бір мүн
 жаңбырдай
Жауып бір жауып тоқтаған,
Жарқ етіп
 көзім алдында
Жалынға сүңгіп кетті ағам.

Қараша соғып гүлінді,
Кеудеңе қара өрт кіріп,
Жау оғы
 қыршың күйінде
Кетті бір тағы мерт қылып...

Есімді қалдым жия алмай
Сұрапыл дауыл шайқаған,
Сірі екен жаным,
 үялмай
Жер басып кеттім қайтадан.

Коруді қайта жазбаған
Жалғалым
 Солар арманың,
Күл болып кете жаздаған
Көтердім қара шаңырағың...

Келді ме сенің дәуренің
Енді бір мұңнан серпілмек,
Көріп ең әшпақ сәулені
Көзіңнің жасы мөлтілдеп.

Жарыла жаздап жолыңда
Сол еді барлық күткенің,

Қалдың-ау сезбей оның да
Құшаққа жетпей біткенін.

Улашып зәрлі қайғыдан,
Жай оғы тесіп өткенде,
Құшағың содан айрылмай,
Қалдың сен анау көк белде...

Қоңіл де,
 көз де шайлығып,
Шықтым мен үнсіз сан белге.
Қанатың оқыс қайрылып,
Қалмадың, жүрек, қай жерде.

Өтемін таудан,
 теңізден,
Көрsem бе деп бір қарасын...
Кеземін ылғи сені іздеп
Аспан мен жердің арасын.

АУЫЛҒА БАРҒАНДА

I

Қоңілім шалқып ән салам,
Көз алмай жасыл белеңнен.
Алыстау жүріп аңсаған
Ауылға қайтып келем мен.

Бұлақ боп кейде тасыған,
Бөленем ыстық сезімге.
Осылай жылда асығам
Оқудан қайтқан кезімде.

Жеткізер емес жол да әлі,
Жүрісі шабан нардың да...
Ақ қайың құсап жондағы
Ақ әжем отыр алдымда.

Жұмыс көп оған қараған,
Жатпайды бір күн демалып.

Көрмеген өзі қаладан
Келеді бүгін мені алып.

«Өзімнің ғана балам» деп,
Өсірген мені баурында.
Бетімнен
 туған анам кеп
Бір сүйген емес алдында.

Билік жоқ бала-шағаға,
Болады соның айтқаны.
Барыпты сонау қалаға,
Өзі алып мені қайтқалы.

Аяңдап шықтық адырға,
Адырдан төмен күлалдық.
Көріңді біздің ауыл да,
Көгілдір түтін шұбалып.

Жүрегім тулап түр әрең,
Жанарым алға үңілді...
Ауылдан шығып бір әйел
Алқынып бізге жүгірді.

Жаулығын ұстап қолына,
Жүгірді желмен жарысып.
Қарайтын емес жолына,
Келеді, байғұс, әлі ұшып.

Қарақасқа атқа өңгеріп
Қапшыққа толы хаттарды,
Ыңылдап ән сап тербеліп,
Почташы келе жатқан-ды.

— Таныды ма екен шырағым,
Түп-тура бізді бетке алды.
Шыдамай жүрген
 Мынаның
Шешесі болды-ау, — деп қалды.

Аңсап та жүргем хат бармай,
Апамды көптен көрмегем...
Төменнен бір күш тартқандай,
Топ ете түстім жерге мен.

Құшақтап мені қалды ұзақ,
Кетті ме билеп гүл-сезім.
Құлағым шалды

жалғыз-ақ

«Құлыным!» деген бір сөзін.

Естіген жоқ ем дәл мұндай
Елжіреп айтқан сөзін де.
Баурына кіріп балғындай,
Балбырап кеттім өзім де.

Желпиді жаздың самалы,
Желбіреп жатыр гүлді алап...
Түнеріп кеткен қабағы,
Түйеден әжем тұр қарап.

— Болды ғой, — деді, — соншама,
Қамкөңіл жаңдай зарыққан.
Күлмей ме мынау ел саған,
Ұялсаң етті халықтан.

Алқынып сонша ұшпай-ақ,
Ауылда күтсең не етеді?
Белгілі сүйіп-құшпай-ақ
Баланың сенікі екені!..

Біледі бүкіл қауым да,
Ашуы жоқ -ты мұншалық.
Қарамай, тартты ол ауылға,
Қамшымен нарды бір салып.

Шықтым да апам қолынан,
Келмеді бір сәт бөгелгім.
Желпініп әжем соңынан
Жүгіріп ала жөнелдім!

II

Аңызак соғып жүдеткен
Ағаштар талай көктеді.
Арада талай жыл өткен
Аттанып әжем кеткелі...

Ақ қаздар ұшып барады
Аспанда шырқап өлеңін.
Аралап туған даланы,
Ауылға қайтып келемін.

Қызық қой менің ауылым,
Қонақсыз болмайды әр күні.
Алыстан келген бауырын
Алады күтіп барлығы.

Көңілі көлдей ағылған
Талай бір жайсаң бар мұнда...
Көре сап бізді адырдан,
Күтіп тұр үйдің алдында.

Албырап кетті от-денем,
Алдымда әпшак күн тұрды.
Аймалап жатқан көппенен
Апам да бірге ұмтылды.

Жасқанды бірақ өзі де,
Жадына біреу салғандай.
Көкейде жүрген сөзі де
Көмейде тұрып қалғандай.

Көзімен ғана өберлей,
Көңілі шалқып кірбіңсіз,
Осы да жетер дегендей,
Қолымнан сипап тұрды үнсіз...

Қасында тұрды ақ құсы,
Қалды ма соған байланып,

Келді ме бір сөз айтқысы,
Кетпеді мені айналып.

Қинады-ау сол шақ өзін де,
Құшаққа мені ала алмай,
Аймалап жатқан кезінде
Ақ әжем көріп қалардай!..

ЖЫЛ ЕРКЕСІ

Көктемнің ерке бұлбұлы
Күй төкті таудың баурында.
Қызарып шыққан күн нұры
Қанатын жайды бар қырға.

Ұйқыдан жаңа оянған
Үлбіреп тұрды тал-кұрақ,
Күрең бір түске боялған
Күннің де беті албырап.

Майда бір желге сүйгізіп,
Майысқан гүлдер далада.
Балапан бұлттар жүр жүзіп
Балбырап тұрған ауада.

Әлемді нұрға бөлеп күн,
Әлдилеп қана тұрғандай.
Бойлары балқып теректің,
Бұтағын ауырсынғандай.

Дүние түгел жасарған,
Бейне бір көк те, жер де гүл.
Тапжылмай жатқан қашаннан
Таулар да қазір жеп-жеңіл.

Көбелек біткен асыға,
Қонақтап жатыр гүлге ыршып.
Көгілдір талдың басынан
Көздерін ашты мың бүршік.

Көбейді бір күс көгімде,
Көгерді тағы бір шыбық.
Тынымсыз жарық өмірге
Талпынып жатқан тіршілік!

Көктемдей нәзік сезіммен
Кеудені күйлер тербейді.
Қара бір жердің өзін де
Қаттырақ басқың келмейді!

* * *

Ақпанның желін жел демей,
Ақ ұлпа қарға орандым.
Өтінде тұрдым желбегей
Ышқына соққан боранның.

Қайтпадым бірақ қарысып,
Көңбедім қиқар қылжаққа.
Жалына желдің жабысып,
Жөнеле бердім қыр жаққа.

ҚОҢЫРАУ

Ақанға

Мен бүгін таңнан оянам,
Жаңарып қайта жаным бір.
Жеті жыл күткен таңым бұл,
Жеті жыл айтқан әнім бұл!

Тозаңнан денем арылып,
Сәулесін күннің оранам.
Тұлпарым басын қайырып,
Жетіге қайта оралам.

Оралам балғын кезіме,
Жанарға молдір жас толып.
Дүние менің көзіме
Тұрады қайта жас болып.

Армансыз ойнап самалмен,
Шалғынды құшам,
Көл құшам.

Желбіреп,
сәби баламмен
Мектепке қарай мен де ұшам...

Жалт етіп кенет жалындай,
Балауса жүзі құбылып,
Әкенің
алақанынан
Саусағын алғаш суырып,

Жонелер құйттай арғымақ
Артына бір сәт қайрылмай.
Менің де көзім жаудырап,
Тұрар-ау содан айрылмай!

* * *

Әке

Күтіп жүрген қызығым бар алдымда...
Жалғыз ғана тілегім бір тағдырға, —
Не көрсем де өз бағымнан көрейін,
Жаныма дақ салдырма.

Маңдайымды күн жолына қарат та,
Қоя бер тек кең жазира алапқа.
Мен бір құйттай торғайыңмын, дүние,
Құзғындарға талатпа.

Қисаң болды бәйкүнә бір жыр үшін
Аспаныңның алақандай қуысын.
Мен соған да ризамын мәңгілік,
Тілемеймін ұлы шың.

Тілемеймін теңізді де тулаған,
Жалғыз өзі жер үстіне сыймаған.
Көктемдегі бүршік атқан жас талдың
Бір бұтағын қи маған...

Тілемеймін нәсерлеген жауын да,
Жүрегімде көктемім мен айым да.
Күтіп жүрген қызығым бар өзімнің,
Сол қызықтан айырма.

* * *

Жасыл өлкем —
 жанарымды үйіріп,
Тұрдым соның құшағына тығылып...
Көк шалғынның үстіменен бір кезде
Көктем ұшып келе жатты жүгіріп.

Сол бетімен
 құлады кеп кеудеме,
Содан кейін қалмады ерік менде де,
Мен де бір сәт жасыл көктемге айналып,
Көктем болып қол ұсындым оңгеге.

Жас гүлдердің үлбіреген лебіндей,
Бірте-бірте қанға сіңіп көрінбей,
Әшпак сәуле тұрды мені көтеріп
Әнші құстың деміндей.

Көкте қалқып,
 кетті балқып тау құзы,
Ақ таңменен аймаласып ақ жүзі.
Қасымдағы қарияның да
 молдіреп,
Жанарында жас көктемнің қалды ізі.

Тұрды қария
 Көк мұнарды жамылып,
Коңілі кенет күңгірт ойдан арылып—
Қайта оралған бір көктемге қызығып,
Қайта оралмас бір көктемін сағынып.

ЦЫГАН ҚЫЗЫ

Сәні жоқ қазір талдың да,
Сылбырап тұрған тұман күз.
Қоңырқай бақтың алдында
Қол жайып жүрсің, цыган қыз.

Ойладың ба екен арды да,
Өзгеріп кетті кілт өңің.
Қолыңды жайып алдыма,
Бетінді неге бүркедің!

Мүсіркеп сені қай кісі,
Жақсы де, мейлің жаман де.
Баласың өзің, байғұсым,
Баурыңа қысқан балаң не?!

Басқаға бәрің төгетін
Өкпелімісің өмірге?
Қызығым болса көретін,
Ертерек көрсем дедің бе?!

Жүзіңнен ерте кеткен нұр,
Жүгірдің мұнша кім үшін?
Тышпан бұрын, мөп-молдір
Тамшыға толды уысың.

Қалдың ба жалғыз баламен
Қатігез өмір жолында?
Маңдайға біткен қара мең
Мәңгілік кетпес сорың ба?!

Осы ғой нағыз нұрлы шак,
Лапылдап оттай жайнар кез...
Қара бұлт басқан күн құсап,
Қор болып тұрған қайран көз.

Қазір-ақ түр ғой солғалы,
Түскендей тағдыр торына.

Тиынмен қоса, ол да әні
Домалап түсті қолыңа.

Жаңбырдың мұздай суы үңгіп,
Аймалап жатыр ай-төсің...
Қүдірет деген сұлулық
Қадірсіз болса, қайтесің!

ЖАПЫРАҚ

Туған жерге бір қарап,
Өтіп жатыр жыл құсы.
Жапырақты жинап ап,
Өртеп жатыр бір кісі.

Бұлттар жиі көшеді
Будақ-будақ тер төгіп.
Жапырақтар кешегі
Жатыр бүгін өртеніп.

Жас бұтақта ырғалып,
Жап-жасыл бөп тұрғанда,
Қараушы еді нұрланып
Кәрі кеуде шыңдар да.

Бір жасарып дүние,
Бұлбұл билеп, ән салып,
Сенің сырлы күйіңе
Тұрушы еді тамсанып.

Саған қарап үзіле
Күн де жайнап күлетін.
Жаңбыр сенің жүзіңе
Шаң түсірмей жүретін.

От салушы ең көңілге
Ойнап ерке шуақпен.
Жалын атқан о күнде
Жас махаббат сияқты ең.

Қабағында қалың мұң,
Түнжырайды жүдеп бау...
Сені көріп, жанымның
Жапырағы дір етті-ау!

ҚЫРАН

Бір кезде айбатынан дала бұққан —
Қыран жүр әрі аса алмай ала бұлттан.
Күннен де қаймықпайтын қарсы қарап,
Қайран көз тұманданып қарауытқан.

Жүретін анда-санда бір үн қатып,
Аспанды жалғыз өзі дуылдатып.
Дауысы шаңқылдаған жарып бұлтты,
Тұратын шын денесін шымырлатып.

Қайтпайды-ау қажыса да сорлы көңіл,
Кездер де күйылатын келді не бір.
Амал не, сал сүйіктің дәрмені жоқ,
Өте ме тек осылай ендігі өмір?

Жүргенде не қызық бар текке малтып,
Дегендей бұл дүниеден кеткен артық,
Соңғы рет асқар тауға қарады да,
Суырылып шықты қыран көкке қалқып.

Соңғы рет бойда қалған жиып күшті,
Өзі де бара алмаған биікке ұшты.
Кенеттен қап-қара бір найзағай боп,
Кеудесін көк аспанның тіліп түсті.

Шыдамай, қайратына кекті жанып,
Осылай өмірді де өтті жарып,
Соғылған қара тасқа қайран дене
От болып бір-ақ сәтте кетті жанып.

Барды-ау ол қауіпке де жайраң қағып,
Алды екен мұнша күшті қайдан барып...
Аңыз ғып қыран құстың өлімін де
Айтады кейінгілер қайран қалып.

БҰЗБА, ЖАНЫМ

Ар жағынан таулардың
Ақша бұлттар келеді.
Көгергені талдардың—
Көктем шықты дегені.

Кетті шауып барлық жас,
Қырға шығып гүл үзбек.
Топ-тобымен қарлығаш
Туған үйін жүр іздеп.

Оралды ғой сағынып,
Тез табыла қалсаңшы...
Біздің үйге ағылып
Келді міне қаншасы!

Бірі салып әніне,
Бірі басын түр шұлғып.
Шығып жатыр бәрі де
Ұясына бір сүңгіп.

Корген алғаш күн нұрын
Мекені ғой ұлы бұл,
Қызық көріп бір күні
Бұзып қойма, құлыным.

Аспан шарлап ұшқанда,
Алаңдамай көлбесін.
Сол бір құйттай құстар да
Сенен зәбір көрмесін.

Күнде кезіп тау ішін,
Жем тасып жүр қиядан.
Балапанның дауысын
Естимісің ұядан?..

Ұшқанын да көрерсің,
Қанат бекіп, өссін бой.
Олар да енді көбейсін,
Сен де көп емессің ғой!..

* * *

Көңілімнің күні болып жүр Анам,
Көз алдымда сол жүргесін жұбанам.
Әйтпесе, мен ес білгелі жоқ әлі
Біздің үйде бір адам.

Ел де көрді,
 Мен де көрдім соққыны,
Бала кездің отті алаңдап көп күні.
Біздің үйде тұрады ылғи білініп
Бір адамның жоқтығы.

Жүргендей ол осы маңда – жақында,
Кейде маған беретіндей ақыл да...
Біздің үйде шауып жүрген бобектің
Бәрі соның атында.

Есімде жоқ –
 Қандай еді түрі оның,
Бірақ бәрін сезетіндей жүрегім.
Соны күтіп біздің үйдің төрінде
Бос тұр әлі бір орын.

Бір үміт бар ұялаған кеудеме,
Айтам оны жұлдызға да, желге де.
Әлі күнге өзі келіп қалардай,
Отырмаймын төрге де.

Өтті-ау жылдар...
 Неге мұнша кешікті!
Кеткенін де...
 балаң сенен есітті.
Келгенін де
 Білмей қалып жүрмейік,
Бекітпе, апа, есікті...

МЕН ІЗДЕГЕН БАҚ ҚҰСЫ

Мен іздеген бақ құсы
Жүрегімде өзімнің.
Келмейді оның жатқысы
Тірісінде көзімнің.

Жүреді ол көгімде,
Мен ұйықтаған кезімде.
Ол даланың желінде,
Күннің нұрлы көзінде.

Әуел баста-ақ оны мен
Іздепін ғой бекерге.
Жүр екен ғой менімен
Туып-өскен мекенде...

Ұясынан шығып ап,
Ұшады бір құс күнде.
Жүреді ылғи зымырап
Туған жердің үстінде.

Жанымның жас бүлбұлын
Қарауылға ілмеңдер.
Құс екен деп, бір күні
Атып қойып жүрмеңдер.

СЫРДАРИЯ

...Мен ол кезде ашылмаған гүл едім,
Саған тартып шалқу еді тілегім.
Тұңғыш рет дірілдеп ем жағанда,
Толқыныңмен бірге тулап жүрегім.

Естідің бе менің балғын үнімді,
Сездің бе сен кеудемдегі дірілді?
Аяулым деп, ардағым деп өзімнің,
Алғаш рет саған айттым жырымды.

Тыңдадың ба менің салған әнімді,
Әнімді емес, аласұрған жанымды?
Сырласым деп, қимасым деп, ең алғаш
Саған әкеп таныстырдым жарымды.

Жаным менің жадырады коктемдей,
Жұпар желді алғаш рет өпкендей...
Содан бері жағаңдағы әр тал мен
Әр жапырақ туыс болып кеткендей.

Содан бері таусылмайтын жырым ең,
Саған келсем, ұйқы да жоқ түнімен.
Достарымның құшағынан сытылып,
Келе сала саған қарай жүгірем.

Көтересің көңілімді көкке сен,
Сенің арқаң мен осылай көктесем.
Көкірегім қалатындай құлазып,
Жылда саған бір сүйгізіп кетпесем.

Сырдариям, мені өзіңмен егіз де,
Мен де сендей түскенім жоқ көп ізге.
Сенің мөлдір толқыныңның бірі боп,
Өз жолыммен қойып кеттім теңізге.

Жібердің ғой мені өзіңе көз ғылып,
Мен жайында естімессің ез қылық...
Бір ақ толқын келе жатса, танырсың,
Көк теңіздің делебесін қоздырып!

ҚҰС ӘНІ

Қараша үй. Балғын жаз айы.
Қалғиды шөптер ұлпілдеп.
Жұлдыздар жиі азайып,
Жылыстап жатыр біртіндеп.

Көз алмай аспан көгінен,
Ұйықтамай жатқан біз ғана —
Сырттағы жатқан мені мен
Іштегі жатқан қыз бала.

Білмеймін — нені іздеймін,
Созамын аппақ күнге қол.

Мен оны қалай қыз деймін,
Қыз емес әлі, гүл ғой ол.

Жақын бір жанға балайды,
Жоқ еді мұндай бізде алаң.
Ол маған үнсіз қарайды,
Мен оны жұрттан қызғанам.

Бір нәзік жұлдыз тұрды алыс,
Ойым жоқ одап өзгемен...
Арамыз қазір бір қарыс,
Бір қарыс қандай көп жер ең?!

Сипалап өткен бетімді
Сол қыздың ыстық демі ме?
Дірілдеп тұрған секілді
Даланың ерке желі де.

Баурына басып гүлдерді,
Балбырап жатыр мекенім.
Кім білген қоңыр түннің де
Осындай сұлу екенін.

Жап-жарық менің айналам,
Секілді мынау түн күндіз.
«Қалғыма!» – дейді ай маған,
«Ұйықтама!» – дейді мың жұлдыз.

Көз алмай әппақ арайдан,
Көңілім көкті құшады...
Осы бір жақын маңайдан
Естілді кенет күс әні.

Жоқ еді бұрын мұндай күс,
Жақын ғой даусы жаныма.
Шарқ ұрып,
Мені бұл байғұс
Шақырды ма екен бағына?

Оятқан мені ән бе бұл,
 Ән болса, қайдан ұшты екен?!
 Сездірмей маған әлде бір
 Кеудемнен ұшқан күс па екен?!

Тартады мені үнімен,
 Корінбейді өзі көзіме.
 Сарыла күткен түнімен
 Сәулемнің жалғыз өзі ме?

Әйтеуір бір тіл қатты да,
 Әнімен ұзақ тербетті.
 Ағарып боз таң атты да,
 Ақ сәулес жапты төңіректі.

Көз ілмей шықтым ең алғаш,
 Кездестім алғаш таңменен.
 Армамым болып оралмас
 Алыстай берді ән менен...

Жүретің маған жел беріп,
 Көпсің ғой, күстар,
 бүгінде
 Сондағы күстай тебіреніп,
 Оятқан жоқсың бірің де.

КҮТЕДІ МЕНІ...

Теңізде келем,
 Толқынмен бірге тербелем,
 Жеп-жеңіл денем,
 Ойнаймын ерке желменен...
 Сонау бір жаға
 Күтіп тұр бүгін алдымнан,
 Сонда бір бала
 Күтіп жүр бұрын көрмеген.
 Теңізде қалды
 Жаңағы салған асқақ ән,

МАХАМБЕТ ЖҮРГЕН ЖЕРЛЕРДЕ

Ұшатын күстай қомданып,
Зымырадық талай белдерден...
Келеміз қазір толғанып
Махамбет жүрген жерлермен.

Қанаңғы ғазиз даламдай
Құлазып тұрған жаңбырсыз, —
Аңқылдап сөйлер ағам да
Ақ шапшын сипап қалды үнсіз.

Айтпайды ешкім сөз нендей,
Айтатын жалғыз көз ғана-ау.
Барлығын мұның сезгендей
Бозкөде байғұс боздады-ау.

Көрінбей кетті күн көзге,
Күңгірттеу тартты төңірек.
Сөйледі бұлттар бір кезде
Ол былай жырлап еді деп.

Жаңғыртып даусы даланы,
Жүйткітіп жүрген атын да, —
Аспанда тұрған жаңағы
Айналды бұлттар ақынға,

Ақынның шықты үні де,
Аспанда жүріп жатты ұрыс.
Астан да кестен дүние,
Жаркылдап жатқан ақ қылыш.

Бітпеді шайқас үнімен,
Батырдың өзі шықты алға...
Ақынның жалын жырымен
Өргеніп жатты бұлттар да.

Сатырлап тиген от-қамшы
Аспанды да айырып кеткендей,
Сорғалап құйған ақ тамшы
Жерді де тесіп өткендей...

Дірілдеп дала тосі де,
Дүние тұрды жаңарып...
Көргенім менің осы деп,
Күркіреп өтті қара бұлт.

ҚОЛБАСШЫ

Қолға алып қағаз-қаламын,
Толғанып отыр «қолбасшы».
Түксиіп кетті қабағы,
Үлкен бір айқас болмақшы...

Сасатын емес батырың,
Сойқаны —
 көрген бұл талай.
Қаламның ұшын батырып,
Солақай қолмен сүйкеді-ай.

Алапат тозаң ұйтқиды,
Адамның есін жидырмас,
Қаламның ұшы жүйткіді,
Қағаздың үсті қым-қиғаш.

Бәрі де кілең керемет,
Сайланып шыққан батыр-ау...
Әттең-ай, әттең!
 Не керек,
Қағазға түспей жатыр-ау.

Бере алмай қимыл,
 у-шуын,
Отыр-ау өзі бүлкілдеп,
Зеңбіректердің гүрсілін
Аузымен айтып
 Гүмпілдеп.

Қайтсін-ай,
 жаудың қарасын
Құртқысы келіп отыр-ақ...
Маңдайын сүртті,
 Шамасы,
Берілмей жүр-ау екі жақ.

Бітетін емес «ұрыс та»
Төсектен тұра басталған.

Ал, енді міне...

Дұрыстап

Атуға шықты аспаннан.

Төбеден соққан түксиіп,
Қорықты-ау сұңқар сабаздан,
Біздікі —

жауды тықсырып,
Қуалап шықты қағаздан.

Қарамай артқа қашқандар,
Жеңгендер жерде дуылдап,
Көгілдір тұнық аспаннан
Жұлдыздар шықты жымындап.

Мәз болып,
көзі ойнақшып,
Бір өзі қуып-тыққандай.
Көтерді басын «қолбасшы»
Ұрыстан жаңа шыққандай...

ҰНАТАМ

Мен бәрімен бауырмын —
Көктем, гүліңді ұнатам.
Ал, ашулы дауылым,
Өктемдігіңді ұнатам.

Қозғалмайсың, шынарым,
Байсалдығыңды ұнатам.
Қия кезген қыраным,
Қайсарлығыңды ұнатам.

Асу бермес тауларым,
Биіктігіңді ұнатам.
Қиялым мен арманым,
Жүйріктігіңді ұнатам.

Теңіз, буырқанасың,
Өрлігіңді ұнатам.
Дала, дала, даласың,
Кендігіңді ұнатам!

* * *

Ата-анам атап атымды,
Ұсынды маған бақ-көрік.
Ұсындым махаббатымды
Оларға мен де қақ бөліп.

Жас жарым атап атымды,
Ұсынды маған гүл шоғын.
Өзгеше махаббатымды
Өзіне бердім бір соның.

Бөбегім айтпай атымды,
Отына жанның оранды.
Басқа бір махаббатымды
Еріксіз тартып ол алды...

АНА

Есінде...

 Ұлын бесіктен
Шығарған күні есінде,
Ұлының
 аттап есіктен...
Қуанған күні есінде.

Ұлының асау тай мініп,
Құлаған күні есінде,
Зоресі қалмай
 қайғырып
Жылаған күні есінде.

Қызық та қызық түс көріп...
Қыдырған күні есінде,
Ұлының кетік тістерін
Суырған күні де есінде.

Тауысып нұрын көзіңіз,
Сол үшін талай кешкен от.
Сол үшін бәрі...
 өзінің
Қиналған кезі есте жоқ...

КЕРУЕН

Шұбалып сонау қиырдан,
Өздері салған сүрлеумен,
Олжасын алып бұйырған,
Келеді қайтып бір «керуен».

Қаптамай қайтсін,
қырларға
Ертең-ақ түсер мұз-қырау,
Жайланып жатар күн қайда,
Жақындап қалған күз мынау.

Бір түйір дәннен көтеріп,
Келеді шұбар илеуге,
Біреудің өзі жетеді
Шаршаған кезде сүйреуге.

Қиялау жерге тіреліп,
Шыға алмай жатсын өрге де,
Тастайтын емес біреуі
Тұрғанда жаны кеудеде.

Ісі жоқ қазір бұлардың
Не болып жатыр жан-жақта,
Естімейді үшін қыранның
Шаңқылдап жүрген тау жақта.

Бұталар кешті бүркеніп,
Біріне-бірі елеңдеп,
Біріне-бірі сүйкеніп,
Келеді бұлттар төмендеп.

Көрдін ғой тоңып келгенін,
Кім біледі оның төкпесін,
Тезірек жетші, керуенім,
Еңбегің зая кетпесін.

Кетпесін шайып барлығын,
Жүргенде солай жанды сап...
Қашанда мына тағдырдың
Сондайды көзі шалғыш-ақ.

* * *

Аспанның кіріп ажары,
Ақша бұлттардан аршылып,
Шілденің күні
 сазарып,
Тас төбеде түр шаншылып.

Сағымдар белден әрі асып,
Белгісіз жаққа тартқандай.
Аспан мен жердің арасы -
Ақ өзен ағып жатқандай.

Тастар да кетті түтігіп,
Салмағы жаншып басты ма,
Көлеңке біткен сытылып,
Тығылды шидің астына.

Қыбырсыз жатыр жәндік те
Көтермей басын інінен,
Байғұсым —
 жалғыз жан күткен
Шошыды-ау күннің түрінен.

Еңсесі түсіп жал-күмның,
Жабысып жерге бұққандай...
Аспанда тұрған жалғыз күн
Бөрінің мысын құртқандай...

АТЖАРЫС АЛАҢЫНДА

БІРІНШІ АЙНАЛЫС

Көкжиек көрмей,
 іштері пысқан қалада —
Қайран бір қарттар
 Ат жарыс десе, қала ма!
Қашаннан қалған
 Қанда бір желік дүбірлеп,
Сыйғызбай үйге,
 Көтеріп шықты-ау далаға.

Таласа кіріп,
 балаша жүгіріп, желпініп,
Аттарға қарап,
 омырауын ашып, жең түріп,
Ат емес, қазір өзі шығардай бәйгіге,
Қасымда бір қарт
 қомпаңдап отыр еңтігіп.

Айнала гу-гу...
 Дуылдап, қызып жатыр үн,
Қараймын қартқа
 Астымен көздің ақырын.
Қанатын жиып,
 үшқалы тұрған қырандай
Қояды қысып,
 қалтырап отқан тақымыш.

Бүрк етті бір шаң,
 Басталып кетті жарыс та,
Айналды дала
 Жоңкіліп жатқан ағысқа.
Ауаны жарып,
 Ағып баратқан аттармен
Қарттың да көзі
 Сүңгіді сонау алысқа...

ЕКІНШІ АЙНАЛЫС

Жүруші ем ылғи алаңдап,
Қалды деп қайда сыңарым...
Бар екенсің ғой даламда,
Жүр екенсің ғой, пырағым.

Пірі едің жастық кезімнің,
Сен менің барлық көркім ең,
Мен енді
 сенің өзінді
Көрмейім бе деп қорқып ем.

Қане бір еркін көсілші,
Корейін пірім қандайын,

Көңілімді менің өсірші,
Көзімді сенен алмайын.

Зулашы сонау кезіңдей
Құйрығың желге суылдап,
Ұйқыға кеткен сезімдер
Оянар ма екен дуылдап...

Келерсің озып біреуің,
Екеуің келсең — кел, қане.
Бәрің кел тіпті!

Тілегім —
Сүрінбей келсең — болғаны.

Қызық қой соның бәрі де,
Дуылдап, мактап, қарасып,
Өзіңе тиер бәйгіге
Өзгелер жатса таласып...

ҮШІНШІ АЙНАЛЫС

Шу ете түсті төменде,
Ду ете түсті үстіміз...
Садақтан ұшқан жебедей
Сәйгүлікпенен ұшты қыз.

Үзбейді жігіт үмітін,
Секілді бұл да құс-қанат,
Орайы келсе, жігітің
Оғыңның өзін ұстамақ.

Қалың ел —
қайрай түсті ме,
Қамшысын үйіріп, тебініп,
Шүйліге төніп үстіне
Келіп-ақ қалды емініп.

Ынтығып іңкәр сұлуға,
Ұмтыла берді оқталып.

Әттең-ай, әттең,
 бұйырмай...
Сорғалап сайтан өтті ағып.

Тілеп-ақ елі дүйім жұрт,
Түспеді қолға алайда.
Ұстатпай кетті сұлулық
Жеткізбей жүрген талайға.

Осы ғой бәрі тірлікте,
Таусыла ма адам «әттеңі...»
Көйлектің жеңін бір бүктеп,
Қартымның өзі «қап!»— деді.

ТӨРТІНШІ АЙНАЛЫС

Көрген қарт талайды
Осынау шақтарда.
Таңырқап қарайды
Билеген аттарға.

Билейді бүгіліп,
Бірінен бірі асып:
Біресе жұлынып,
Біресе жуасып.

Ойнатып жанарын,
Кекілін түсіріп,
Қаршадай баланың
Ымына түсініп;

Қосылып әуенге,
Тас-күмды үгітіп,
Өзінің

 әуелде

Не екенін ұмытып;

Біресе қалықтап,
Біресе жата қап,
Жануар

 халықтан

Күтеді шапалақ...

БЕСІНШІ АЙНАЛЫС

Көкпар кетті, енгелеп
Шықты небір нарқасқа.
Солқылдаған серкені
Салды бірі жамбасқа.

Сол-ақ екен, алаңды
Көкала бір шаң басты.
Қаптай шауып, бәрі әлгі
Бір жамбасқа жармасты.

Бір жамбасқа шүйіліп,
Сыналасып, сіңісіп,
Жұдырықтай түйіліп,
Жұмарланып, жұлысып;

Құмар-желік басылмай,
Түсті серке додаға.
Ойын еді басында,
Ойын қалды далада.

Қыза-қыза алысып,
Бірін бірі ала алмай,
Қасарысып, қарысып,
Қара тас боп қалардай.

Иә, құлатпай, құламай,
Тірессумен өгердей,
Қара жер де шыдамай,
Қақ айрылып кетердей.

Бұлты қалың таудағы
Найзағайдай шарпысып,
Жеңісе алмай, шаң қауып,
Жатты екі жақ тартысып...

АЛТЫНШЫ АЙНАЛЫС

Хабарлап жатыр дауыстап,
«Ал енді – соңғы айналыс!»
Арасы топтың алыстап,
Бірінен бірі қалды алыс.

Қарагер!..

 жалғыз шықты өзі,
Жалғызын өзі білер ме?!
Қаумалап тұрған жұрт көзі
Қадалып қалған біреуге...

Жұлдызы туып оңынан,
Орайы келген шак шығар,
Котеріп келген оны да
Қонайын деген бақ шығар.

Біреуі келмек қалайда,
Несі бар –
 бүгін ол келді...

Келіп-ақ еді талайдың
Қызатын шағы енді-енді.

Бар еді –
 тартқан тегіне
Ұзаққа сілтер арыны..
Шықпады-ау,
 шіркін,
 тері де,
Жазылмай қалды-ау бауыры.

Жіберіп еркін барлығын,
Сонда озып кетсе, – бар ма дау?!
Бүгінгі...

 жердің тарлығы
Талайдың бағын байлады-ау!..

Қартымның ойлы көзінен
Түсіндім бәрін айтпай-ақ.
Толқыдым інтей өзім де,
Атты емес,
 Мынау қартты аяп...

* * *

Сен үшін, балам,
 дүние-жиһаз жинаман,
Жинарсың өзін,
 несіне қазір киналам.

Жараспас саған
 бәрібір менің дүнием,
Ұнамас саған
 әшекей бұйым сырлаған.

Сен үшін, жаным,
 дос-жаранды да жинаман,
Жинарсың өзің,
 оған да несін қиналам.
Сенің достарың
 адалдау болар өзіңе,
Ұнамас саған
 менің достарым шулаған.

Сен үшін, жаным,
 жинаман небір асыл да,
Қолға түспейтін
 теңіздің лағыл тасын да.
Жетеді маған –
 өзіңді ғана күзетіп,
Өзіңнің ғана
 қарайып жүрсем қасыңда...

ЕЛІКТИҢ ЛАҒЫ

Орманшының әңгімесі

Өзім де ерте оянғам,
Торғайлар таңнан шырқырап.
Маужырап тұрған көк орман,
Көктемнің иісі бүркырап.

Аралап келем шу үшін
Қаулаған жасыл құрағы...
Алдымда жатыр бүрісіп,
Еліктің құйттай лағы.

Қаншалық оның әлі бар,
Жалт беріп,
 тұра қашардай,

Қалтырап тұрды жануар
Аяғын тіктеп баса алмай.

Жасаурап кетті көзі де,
Жайы ғой оның күтпеген.
...Бөлек «үй» жасап өзіне,
Асырап жүрдім сүтпенен.

Буыны бекіп,
Жер тіреп,
Өзіне өзі келгенде,
Жүрсін деп енді еркімен,
Жібердім әкеп сол жерге.

Тау жақтан самал еседі,
Сәулесін көктем сеуіп тұр...
Елігім менің кешегі
Енесін ертіп келіп тұр.

Үнінен шошып өзгенің,
Жүрмейтін қауіп-қатерсіз —
Бәйкүнә жаудыр көздерім
Келіп тұр қаннен-қаперсіз.

Қауіпке байлап өмірін,
Тұр екен қалай үйге кеп,
Адамнан көрген мейірім
Әкелді ме әлде сүйрелеп?!

ТАУ

Тау еді —
тастан қашалған
Құлама жартас,
қия шың.
Қияға құмар қашаннан
Қырандар салған ұясын.

Жақпардың бетін жуатын
Жел менен жаңбыр ауысып,

Өрмелеп бұлттар шығатын
Көгілдір тасқа жабысып.

Келмейтін жүргін жерде өзін,
Жеткенше соған құмартып.

Көрінер еді —

кербезін

Күншілік жерден мұнартып.

Осынау сымбат мүсінмен

Қанша жыл тұрды —

кім білсін...

Не керек,

таудың ішінде

Басталды кенет бір дүрсіл.

Қия алмай құзар қияны,

Айналып жүрді қырандар, —

Қырандар жатқан ұяның

Үстінен қарап қрандар.

Белгілі мынау аймаққа

Тау емес,

енді басқа атпен,

Көгілдір шыңдар

жан-жаққа

Жоңкіліп жатты составпен.

Қайтеді барын жасырып,

Мейлі оны жазғыр,

Жазғырма,

Қимасын беріп,

асылым,

Қартайып кетті аз жылда.

Қартайсын,

от боп балқысын,

Қүдірет сынды ол маған.

Тау екеш,

Таудың халқы үшін
Тозғанын көріп...
Толғанам.

БӨРІК

...Күрсінді жұрт көздеріне жас тұнып,
Көк аспанның көкірегін басты бұлт...
Көппен бірге кете барды майданға
Он сегізге жаңа толған жас жігіт.

Кейбіреудің қалды артында бөбегі,
Кейбіреулер жарын медеу көреді.
«Күт мені!..» деп айта алмады ол ешкімге,
«Күтем сені!..» дейтін де ешкім жоқ еді.

Жүріп кетті қарғып мініп арбаға,
Сағымға орап әкетті оны сар дала.
Жаулығының ұшын үнсіз тістелеп,
Көкжиекке көзін сүзіп қалды ана...

Сол кеткеннен кетті бала хабарсыз,
Бармай жатып, жалмады ма жау арсыз.
Көкірегі қарс айрылып жүр ана,
Қайғысының орнын немен жабарсыз.

Көп еді оның аялаған арманы,
Сол арманның бірін де ұстай алмады.
Жан дегенде жалғызынан белгі боп,
Жалғыз бөрік көз алдында қалғаны.

Соны көрсе, елжірейді жүрегі,
Бір иіскеп, мауқын басып жүреді.
Жатса-тұрса жалбарынып тағдырға,
Жалғызының амандығын тіледі.

Алдандырып кейде коңілі жетімді,
Алдамын ой келеді ғой не түрлі:
Бөрігі оның көз алдында тұрса егер,
Баласы да аман келер секілді.

Содан басқа бір жұбанып таба алмай,
 Отырады көзін содан ала алмай.
 Сол бөріктен айрылса егер, шыпымен
 Жалғзынан мәңгі айрылып қалардай.

КҮТКЕН КҮН

Есіңде бар ма, бауырым,
 Сол күнгі таңның атқаны,
 Ауылдың бәрі ағылып,
 Төбеге шұбап жатқаны.

Ұштық-ау сонда ақ таңның
 Сәулесіменен жуышып,
 Абдырап жүрген қарттардың
 Алдына түсіп жүгіріп.

Тұрдық қой белде алқышып,
 Айналып бір-бір мүсіңге,
 Қара жол ғана тартылып
 Қара көздердің ішінде.

Болды да бәрі тез ұмыт,
 Толды да қайта қыр гүлге,
 Қарай да қарай созылып,
 Бойымыз ості-ау бір күнде.

Көздегі жас па,
 сағым ба,
 Әйтеуір біреу мұнартты...
 Менің де көкем сияқты,
 Сенің де көкең сияқты.

Ауылға біздің күн болып,
 Жақындап қалған кім мынау?!
 Көздегі жаспен бірге еріп,
 Төгіле жаздап тұрдық-ау...

Айрылып халық есінен,
 Анырып қалған бұ шақта,

Сағынып көрген есіл ер
Сүңгіді-ау қалың күшакқа.

Бала да,
қарт та,
шеше де
Құмардан шығып сүйіспек, —
Оқ-дәрі сінген неше жыл
Солдаттың төсін иіскеп.

Әлі де көзім алдында
Сұрапыл өрттен қайтқан ер,
Жалғызын қоршап адырда
Жамырай сүйіп жатқан ел!..

МЕДАЛЬ

Қайысып кетті жер үсті
Қалың ел толқып, тасқанда...
Қарсы алып жаттық Жеңісті,
Боркімізді атып аспанға.

Қан ойнап елдің бетінде,
Бастады қайта сауықты...
Жоғарғы жақтан өкіл кеп,
Жиһады бір күн халықты.

Бар ауыл қырға беттеді,
Толтырып жасыл даланы.
Малдағы,
қырман,
шөптесі
Шақырды барлық баланы.

Болмайтын әсте бұ жақта —
Жиһынға мынау қызығып,
Кілең бір шынжау шырақтар
Отырды қаздай тізіліп.

Сөйледі өкіл ағылып
Сұрапыл кездің өткенін,

Ақ түйе қарны жарылып,
Төбеміз көкке жеткенін...

Көтеріп қолын жоғары,
Көрсетіп жұртқа,
 күлімдеп,
Жеңістің үлкен медалін
Тапсырып жатты біріндеп.

Тақты кеп оны бірді-екі
Ұрыстан аман қайтқанға,
Жеңіске жұмсап күдіретін,
Қайыспай шыққан қарттарға.

Ақырын көзбен аралап,
Түгендеп болып оларды,
Балалар жақты жағалап,
Тақты кеп бір-бір медальді.

– Осылар –
 елде «шайқасып»,
Талай жыл шөпті шапқандар,
Өгіз арбамен май тасып,
Қозы-лактарды баққандар.

Қамкөңіл елдің хал-жайын
Есейіп ерте ұққандар,
Көтеріп соғыс салмағын,
Жоқтықты жеңіп шыққандар...

Дуылдап шулап барады ел,
Жанары жастан арылып,
Көктемгі жұпар даламен
Ауылға қарай ағылып.

Балалар қалды кейінге,
Шұркырап желдей гүлеген,
Осынау кезге дейін бір
Ойынға қолы тимеген.

Ұйқысыз талай түн қатқан...
Босады-ау енді... олар да,
Медальді қара сирақтар
Алысып жатты көгалда...

ӘЙЕЛДЕР

Ырзамыз барлық ісіңе,
Қазақтың қара көздері.
От пенен судың ішінен
Бізді алып шыққан өздерің.

Қызықтың бәрін құрбан ғып,
Біз үшін күйіп-жандыңдар.
Бізді ойлап жүріп,
жылдардың
Өткенін білмей қалдыңдар.

Түншығып іште жалыны,
Жаңа алмай қалған отсыңдар...
Таранып,
Моншақ тағынып,
Бойды да күткен жоқсыңдар.

Қырманда жүріп бойжеттін,
Қырларда кетті көп күндер...
Түрлерін іздеп көйлектің,
Таңдап та кимей кеттіндер.

Аралап дала өңірін,
Термедің гүлді сызылып.
Өзге әйелдердің өмірін
Кинодан көріп...

ҚЫЗЫҒЫП.

Сонда да бір дақ шалдырмай,
Бейкүнә күйде келдіңдер.
Ашылған гүлдей жаңбырдан
Аспанды жаңа көрдіңдер...

Жайнайтын кезің келді енді,
Жетеді маржан, лағылдар,
Жазғырмайды ешкім сендерді,
Асылдың бәрін тағындар.

Оралсын балғын кездерің,
Қалмасын кірбің кеудеңде.
Періште... кара көздерім,
Жасаймыз жұмақ сендерге!

* * *

Дүние —
 мамыр елі маужыраған,
Қырларда қызғалдақтар жаудыраған,
Шығатын шалғын иісі,
 балғын иісі
Әр белден,
 әр шағылдан,
 әр жырадан.

Талдардың бір-ақ күнде бұтағы өсіп,
Шилердің балағынан жұпар есіп,
Шуылдап қырға қарай құлдырап ек
Гүл кешіп,
 жусан кешіп,
 бұта кешіп.

Ұшып ек
 омыраудан жел гулетіп,
Көктемнің қарсы соққан лебіне елтіп,
Оралып етегіне ақ әжелер,
Жас қыздар бұрымдарын желбіретіп.

Кетпейді көз алдымнан сондағы алап,
Шаттықтан жүгіргендей жер домалап...
Тұрып ек бүкіл ауыл —
 қоңыр белден
Құлайтын жалғыз ғана жолға қарап.

Бар кайғы бір-ақ күнде ұмытылып,
Өркімнің кеудесінде күні туып,
Қалт етпей тұрып еді дөң басында
Құстың да,
 курайдың да үні тынып.

Тұрғандай болып еді діріл қағып,
Ішінде көк сағымның гүл ырғалып...
Кормеген бұрын-соңды —
 ертегідей
Аспан, жер бара жатқан сұлуланып.

Жеңістің алып ұшып жетегінде,
Сездім мен қуаныштың не екенін де...
Әлі де сол күйінде тұрғандайсың,
Дүние,
 Менің туған мекенімде!

* * *

Біреудің ерсі қылығын
Бетіне басып айта алмай,
Жығатын жерде
 жығылып,
Көңілін жұрттың қайтармай;

Ретін білмей мақтаудың,
Қалтырап, сөзді сан талғап,
Қабағын бағып қарттардың,
Жанарын аңдып, жаутаңдап;

Біреулер асып-тасқанда,
Айта алмай «оның бекер» деп,
Қаймығып кейде жастардан,
Қайтарып тастар ма екен деп;

Жүреді менің көп құрбым —
Жігіттер кілең ел мақтар,
Жалыны шарпып от-күннің,
Жасқанып өскен бейбақтар...

* * *

Жан-жағым қалың шабындық...
Қалжырап жаттым кешкүрым.
Шымырлап шыққан
 кәдімгі
Шалғынның даусын естідім.

Шыққандай
 менің кеудемнен,
Тыңдадым жатып осы үнді...
Қалыпшың қатып сол жерде,
Шалғынға басып төсімді.

Биіктеп белес-белеңдер,
Баурайын нұрға боятып,
Бозторғай шырқап төбемде
Тұр екен мені оятып.

Жүгірдім көлді жағалап,
Тарамай ұйқым әлі де.
Қанатын жиі сабалап,
Қызғыштар басты әніне.

Саршұнақ шықты інінен
Мойынын созып аспанға.
Өзінің күйттай үнімен
Әзір тұр ол да бастауға.

Оянды бәрі біріндеп,
Біледі шырқар мезгілін,
Қанаты желге дірілдеп,
Аққулар айтты өз жырын.

Кірісті дереу бәрі іске,
Мәз болып,
 таңға желпініп,
Қосылып, алуан дауыспен
Даланың сәнін келтіріп.

Шалғының,
 көлің,
 күсың кеп,
Саз қосып жатыр,
 дамыл жоқ.
Жалғыз-ақ —
 соның ішінде
Тек менің ғана сазым жоқ.

Шаңкылдап ұшқан көзімше
Қызықтап тұрдым қыранды.
Қосылдым мен де
 өзімше
Күбірлеп іштей бір әнді.

Ұшпалым желдей есіліп,
Ұқсаған жоқпын күсқа да.
Соларға бірақ қосылып,
Шырқадым жазда,
 қыста да.

Білмеймін —
 танып дауыстан,
Аңсай ма далам елжіреп,
Сағына күтіп,
 алыстан
Сағидың даусы келді деп?!

МЕНИҢ ҚҰРДАСТАРЫМ

*«Мы не от старости умрем,
От старых ран умрем...».*

С.Гудзенко

Әйтеуір сұрапылдан қалдық аман,
Сәби ек...
 кекіл шашы жалбыраған.
Біздерге сүйенетін камкөңіл ел —
Күніне сан қуанып,
 сан жылаған.

Жүзіміз қуаңданып,
 жалқынданып,
Күн сайын
 қорқыныштар алқымға алып,
Құп-құйттай кеудемізде
 күндіз-түні
Жататын найзағайлар жарқыл қағып.

Ілесіп суылдаған шалғыларға,
Жүруші ек шағылысып ақ мұнарға.
Шалғыны лақтырып,
 құлайтынбыз
Қалжырап,
 көкте жұлдыз қалғығанда.

Дүние бізге қарап...
 Кешіккендей,
«Түр-түрлар...»
 жаңғырығып,
 өшіккендей.
Қалшылдап тұратынбыз дір-дір етіп,
Дауысын әзірейілдің есіткендей.

Кеп-кеше бір-бір үйдің қимасы едік,
Еркелеп, кең далаға сыймас едік.
Болса егер басқа уақыт,
 үстімізден
Сол кезде тау күласа, тұрмас едік.

Елді аяп,
 алыстағы ағаны аяп,
Жалаңаш, жүдеулікке қарамай-ақ,
Майданға бар киімді жиып беріп,
Көк мұзда жүгіруші ек жалаң аяқ.

Қыр жақтан қас қарая шұбап келіп,
Жатушы ек жертөлені жұмақ көріп.
Біріміз бірімізге арқа сүйеп,
Біріміз бірімізге қуат беріп.

Балға алдық,
орақ та алдық,
күрек те алдық,

Көзіміз қарауытып...

жүдеп-талдық.

Әйтеуір ошағынан от өшірмей,
Шаңырағын бір-бір үйдің тіреп қалдық.

Соларды көрген сайын қалам өсіп,
Жүргендей кең жазира дала кешіп,
Тұрады кокорайдың иісі анқып,
Жүзінен майда қоңыр самал есіп.

Жүр олар әр қалала, әр ауылда,
Бағы боп арудың да,

ананың да...

Бәрінің

сонау кезден қалып қойған

Кірбің бар әлі күнге қабағында.

Тұрса да жұпар шанып тал-қарағай,
Көтеріп сәулесімен таңдағы арай,
Біразы ұйқысын бір қандыруға
Ертерек кетіп жатыр тауға қарай.

Бір кезде көрінетін құрыш-балға,
Қолдары жасқаншақтап гүл ұстауға,
Біразы аңсағандай тыныштықты,
Ертерек бара жатыр тыныстауға.

Қызықтап шам-шырағын жаңа жанған,
Құмардан шығар емес алау-арман...
Кетпейді көріліктен олар енді,
Кетпесе...

қалған ескі жаралардан...

* * *

Сарғайып

сары белден таң қонатын,

Әр дәннің сабағында ән болатын...

Алғашқы көреріміз —
егінді алқап,
Алғашқы сенеріміз —
дән болатын.

Шалкалап
бұлтқа қарап тұрушы едік,
Тағы бір өтсе екен деп нұрын сеуіп.
Көк егін
Көкке бойын көтергенде,
Біздер де көтеріліп жүруші едік.

Бойымыз егіннен де аласа еді,
Көзге де көрінбейтін дала шегі.
Біздердің жайлауымыз —
тербетілген
Көк сағым,
көк егістің арасы еді.

Жүйткүші ек
жеңімізді түріп алып,
Бір мезгіл таң алдында тыным алып,
Жатушы ек
жайбарақат үйіміздей —
Қырманның қуысына кіріп алып.

Өзімізді ер-азамат санайтынбыз,
Кекілді қоңыр желмен тарайтынбыз.
Басына алтын таудың шығып алып,
Келатқан алтын күнге қарайтынбыз...

Бірге өсіп,
бірге көрдік бар шуақты,
Көтердік бірге біздер сан сынақты.
Талай жыл бірге жатып,
бір тұрғасын,
Біздердің түріміз де
дән сияқты...

* * *

Жеңістің тұңғыш таңы бұл,
Жауынгерлердің жоқ есі.
Жойды ғой көзің жауының,
Жетті ғой көкке тобесі.

Жарылып жүрек,
Жыр самғап,
Жатыр-ау құшып-обісіп...
Құлады кенет бір солдат
Құшақтап,
Жермен көрісіп.

Денесі түгел селкілдеп,
Еңіреді –
 мұңын шаққандай,
Солдатпен бірге
 еңкілдеп
Қара жер жылап жатқандай.

Тоқтады жұрттың жыр-өні,
Күлкі де көзден жоғалған.
Командир жайлап сұрады:
– Қартым-ау,
Саған не болған ?!

Анадан бөлек туғанмен,
Бұлардан
 бөлек жоқ сыры.
Көз жасын әрең тыйғанмен,
Басылар емес өксігі.

Тістеніп,
Шыдап күйікке,
Достарын көріп жиылған,
Күрсінді байғұс:
– Жігіттер,
Айрылып қалдым...
 ұлымнан!..

Қалшып қалды солдаттар,
Хабарын естіп қайғылы...
Күбірлеп жатыр жап-жақтан :
– Қай жерде?
– Қашан?
– Қай күні?!

Сөз бар ма басқа шығатын
Мынадай қаза тұсында.
– Мерт болды сонау...
Сұрапыл
Қырық екінің қысында.

Сездірмей,
Қанша жол жүріп,
Қанша жыл жаншып жүрген мұң,
Бүгін ғой...
енді сорлының
Жылауға қолы тиген күн.

* * *

Көктемгі көкшіл жазық,
Қиыр дала...
Құйғыттық қырға қарай дүйім бала.
Аспанда үрей де жоқ,
дүлей де жоқ,
Дүниені
Көргендейміз бүгін ғана.
Үстінде арулардың көне көйлек,
Күн жеген,
Жел мүжіген,
дене кернеп.
Қарайды көкжиекке,
иығының
Жыртығын
Саусағымен көлегейлеп.
Қарайды көзін сүзіп,
Күлімсіреп,

Үйріліп,
 бір-біріне иін сүйеп.
Түйілген төрт жыл бойы қара бұрым
Ақырын аунап түсті
 бірінші рет.

Қайысып қиыр дала,
Қақырап бел,
Қалың ел бірге
 толқып атыраппен,
Талдар да
Талай жылғы бойындағы
Тыртығын жауып алды жапырақпен.

Жер,
Адам
Мұңын шағып бір-біріне,
Армансыз
 алғаш рет күлді, міне.
Бәріміз сағындық қой осы күнді,
Еңсеңді көтерші енді,
Гүл-дүние...

* * *

Түрендер түскен адырға,
Сең жүріп өткен сайлардан,
Есінде ме, аға,
 ауылға
Оралған күнің майданнан.

Қызықты —
 көптен көрмеген,
Ол күні
Ес жоқ жұртыңда.
Түстің сен қара жолменен,
Тұрдық біз ауыл сыртында.

Өзіңсің —
 өрттің ішінен

Алғашқы келген азамат.
Алдында тұрды кісінеп
Есік пен тордей қазанат.

Егістен шаршап қайтқанда,
Елегзіп,
Іші пысқасын,
Зулатып жүрем қарттарға
Қобыланды батыр қыссасын.

Тұрдың сен —
Жүзің нұрланып,
Орғытып таудай құр атты.
Коріндің сол кез
Жырлағы
Қобыланды батыр сияқты...

Қуанды,
Күлді,
Қайғырлы,
Өзіңе шақты ел мұңын.
Корінді мүлде айбынды
Кеудеңе таққан орденің.

Ауылдың бала-шағасы,
Отырдық талай пысынап,
Қасыңа сенің таласып,
Орденді қору үшін-ақ.

Енді-енді ауызға ілініп,
Бой жетіп қалған жас кілең.
Қарайтын саған сүйініп,
Қиылып көздің астымен...

Артықпын деген жоқ ойың,
Сырласушы едің аңкылдап,
Көтеріп елдің мерейін
Жүруші ең —
Кеудең жарқылдап.

Кеңейтіп жалпақ даланы,
Көңілден бұлтты ұшырып,
Жүруші ең —

әрбір ананың

Боздағын еске түсіріп...

Ұмытқан жоқпын мен бірін,
Ұмытсын оны ел неге.

Қайда сол,

аға,

Орденің,

Тақпайсың неге кеудеңе?!

Өзіңсін

қайтқан майданнан

Ең алғаш,

және ең соңғы...

Жүрмейсің неге жайрандап,
Көтеріп биік еңсенді.

Ұстадың арды жоғары,
Көгердің бір кез ел жүгін.
Ескірген жоқсың сен әлі,
Ескірмейді ешбір орденің.

Бірге жүр балғын кезіңнен,
Жеңісті бірге күтті ол да.
Шығады бірге ол —

өзіңмен

Соңғы рет үйден шыққанда.

Тағып жүр,

өзің ерлігің.

Ерлігің барын білдірсін.
Қаныңмен алған орденің
Қабірге дейін бір жүрсін...

* * *

Операция...

Бітті барлық үміт те,

Жағдай ауыр...

Қорқынышты күдіктер...
Дәрігердің екі көзі сырқатта,
Маңдайынан ыршып шықты суық тер.

Сан сырқатты көріп жүрген бұл батыр
Бүгін, міне...
Алмағайып сында тұр.
Алдында оның —
Ақ жаймаға оранып,
Алғаш рет...
Ақын жатыр,
жыр жатыр.

Алғаш рет,..
Жүрек қалай дауалар,
Жырды қалай
Араналап қала алар?!
Сұрапылдан қалып қойған
кешегі

Өкпесінде
Екі жерден жара бар.

Ақын жатыр...
Қос жанары мөлдіреп,
Әл бермеуге айналғандай енді дерт.
Осы жолы —
Иә әрі де...
Иә бері...
Неде болса —
Қиғалуы соңғы рет.

Қайтсем оған
Қуат берем,
әл берем?

Қайтсем оған
Шуақ берем
сәулемең?

Бір күдірет керек қазір,
Дәл қазір...
Шайқасатын
Іште жатқан жауменен!

Айқасатын
Жерің осы ақырғы.
Қалай ғана
Қайрау керек ақынды ?!
...Қарт дәрігер
Жан қиналған шағында
Арашаға ақын жырын шақырды.

Бірте-бірте
Жанарынан мұң қайтып,
Бірте-бірте
Қоңырлатып, ұлғайтып,
Операция столының жанында
Арлы-берлі
ақын жырын жүрді айтып.

Жай ғана емес,
Бір керемет шықты ән боп,
Тосын жайға
Тұрды айнала жұрт таң боп.
Жан-жағынан
Жыры қоршап тұрғасын,
Қайран ақын
Қабағын да шытқан жоқ.

О, күдірет,
Жай күндері жетер ме ой,
Өзге болсам,
Мен де сенбей өтем ғой.
Жан-жағыннан
Жырың жебеп тұрса егер,
Ажалың да
Қауіпті емес екен ғой...

ГҮЛ

Қытымыр қыстың айы откен,
Қызғалдақ жапқан бар қырды.
...Баламыз —
жалаң аяқпен
Жапырып жүрген шалғынды.

Мектепке қарай зымырап,
Ағамыз келіп күйындай.
Желіден жаңа шығып ап,
Желпіше шапқан кұлындай.

Бал тамып тұрған өнінен,
Отырған бір қыз қасыма.
Бойы да қатар менімен,
Шамалас, бәлкім, жасы да.

Жоламай еркек балаға,
Жүреді баска қыз деген;
Ал мынау шықса далаға,
Алысады ылғи бізбенен.

Көтеріп шаңын даланың,
Бұрымын желге таратып,
Кей кезде о жар баланың
Келеді мұрнын қанатып.

Жүрсе де сөйтіп желгіп,
Ойымды сол қыз бөледі,
Көбірек жақсы көрініп,
Көзіне түскім келеді.

Бетімді жудым шаң басса,
Қалпына түсті шап-тағы.
Біреулер оған жармасса,
Болысым келе бастады.

Ұйықтаймын кезіп алапты...
Түсімде де оған кезітем, —
Жарылған жалаң аяқты
Жасыра қоям көзінен.

Кеудемде соның тұрды үні,
Гүл көрдім содан, нұр көрдім.
Отыра қалып бір күні
Суретін салдым гүлдердің.

Сәл ғана күлімледі де,
Қасымда үнсіз бөгелді.
«Жақсы екен гүлін» деді де,
Жүгіріп ала жөнелді.

Білдірмей ешбір кісіге,
Бір қызыл гүлді ап келдім,
Сөмкесін алып,
Ішіне
Сүңгіте салдым дәптердің...

Ұйқым да қашқан секілді,
Көз ілмей шықтым дөңбекшіп...
Ойларға кетіп не түрлі,
Толғаңды ма екен ол да өстіп?

Көңілге неше ой алып,
Жасырын бір сыр ұққандай.
Кешегі гүлдің бояуы
Бетіне қалқып шыққандай.

Діріл де бар ма сәл ғана,
Жүзіне балғын нұр қошып,
Бүршігін ашқан жап-жаңа
Қалыпты бір шоқ гүл болып.

Жалын боп жүрген бүлдіршін,
Жарысып дала желімен,
Ойында не бар, кім білсін,
Ойнамай кетті менімен.

...Талай жыл өтті арада,
Табысқан жоқпыз қайтада.
Сонау бір алыс далада
Сол болып біреу айтады ән.

Сонау бір жазық өңірде
Сол болып алдан шығады —

Еркелеп өскен өмірге
Еліктің күйттай лағы...

Шықтым мен талай құздарға,
Өткіздім талай күндерді.
Сызылып тұрып қыздарға
Сыйладым қанша гүлдерді.

Жігіт боп өзім өстім де,
Жер беті талай көктеді-ау,
Сыйлаған гүлім ешкімге
Сол гүлдей әсер етпеді-ау!

* * *

Перінге емес, пендемін...
Көңілімді көтерді ылғи жел менің.
Айдың әппақ сәулесіне аралас
Арулардың жұттым ыстық демдерін.

Мен солардың —
Жанарына жүгіндім,
Мен солардың —
алауына жылындым.
Бозбаланың иілмедім алдында,
Қыз баланың
қабағынан иілдім...

Біреу, бәлкім, көрер мені түсіде
Сол баяғы алабұртқан пішінде...
Сол баяғы балғын күйде...
Кім білсін —
Жүргем шығар бір көздердің ішінде...

* * *

Коктемнің балғын кезі еді,
Өнші күс көкте ағылған,
Жемнің де жасыл өзегі
Көгілдір мұнар жамылған.

Сондай бір күннің бірінде
Жағаға келіп жаттым да,
Саусағым басы дірілдеп,
Атыңды жаздым ақ құмға.

Білмедің бірақ сен де оны,
Ол жәйді ешкім білмеген,
Со бойда тентек жел қолы
Жасыра салған құмменен...

Қоштасып қырлар көп гүлмен,
Жер бетін қырау жапқанда,
Атыңды жазып кеттім мен
Алғашқы жауған ақ қарға.

Түспеді көзің оған да,
Саған да бірақ жоқ өкпем,
Сол күні соққан бораңда,
Қар басып қалған кенеттен.

Гүл жапты талай белеңді,
Бұрқалды талай ақ бораң...
Атыңды сенің мен енді
Ксудеме жазып сақтағам.

Сақтаулы сонда бейнең мен
Сонау бір балғын күлкің де.
Енді оны менің кеудемнен
Өшіру, сірә, мүмкін бе!..

* * *

Жатырмын небір түс көріп...
Тау іші...

қалың бақ екен.

Қиқулап жатқан құс келіп,
Көктемнің қызу шағы екен.

Құмарлық бойды билеген
Қызық пен дуға ес кетіп...

Қалжырап әбден, үйге мен
Оралған екем кештетіп.

Со кезде бұлттан шыққан ай
Орады сені ақ нұрға,
Үңіліп сыртқа, ұйықтамай,
Тұрдың сен әйнек алдында...

Тұрдың сен ұзақ, илікпей,
Ол үшін, жаным, жазғырман,
Жас ғұмыр атты жүйрікпен
Жасаған жоқпын аз думан.

Әкетті жерден көтеріп
Сикырлап мені талай күс,
Түн менен күннің не екенін
Сезбедім кейде мен байғұс.

Жайсыз бір ойға қия алмай,
Жанарың талай талды кеп.
Жаптая кеттім ұялмай,
Жігіттер ұстап қалды деп.

Маужырап, кейбір түндері
Ұйқылы қозбен қарсы алдың.
Күмілжіп, тілім күрмеліп,
«Бильярд ойнап»...
дей салдым.

Құпия сезім елесі
Тұрған да шығар көзімде,
Дәлелім —
дәлел емесін
Сеземін іштей өзім де.

Тұрамын үнсіз сенделіп,
Секілді қазір от шығар.
Онсыз да —
Жүрген жел беріп
Желауыз әйел көп шығар.

Төбемде түйдек бұлт өріп,
Тұла бой талай ысынды.
Жатасың үнсіз бүркеніп,
Үндемей құртып мысымды...

Атады жұмсақ таң күліп,
Ашамын жөймен бетімді.
Түсімде деймін әлгіні,
Өңімде болған секілді.

Асып ем талай тау, қырдан,
Отырмын сенен аса алмай,
Бұлқынып,
 сенің алдында
Бұғалық түскен асаудай.

* * *

Талайлар мені елжіреп құрметтейтін,
Үйріліп маңайымнан бір кетпейтін.
Бәрі де жұпар аңқып тұрғанменен,
Көтерер көңілді бір гүл жетпейтін.

Өніммен,
 жанымен де егілетін,
Ашылып,
 Шашылып та төгілетін,
Қанша жан мені қоршап жүргенменен,
Бәрібір біреу жоқтай көрінетін.

Күндіз-түн сол жоғымды іздейтінмін,
Таппасам, маған өмір мүз дейтінмін.
Кетсе де жолдар ұзап,
 Жылдар ағып,
Мен одан күдерімді үзбейтінмін.

...Сенбісің сүйікті жан мен іздеген
Жерменен,
 аспанменен,
 теңізбенен?

Сенбісің қиялдағы ақ қайыңым
Әлі де жапырағын жел үзбеген?

Сен болсаң,
Коршбедің неге ертерек,
Жүргенде желден сұрап мен ентелеп?!
Аялап өмір бойы бір өзіңді,
Өзіңді саялайтын көлеңкелеп.

Өзіңе айтпасам да сыр ақтарып,
Көңілім кетгі кәзір шуақтанып.
Көргесін сені, жаным,
ұмытылды
Өткеннің бәрі жалған сияқтанып.

Дүние сұлуланып,
Сылаңданып,
Қызық та,
қуаныш та былай қалып,
Желіге байлап қойған құлыншақтай
Өзіңді жүрмін қазір шыр айналып...

* * *

Үйде де, түзде —
қайда да
Қалтама тығып жүретін,
Сырымды сыртқа жаймаған
Бар еді блокнотым.

Саяхат...
Сапар... көбейіп,
Арада жылдар өткелі,
Сырты да біраз көнеріп,
Таусылып қалды беттері.

Талайды бастан көшіріп,
Бір өскен тату жандарым...
Отырмын қайта көшіріп
Аттарын,
телефондарын.

Отырмын інттей сүйініп,
Кездесіп қайта көбімен,
Даламның қиыр-қиыры
Жалғасып жатыр менімен.

Ағылып жатыр алдымнан
Алыста жүрген достарым,
Дауысын естіп сан қырдан,
Есімде —
 талай тосқаным.

Аты жүр неше саңлақтың
Үйқыға кеткен мәңгілік,
Көшірдім бәрін ардақтың
Аттарын қайта қалдырып...

Алдымнан шығар дүрілдеп,
Көзіме талай түсті аттар,
Құшағын жайып жүгірген
Қалалар,
 ауыл, қыстақтар.

Лапылдап жүрген шағымда
Өртеген жалын-отпенен,
Кездесіп жатыр арулар
Көңілден әлі кетпеген.

Жаңғыртып асау күндерді,
Жаңадан біреу қосылып...
Өшіргім келіп біреуді,
Отырмын үнсіз тосылып.

Қимаймын...
 маған қарайлап,
Тұрғандай жанып бір алау...
Хабарсыз кетті талайдан,
Ұмытып кеткен шығар-ау?!

Саралап,
 Таңдап қимасын,
Аттарын қайта көшіріп,

Отыр ма —
Ескі мұңдасым
Мені де қазір ошіріп?

Тағдырым,
Талай сыйласқан
Әлдилеп махаббатымды,
Қия алмай жүрген қимасқа
Сыздыра көрме атымды.

Тастасаң мейлің таулардан,
Тұншықтыр мейлің теңізге,
Аяулым болған жандарға
Керексіз енді!..—

дегізбе.

ІЗДЕДІМ СЕНІ

Ұстатпай кеткен саусағын,
Сен менің тәтті түсім ең...
Іздедім сені қанша жыл
Қаптаған жұлдыз ішінен.

Қайтсем де саған жетем деп,
Жығылдым қанша орларға.
Алданып көңіл бекерге,
Адастым талай орманда.

Көрінген көзге елсидеп,
Жаттым мен үнсіз жағада.
Токтамай өтті тобемнен
Теңізден ұшқан шағала.

Таппадым бірақ жоғымды
Талай жыл мені сарсылтқан...
Қандырдым кейде шөлімді
Қайдағы жылым-шалшықтан.

Ішінде қалдым жалынның
Денемді тасқын сел көміп,

Жанары талай арудың
Арбалды мені сен болып.

Шақырып сиқыр қойнына,
Сүйреді мені күнгірт бақ.
Кей күні балдың орнына
Уландым ессіз улы ұрттап...

Армансыз кудым, маралым,
Қайтпадым іздеп тапқанша...
Жанымда болсаң – жарадың
Жұлдызым көктен аққанша.

* * *

Селдіреп шыққан шағылға –
Бұталар басы ұзарып,
Өзеннің арғы жағында
Ақша бұлт өңі қызарып,

Кезігіп құмның көгіне
Кобелек қонған желп етіп,
Жасқанып қалған лебінен
Жусанның басы селт етіп,

Көлеңке қонып жан-жаққа,
Қоңырқай тартып құмды өзек,
Қашарып білмей қай жаққа,
Абдырап тұрған бір кожек.

Әлі де жүзі көмескі,
Көрінген жарты ай оң жақтан,
Асылып қоңыр дөңеске,
Дөңестен асып жол жатқан...

Бір ысып, дене бір суып,
Тұрғандай ауа көтеріп,
Бірінен бірі қымсышып,
Жақындай берген екі елік.

Кеудемде кенет қайдағы
Асау бір сезім айқасқан...
Бетімді сипап майда құм,
Көзімді жұмып, қайта ашқам.

Айнала жым-жырт,
 түк үнсіз,
Қимылсыз желдің өзі де,
Өлгінің бәрі қыбырсыз,
Түспейді бірі көзіме.

Бойда жүр әлі бір алау,
Сезем бе күйін бұлардың,
Бәрі де тұрған шығар-ау,
Мен көрмей тұрған шығармын...

* * *

Қиналдым талай қыз үшін,
Қыз үшін зәбір көп көрдім,
Қыздардың әсем жүзі үшін
Нелерді бастан өткердім.

Жолықтым небір күштіге,
Дауылдың көрдім долысын...
Жабысып сеннің үстіне,
Суға да кеттім сол үшін.

Тірліктен талай қол үздім,
От болып кейде маздадым.
Арқырап ұшқан поездың
Астына түсе жаздадым.

Аман-сау кеттім құтылып
Талай бір түнгі найқастан,
Қуалап құзды құтырып,
Құладым талай жартастан.

Жалындап жүрген шағымда
Қылыштай кесіп,
 қан қызып,

Сол үшін
 көптің алдында
Зәбірлеп кетті сан бұзық.

Ұстатпай жүрген маралым
Ілінген шақта қолыма,
Сол үшін
 біреу шам алып,
Неше жыл түсті соңыма.

Кей күні солар анталап,
Кіреді менің түсіме.
Тұрады козі қапталап,
Қапжарын қадап ішіме...

Үстінде қылдың жүрем кіл,
Көз жұмып барам көп іске.
Жебейді сонда кілең бір
Қыз болып қырық періште.

Ырзамын, қыздар, сендерге!
Мен үшін сендер пірсіндер.
Жазым боп кетер жерлерде
Өздерің сақтап жүрсіндер!

* * *

- Атқа мінгіз баланы,
 атқа мінгіз,
- Ой-шұқырсыз,
 жазықтау жақта жүргіз.
- Қаттырақ тарт айылын,
 бос болмасын,
- Жығып кетер,
 жуастау атқа мінгіз!

Тандап жүріп осылай ел тағы да,
Қосылмаған талайдан той-тобырға,
Котере алмай өз басын,
 мүлгіп тұрған
Баланы әкеп мінгізді қойторыға.

Осы болды-ау жуасы бәрі ұнатқан...
Ол да бір кез жас еді-ау жалын атқан.
Жалт-жұлт етіп жанары,
 жай оғындай
Аспан-жердің арасын ақыратқан.

Жүйрік еді-ау елінің арын жапқан,
Талайлардың қыздырып қанын қатқан,
Сар даланың самалын жалғыз жұтып,
Сан арғымақ бір соның шаңын қатқан...

Бала болсын,
 шал болсын — бұл күндері
Оған келіп
 бәрібір кім мінгені.
Міну үшін жаралған жарықтығым,
Ілбіп басып,
 Амалсыз жүрді ілгері.

Баланы да аядым...
 атты аядым,
Тартты қойға,
 бір сілкіп артқы аяғын.
Жануарым жуасып болыпты ғой,
Желіс түгіл,
 ұмытып қапты аяңын.

Ұмытпапты бірақ та қой бағарын,
Ұмытпапты қойшының ақ таяғын.
Баланы емес —
 қаладан жаңа келген,
Бала мініп баратқан атты аядым...

Көз алдында жатқасын жайнап оңір,
Қайдан білсін албыртқыш айна-көңіл.
...Сәл иілсек,
 иыққа секіруге
Дап-дайын-ақ тұрсың-ау,
 қайран өмір!

КҮН БАТАРДА

Тотығып күрең жалынға,
Жартастың жүзі қызарып,
Күндізгі мұнар жамылған
Шатқалдың бойы ұзарып,

Салқын жел келіп бабына,
Көтеріп сайдың ақ буын,
Таулардың арғы жағына
Еңкейіп бара жатты күн.

Қоңырқай тартып реңі,
Қойғандай алды күрсаулап,
Бір шөкім бұлтқа тіреліп,
Сәулелер жерге түр саулап...

* * *

(Шопан қарттың аузынан)

Жүретін бір кішкене қара күшік,
Ауыл-үйдің жұғынын жалап- ішіп.
Жаздыгүнгі байғұстың түрі мынау,
Қыстыгүні қала ма далада үсіп...

Жетеді оған шөп-шалам қуысы да
Үйіп қойған әр үйдің бұрышына.
Ел тұрғанда,

 бір жақтан о да тұрып,
Кірісетін күндегі «жұмысына».

Жасқаншақтап шегінген мұны көріп,
Жаман ит те тұратын іріленіп.
Іріленіп кететін қаншықтар да,
Шаңға аунатып кететін бірі келіп.

Күннің бар ма —

 бір жүзін жығылғасын,
Сан жұлынып жүргенін суыңғасын.
Қара көрсе, қашатын бір уыс боп,
Ешкім оған ұрынсын, ұрынбасын...

Ол да ит болды,
тағдырға шара бар ма,
Кетті ілесіп аман-сау
ала қарға.

Шыға келді желкесі күдірейіп,
Қасқыр алар секілді — карағанда...

Өзі де алып,
шығар-ау күші де алып,
Көрген емес бірақ та кісі қауып.
Кісі түгіл,
күшіктер шәуілдесе,
Жалт береді құйрығын қысып алып.

Баға алмады өзінің қара басын,
Кетті кезіп ақыры ол тау арасын...
Оңбайды екен —
ит екеш иттің өзі
Көзін ашпай...
жабылып талағасын.

ЖОЛ

Перронды көлдей ырғалтып,
Пойыз да, міне, қозғалды.
Көздерде мөлдір нұр қалып,
Көмейде небір сөз қалды.

Құралай көздер, гүл беттер
Құшағын жая құшқандай.
Қанатын жайып мың кептер
Қалықтап бірге ұшқандай.

Көңіл де шіркін құс мүлде,
Көгінде жүзер даланың.
Тағы сол жолдың үстінде
Тербеліп кетіп барамын.

Жердегі жолдың талайын
Қызықтап көрген көз неше.

Мен үшін бірақ, ағайын,
Осы жол ыстық өзгеше.

...Қосылып мен де қатарға,
Кеудені билеп тәтті арман,
Ең алғаш ұзақ сапарға
Тап осы жолмен аттанғам.

Жүрсе де жиі хат алып,
Сағынып апам тосатын.
Осы жол мені апарып,
Апама жылда қосатын.

Өзінше біраз жетіліп,
Есейді білем ойым да.
Балалық қалды секіріп
Тағы осы жолдың бойында.

Осы жол. Келе жатыр ем,
Өртеді мені от бөлек.
Ұялшақ махаббатыммен
Кездестім алған бетпе-бет.

Алдымнан ылғи тосқанда,
Аңкылдап кірер қойыңға,
Аяулы маған достар да
Осы бір жолдың бойында.

Осы жол ертіп қиялды,
Қиялап күзбен өтетін;
Сағынсам туған ұямды,
Арқалап алып жететін.

* * *

Мен қазір тастаң күйған құр мүсіндей,
Шарабым шайқалды да тұрды ішілмей.
Босайды тұла бойым неге елжіреп,
Мұндайда мықты едім ғой бір кісідей.

Келді ғой өзі туған аулына адам,
Неліктен көңіл сонша ауды маған.
Сығалап есіктен де, тесіктен де,
Сан көздер қарап қапты жаудыраған.

Көзіне нұр сәулесін жиып күннің,
Келеді біреуі әне сүйіктімнің,
Ілезде бүкіл денем бір уыс боп,
Қарт әже құшағына сыйып тұрдым.

Күн шығып кеудесінен, таң атардай,
Жарықты жанарынан таратардай.
Тотыққан темір қолды жігіттердің
Баурына кеттім сүңгіп балапаңдай.

Мейлі ғой ұлға ұсадым, гүлге ұсадым,
Әйтеуір таусылмасын нұрлы шағым.
Мен тіпті өткен күнге өкінбеймін,
Туған жұрт айырмасын бұл құшағын.

Тербелді көк теңіздей жаным бұ шақ,
Көтеріп тұрды мені қалың құшақ.
Солардың ортасында балқып денем.
Лапылдап жана бердім жалын құсап.

* * *

Ауылым осы менің ізлеп келген,
Кеткелі талай жылдар тізбектелген.
Талы жоқ ән шырқайтын бүлбұл қонып,
Шыңы жоқ иығына мұз боктерген.

Тұрады кейде от болып құмдар күйіп,
Тыңдайды желден ғана жырларды ұйып...
Көңілім осы ауылда көк теңіздей,
Көңілім осы ауылда шыңнан биік.

Өзі бір о бастан-ақ момын ауыл,
Демейді тірлігіміз жеңіл-ауыр,

Түндігін үйлерінің ала қашып,
Кейде оны басынады долы дауыл.

Жайылған жайбарақат ана-құшак,
Баурына бөтенсімей алады сап.
Алдыңа колда барын бір-ақ төгіп,
Бар ауыл жүгіреді бала құсап.

Тіршілік қысы-жазы күйбеңдеген,
Күндер де кездеседі үй көрмеген.
Қай кезде келсең бірақ есігі ашық,
Иті де адам қауып үйренбеген.

Жетелеп өзінді алға бастағандай,
Жол жатыр айқыш-үйкыш таспалардай.
Осы жол үй мен үйді жалғастырып,
Бір-бірін мәңгі байлап тастағандай...

ТІЛЕКТЕС

*«Елестеп өтті алдыман
Жаралы жылдар бейнесі...»
Қасым Аманжолов*

Көріп келем туып-оскен даланы,
Бұл даланың таусылмайтын бар әні...
Көп нәрсені жасырады көзімнен,
Көп нәрсені қайта есіме салады.

Үй құлаған – ұшқан бір кез мен өсіп,
Ызыңдайды орнында тек жел есіп.
Сол күйінде жатыр бірақ баяғы
Біздің үйдің алдындағы төбешік.

Күшейді де отті үйіріп жел ескек,
Жел ызыңы желіккендік емес тек...
Мынау жатқан төбешікті көргесін,
Көз алдыма кетті бір жай елестеп.

...Төбесіне созса қолың жететін –
Мынау үйде жүдеу күндер өтетін.

Бар жылуды киюы кашқан есіктен
Долы боран тонап алып кететін.

Бізді алардай өршеленіп ұратын,
Терезеден қарды қуып тығатын.
Майдандағы жалғызынан «хабар» кеп,
Күнде бір үй кара киіп шығатын.

Бұл кездері тілексіз бір күн өтпес,
Тілей берсек, тағдыр бізді жүдетпес!
Құйттай ала күшік алып асырап,
Ол да ағама болсын дедік Тілектес...

Кете берді сол тілекпен күн ағып,
Көне бердік күзгі шөптей бұралып.
Анда-саңда маңдайды бір тершітті
Аңсап ұзақ көрген қара быламық.

Жоқшылықты көрген жалғыз адам ба,
Итгер де онда тойды ма бір тағамға!
Көрішесіңді жем қылатын күс болса,
Ол да тоз-тоз тентіреді даламда.

Тоқ болды онда бізде жалғыз бір бастық,
Не істетпейді пендесіне бұл мастық!
Қорықса да, құлқын үшін болса да,
Кейбір әйел жүруші еді «сырлас» қып.

Арыстандай ол акырып қалғанда,
Қалтырайтын бала түгіл, шалдар да.
Осы ауылда сескенбейтін сұсынан,
Бетіне оның тура келген жан бар ма!

Бой жылытып лаждайтын жоқ күй де,
Кешке дейін жағылмайды от та үйде...
Менің сорлы Тілектесім бір күні
Аузы-басы қап-қан болып жетті үйге.

Сезе қойды бір қолайсыз жайды ішім,
Тіл жоқ онда жеткізетін қайғысын.
Жан ұшырып әр қуысқа жүгіріп,
Жалынғандай қыңсылайды байғұсым.

Кейін білдім —

қасқыр-түлкі соғатын
Бастықта бір қайың тазы болатын.
Оған қарай лақтырсаң бір кесек,
Бастық көзбен бар қапыңды соратын.

Ашулы иттер әбден қажып қарны ашқан,
Сол маңайды торитын көз алмастан.
Сойған малдың қан-жынына таласып,
Жанталасып бір-біріне жармасқан.

Тілектес те сол маңайға барыпты,
Қайың тазы сілкілепті ғаріпті.
Осы кезде ол ыза буып, тазының
Жарқыратып қарнын жарып салыпты.

...Бәрінен де осы маған батады,
Тап келді ғой тағы да бір шатағы.
Түсімде ылғи біздің үйге бастық кеп,
Тілектесті олтіргелі жатады.

Айрылғандай қазір байғұс еркінен,
Оның да мен қайғы көрем кейпінен.
Мен тілесем, ол тілесе бір жақтан,
Көп ұзамай көкем келер дейтін ем.

Жүрегім кеп ауызыма тығылып,
Жатыр екем жұдырықтай бүгіліп,
Есіттім де жан дауысын апамның,
Бір домалап, шықтым сыртқа жүгіріп.

Дәу қораның есігі іштен ілінген,
Сонда көрдім бастықтың да түрін мен .

Қақ ортада тұр ол қаққан қазақтай,
Итке қарап шыр айнала жүгірген.

Ашық тұрған тесіктер де жабылды,
Қуа-қуа терге де өзі малынды.
Осы кезде жүргендей ол қуалап
Кеудемдегі күйттай шыбын жанымды.

Итімді ұстап, сыртқа қарай жөнелдім,
Мұндай кезде аязыңды елер кім!
Қоя беріп, атқыладым кесекпен,
Ол басынан бір-ақ шықты беленнің.

Қалай келем алдына оның мен енді,
Мен де қаштым, суық қарып денемді.
Естіп қалдым сонадайдан апама:
– Иә итінді, иә балаңды! – дегенді.

Шошыды ма анау адам түсінен,
Сезді ме әлде бар бәлені ішінен,
Түн ішінде оралды үйге Тілектес,
Дірдектейді, аяғы әбден үсіген.

Отырдым да шыдап ұзақ таңға мен.
Жылап-жылап қатты ұйықтап қалған ем...
Енді шықсам, бастық байлап итімді,
Түмсығынан соғып жатыр балғамен...

Мені көріп апам қоса жылады,
Зәрің шашып долы бастық тұр әлі.
Тілектесім түмсығынан қан саулап,
Төбенікке жете беріп құлады.

Жасырғандай қызыл қанды, күн-түн кеп
Жауды дейсің күмістей қар ұлпілдек.
Қимағандай дүниені, бір дене
Сол төбеде жатты біраз бүлкілдеп...

Үй құлаған – ұшқан бір кез мен өсіп,
Ызыңдайды орнында тек жел есіп.

Сол күйінде жатыр бірақ баяғы
Біздің үйдің алдындағы тобешік!

* * *

Жем бойында өтті менің жас күнім,
Көргенім жоқ бірақ оның тасқынын.
Жатады тек көк жібектей судырап,
Маңдайынан сипап жердің тас құмын.

Қашпайды ол көшіп жүрген құмақтан,
Құмақты өзі әуел бастан ұнатқан.
Өз қайнары бір басыпа жеткен соң,
Дәметпейді басқа мөлдір бұлақтан.

Лепірмейді жар құлатып, тас ұрып,
Көктемде де көрген емес асығып.
«Сен толқысаң, толқиын, — деп, — бірге мен»,
Жатқан емес көк теңізге асылып.

Ештеңеге баса-көктеп ұрыпбай,
Ешкімге де айналнықтап бұрылмай,
Ағады тек туған жерін айналып,
Анасының сүйген жалғыз ұлындай.

* * *

Ерте көрдім, ерте көрдім барлығын,
Ерте көр деп ерте берді тағдырым.
Жия бердім, сыя берді ішіме,
Сездірмедім көкіректің тарлығын.

Ерте көрдім мен әкемнің жоқтығын,
Ес білгелі соны іздеумен өтті күн.
Тағдыр мені тұрғызды да, бас деді —
Табаныма тосеп қойып отты құм.

Бастым — құм ба, шоғы ма әлде көріктің,
Мен қып-қызыл отқа бір-ақ жолықтым.
Жата кеттім жөргегіме оранып,
Жерді басып жүруге де қорықтым.

Ерте көрдім көз жасының қандайын,
Есіме оны енді бірақ алмайын.
Ерте көрдім, ақ жүзі емес, апамның
Күзгі жердей әжім басқан маңдайын.

Ерте көрдім соғыстың да не екенін,
Қаңырап қалды менің туған мекенім.
Қырға шықтым қарттарға мен қосылып,
Жалаң аяқ, жабылмастан етегім.

Ерте көрдім соққан желді буышып,
Қырда жүрген аспан-жерді қуырып,
Кетердей ол екпінімен, гүл емес,
Менің албырт жүрегімді суырып...

Өз көзімен өмірде бір көрмеген,
Көңіл шіркін қызыққа да шөлдеген,
Мен білмеймін оның қандай екенін,
Оның өзі маған бұрын келмеген.

Осынау жанның бәріне ортақ өмірде,
Оны да ерте көрейінші дедім де,
Тәуекел деп, құшағымды жарға ашып,
Бір қызықты ұялаттым көңілге.

Енді, міне, бір шаңырақты ұстадым,
Ерте ойладым біреу үшін іс қамын.
Көк аспанда жүрегіммен бір самғап,
Ерте көрдім балапаным ұшқанын.

Бірте-бірте көңілімде күн қызып,
Ұйықтап кеткен гүлдерді жүр тұрғызып.
Күнде ертемен оянамын асығып,
Мені күтіп қалды ма деп бір қызық.

Ерте тұрып, асығамын мен мүлде,
Осы өмірге жаңа ғана келдім бе?
Ай, күні бар, жұлдызы бар самсаған
Көк аспанның толғанын бір көрдің бе?!

Асып қалдым мен де біраз белеңнен,
Көп қызығым қалып қойды-ау, дегенмен...
Аспан сынды ашық жатқан кеудемді
Толтыра алмай,
Толтыра алмай келем мен...

ҚОСКӨЛ

Жатпаса егер жалтырап бұл арада,
Жолаушылар жонға көзін сала ма?!
Бір кездері көк аспаннан үзіліп,
Екі моңшақ түсіп қапты далама.

Қызықты ма қызыл қайран құмына,
Қызулы ма құмда күннің нұры да?
Бір кездері көк аспаннан бөлініп,
Екі жұлдыз қонып қапты қырыма.

Күндіз-түні
сонау биік қабақтан
Көз айырмай жатсын деп бар алаптан,
Бір күдірет мөлдіретіп екеуін,
Бұл даланың жанары ғып жаратқан.

Бай табиғат басқаларын қимаған,
Бұл оңірге екі көзді сыйлаған.
Содан ба әлде, сұлулығын өзінің
Менің далам жанарына жинаған...

Жатыр әлі сол күйінде екеуі,
Бір-бірінен ажырамай екі елі.
Құба жонды менің далам осынау
Мөлдіреген екі көздің мекені.

Құрдас болып бабаммен де баламмен,
Бірге жасап ұланғайыр даламмен,
Мәңгі-бақи жұмылмайтын жерімнің
Мен де сондай көзі болып қалар ма ем?!

ҚАРАҚАЛПАҚ ЖЕРІНДЕ

* * *

Қанатым болды ақ түйғын,
Қалықтап келем кокте мен.
Арындап ұшқан аққудың
Алдына түссем деп келем.

Аспанда шырқап келемін,
Асулар жатыр алдымда...
Айтулы мықтым сен едің,
Ақша бұлт, артта қалдың ба?

Желкелеп қудым құсыңды,
Жете алмай қалды жел маған.
Корейін, дауыл, күшіңді,
Кәнеки өзің ер маған!..

Тұратын еді-ау жұлдыздар,
Жұлдыздар ғана үстінде.
Асқақтап едің, шың-күздар,
Астыма, бәлем, түстің бе?

* * *

Құйғытып шығам жоғары,
Құлдырап кетем кілт төмен...
Түнеріп тұрған манағы
Тілдесіп қоям бұлтпенен:

— Қатулы пеге қабағың,
Қайғымен жапа шектің бе,
Қарғысы тиіп адамның,
Қаңғыбас болып кеттің бе?

Көзің де жасқа көмілген,
Көрдің бе жайдың соққысын,
Рақат табар көгіңнен
Рақым көрген жоқпысың?!

Айбарлы бұлттан жай кетті,
Ашуға басты ол енді.
Сабалап біздің әйнекті,
Сатырлап жауа жөнелді...

* * *

Саялы Бозатауыңның
Самалы сүйлі бетімді.
Алдымнан шықты Әмуың
Аңкылдап озың секілді.

Қайшарын сыртқа атқылап,
Қуана қарап шың тұрды.
Күмбірлеп жатқан көп бұлақ
Көтеріп басын ұмтылды.

Құрағы әрбір төбенің
Қарсы алды мені олеңмен.
Жайрандап бір топ еменнің
Жапырағын жайды төбемнен.

Жайлауын кордім көңілдің,
Жақсы бір күйге түстім мен.
Қаздары молдір қолыңның
Қижулап отті үстімнен...

Келгелі өзім осында
Көңілсіз өткен жоқ бір күн.
Қаумалап келіп қасыма,
Құшақтап жатыр көп құрбым.

Адамы сүйсе өзімді,
Ауылым демей, не дейін?!
Балқытып қойса сезімді,
Бауырым демей, не дейін?!

* * *

Аулыңды әні бірге аулым деймін,
Бәріңді қаны бірге баурым деймін.
Бесікте уілдеген бобегінді
Өзімнің бобегімдей әлдилеймін.

Күй таптым Қаратаудың күздарынан,
Жыр таптым мүсатырдай мұз-қарынан.
Мен сенің қызыңды да кем көрмеймін
Қазақтың қара көзді қыздарынан.

Далаңның ыстық өзен-көлі маған,
Аймалап құшағыма оны да алам.
Сәбидей аңқылдаған алдымызда
Ақ шашты сенің анаң – менің анам!

* * *

Құрбыға назын айтып қырда жігіт,
Қыздары билейді екен суда жүріп.
Балбырап бар денесі күндіз-түні,
Бұл өлке тұрады екен жыр жамылып.

Баласы домбыраны бұрап алып,
Бұлағы шың басынан құлап ағып,
Балқытып тал бойыңды, тамсандырып,
Бар дала жырлайды екен тұра қалып.

Күй тартып күйқылжыта бар олжесі,
Құмарта тыңдайды екен тау оркесі.
Қайталап құрағы да, қияғы да,
Қалықтап жүреді екен ән еркесі.

Өзендер оршелене жатқан ағып,
Өлеңмен кіреді екен баққа барып.
Күңгірентіп кетеді екен осы кезде
Әмудың толқындары жаттап алып...

* * *

Аралап көрдім көлдерін,
Аралап көрдім жас бағын.
Өзгесін ешбір көрмедім,
Өзімнің бейне Тастағым.

Дария бойын өрледім,
Дарияға жудым бетімді.

Өзгені тағы қормедім,
Өзімнің Сырым секілді.

Күлімдеп келіп жаныма,
Кездесті, бәлкім, жүз адам.
Айнымай тартқан тағы да
Аңкылдап жүрер Ізағам.

Көтердік кесуіл аулында,
Көңілден ерке күй ақты.
Өзге емес, осы баурым да
Өзіме тартқан сияқты...

* * *

Амалсыз қош айтысып гүлді бақпен,
Айдын көл-асау дария, мың бұлақпен,
Аттанып келем бүгін Алматыма,
Аспанның ақ төсінде күлдірап мен.

Кеудеме күн нұрындай ыстық алып,
Бір үшқын жүрегіңнен түсті барып,
Шоқ гүлін қолыма ұстап сол жүректің
Мен, міне, Алатауға ұштым алып.

Құйып ап көңіліме көктем лебін,
Қиялмен күшақтасып көкке орледім.
Өзіңнің жаудыраған жанарыңдай
Жаутаңдап қала берді көк көлдерің.

Артымда қала берді күліп қайың,
Қалайша ақ жүзінен сыр ұқпайым.
Көзіме ыстық енді ол да менің,
Оны да мәңгі-бақи ұмытпайым.

Мен тіпті ұмытпайым әр құзыңды,
Сақтаймын көкірегіме тау, түзіңді.
Мың есе сақтаймын мен көкейімде
Ақ пейіл анаң берген дәм-тұзыңды.

Бұл жерде өзен қандай, бақтар қандай,
Бәрі де жүрегімде сақталғандай.

АРҒЫМАҚ

Өзер-ақ жүр ме ең, жазған-ай,
Асау жел ойнап жас қанда.
Жарқ етіп қара найзағай
Атылды-ау кенет аспанға.

Тоздырып жердің аяңы,
Жеттің бе бұған сағынып,
Тұяқпен сілкіп ауаны,
Тозаңнан бойың арылып.

Ұштың-ау бір сәт,
қайрылмай
Жердегі шәушік-шөгенге,
Қара жал —
қара жаңбырдай
Жалтылдап жұмыр дененде.

Беткейде тұрған үймелеп,
Пенделер көзге сенбестей, —
Ұштың-ау жалғыз,
дүниеге
Енді бір қайтып келместей...

МЕРГЕНДЕР

Атағы шыққан дүрілдеп,
Болыпты небір мергендер...
Мергендер жәйлі бүгін де
Айғады жыр ғып көргендер.

Қыр кезіп солар,
күніне
Көрсе де қанша шапқынды,
Киелі күс деп,
бірі де
Көздемейді екен аққуды.

Жонеледі екен әрі асып,
Аққуды көріп сыланған, —
Момындау
қырдың баласы
Қорықса керек құраннан...

Мезгіл де қазір өзгерген,
Мергендер көп те,
күстар аз.
Тұрмайды, байғұс, коздеуге
Қанаты, қолы қысқа қаз.

Коргендей сосын күндесін,
Аямайды аққу жатса олар.
Құдайдың жоғын білгесін,
Құранды қайтсін, пәтшағар.

Қанатын еркін жая алмай,
Қалды ма бәрі майып боп,
Баралы мынау маңайдан
Солардың үні ғайып боп...

ҚҰДІРЕТ

Белде қалқып күрең шапақ күн нұры,
Желдей аңқып шешек атқан қыр гүлі...
Ойда жоқта,

көк аспаннан түскендей
Ел ішіне Ақын келді бір күні.

Оны көптен білетін жұрт әрине,
Оның атын жаттататын сәбите.
Оның өзі білмесе де,

ол аттас
Бір бүлдіршін талпынатын әр үйде.

Ел қуанса, ақын жырын жырлайтын,
Кең дала оны өз үнім деп тыңдайтын.

Ақ періште секілді бір,
 әркім-ақ
Жерді басып жүр деуге оны қымайтын.

Бәрі соны көрсем дейтін бір рет...
Келді бүгін мінекей сол күдірет.
Білмейді жұрт сенерін де сенбесін,
Құлағына тұрса да оның үні кеп.

Соған қарай ентелейді ел келіп,
Көкірегін майда қоңыр жел керіп.
Жаудыраған қара көздер ішінде
Жалғыз ғана ақын тұрды тербеліп...

Ел сүйсінер,
 Ел сыйынар әрдайым
Болсыншы деп тек осынау жандайын,
Шапанышың стегімен
 қариялар
Сипап жатты баласының маңдайын.

Қасиет көрді-ау қайран атамекенім
Ақын киген ақ шапанның стегін.
Күн астында арғымақпен ұшты жыр,
Сонда білдім күдіреттің не екенін...

ҚЫЛЫШ

Қарамай мал мен дәулетке,
Қазына жинай күн үшін,
Бабамыз
 біздің әулетке
Қалдырған екен қылышын.

Бабамның жалғыз көзіндей
Төрімде сақтап келем мен...
Сол қылыш
 қарттың өзіндей
Қарайды күнде төбемнен.

– Сен өзін сертке берік пе ең,
Берік те болсаң, ұмытпа.
Жаныңды суырып беріп кел, –
Жалған сөз үйге жуытпа.

Әулие бол сен,
 басқа бол,
Басыңды бекер жерге име.
Қаңғырып кет те, аштан ол, –
Ала жіп аттап,
 келме үйге.

Қонағың жақсын,
 жақпасын,
Қабағың шытып, кірбиме.
Өзгелер сені-ақ даттасын,
Өзгені даттап,
 кірме үйге.

Тиді ме желі әруақтың,
Тарттың ба туған қаныңа,
Қасиетті қара шаңырақтың
Тимесін ешкім арына.

Тайғанап кетсең, бірақ та
Түсті де қара жасылды.
Суырылып шығып қынаптан,
Өзім-ақ шабам басыңды!..

СЫР ҒОЙ БІР...

Құралай көзді сұлумен
Қоштасып
 ақ таң атқанда,
Бозбала күннің буымен
Алшандап келе жатқанда,

Өн бойыңды өртеп жалындай,
Асау бір желік қысқанда,

Аспан мен жерді айырмай,
Акбоз атпенен ұшқанда,

Аш белді шандып шарт буып,
Айсыз бір тұнық түндерде,
Найзаны көкке лақтырып,
Найзамен шаншып жүргенде,

Шалғынды қиған шалғыдай
Жалынға сүңгіп денеммен,
Қайратым қажып,
 дәл бұлай
Қартаям деген жоқ ем мең.

Көңілім бұлттан әрі асып,
Ойлаған жоқ ем, батырым,
Бесік пен көрдің арасы
Есік пен төрдей жақынып...

* * *

Қатырып басын талайдың,
Жайлы орын іздеп жүргенде,
Ақсүйек,
 сәнді сарайдың
Астынан тиді бір болме.

Күншығыс жаққа қараған,
Алқызыл шапақ ататын,
Биіктеу орын қалағам
Колдерді көріп жататын.

Отырам шыңның өрінде,
Көкшеге барып демалам...
Бермесе қойсын...
 кейіннен
Өкінген жоқпын мен оған.

Күн сайын менің болмеме
Ағылып елік,
 күс келіп,

Қарық боп біраз жемге де,
Жатады маз боп түстеніп.

Жақындап жәймен, біріндеп,
Қарайды маған елендей.
Өзінен-өзі күбірлеп,
Бұл не ғып отыр дегендей.

Жайы жоқ ұзақ тосатын,
Үйір боп алды келгеннен.
Қонақтарға орын босатып,
Зытамын үнсіз бөлмемнен.

Дайындап қойған бұларға
«Дастарқан» дайын, «ас» дайын.
Әдейі
сыртқа шығарда
Әйнегімді ашып тастайым.

Тигесін бөлме ырқына,
Оңана бұлар жайланып,
Ойшайды түртіп, шұқылап,
Жырымның бәрін аударып.

Шығады түгел аралап,
Жатқасын бәрі ашылып,
Қалады қалам домалап,
Қағазым жерге шашылып.

Ұмытып қорқу дегенді,
Үйреніп әбден кеңдікке,
Соңына кейде өлеңнің
Кетеді қойып көп нүкте.

Жүреді жайлап бөлмемді,
Оянып бойда батылдық.
Өздеріне ұқсас
менен бір
Сезді ме құйттай жақындық...

* * *

Көкшеге біздің
 бұлт үйір,
Таңдай ма сұлу бұлттар да?
Не болады екен
 үрпийп
Төсіне таудың шыққанда.

Бір көшіп,
 қарға бір аунап
Көкшенің елік-құсымен,
Кетпейді күндіз бұлар да
Қарағайлардың ішінен.

Таңертең тағы үлгілдеп,
Денесін жазып құрысқан,
Шығады жәймен біртіндеп,
Керіліп қуыс-қуыстан.

Жамылып таңның шапағын,
Сүйкеніп талға,
 сүрініп,
Тіркесіп бара жатады
Көкшеге қарай шұбырып...

* * *

Еркештің аңыз-көздерін
Армандап жүргем көптен мен...
Көкшеге барып,
 мен де бір
Селдетіп қайтсам... деп келгем.

Селдету қайда?
 Түк тамбай,
Кеберсіп жатыр қаламым.
Жауа алмай жүрген бұлттардай
Жабылып кетті қабағым...

Булығып,
 түтеп қиналған
Кезімді сезіп қойды ма,
Қол созып биік шыңдардан,
Шақырды Көкше қойнына.

Білмеймін тіпті жолды да,
Көрмеймін аспан түсін де.
Келемін жалғыз омбылап
Ақ ұлпа қардың ішінде.

Сезбеймін —
 қалың орманнан
Оқжетпес қайда,
 тау қайда,
Астым ба жота-жондардан,
Кеттім бе шығып шалғайға.

Әйтеуір бойым жеп-жеңіл,
Өзімнен басқа жоқ пенде.
Келемін үнсіз тербеліп,
Жерменен бе әлде
 көкпен бе.

Қурайдың басын сілкілеп,
Қасымда бір топ киік тұр.
Қашатын емес дүркіреп,
Залалым жоғын біліп тұр.

Жиналды сосын жаныма
Тиіндар зулап,
 дөңгелеп,
Көмпитті қолдан қағып ап,
Үстіме шығып
 өрмелеп.

Жылылық сезіп адамнан,
Жадырап,
 кеңіп кеудесі,

Мәз болып жатыр табанда
Жерімнің құйттай пендесі...

Көкшеге шығып,
 ес кетіп,
Кездесіп елік, құсымен,
Оралдым жаяу
 кештетіп
Қарағайлардың ішімен.

Қияны кезіп,
 тау барып,
Қолыма түк жоқ іліккен...
Оқжетпес ару таңданып,
Қарайды маған биіктен...

КӨКШЕ ҚЫСЫ

Тып-тыныш.
 Боран да жоқ уілдеген,
Үн де жоқ сыбырлаған,
 күбірлеген.
Ақ қарды ауырсынып,
 анда-саңда
Ақ қайың бұтақтары дірілдеген.

Баурайда ақша бұлттар кілкілдеген,
Бетіне жел тимеген,
 күн тимеген.
Жартас та ұмытқандай тас екенін,
Оранып ақ мамыққа үлгілдеген.

Бұл жерде не көрсе де шыдайтындай,
Құмары басылмайтын бір алқынбай.
Дәл қазір —
 ақ қайыңдар билеп-билеп,
Бұралып ақ төсекке құлайтындай.

Еліктер шығады ойнап дегіменен,
Еркелеп,
 еркін жүріп сеніменен.

Түседі қарағайдан қар сауылдап,
Солардың ағып өткен лебіменен.

Үлбіреп,
 қар жауады үнсіз ғана,
Жүзінді шымырлатып шусыз ғана.
Жамылып адалдықтың ақ көрпесін,
Жатады мұңсыз орман,
 мұңсыз дала.

Көрінді дәл осылай бақ та маған,
Әу десем,
 басын сілкіп жалт қараған.
Тұнып тұр жан-жағымда
 кілең ғана
Әппақ жел,
 әппақ оңір,
 әппақ адам...

* * *

Баурайлардан бозғыл мұнар,
 бу ұшып,
Жапырақты жасыл нұрмен жуысып,
Бүкіл оңір күтіп жатыр көктемді,
Тау да бүгін жол беріп тұр ығысып.

Айдын аппақ,
Таудың аппақ тұр шыңы,
Үлбіреген гүлдің әппақ бүршігі.
Ақ әлемнің ішіндегі
Қара мең —
Анау құйттай бал араның тұмсығы.

Өңір де әппақ,
Көңіл де әппақ,
Құс әппақ,
Бәрі де өзін
Ақ гүлдерге ұсатпақ.
Бар дүние бара жатыр бірігіп,

Тау теңізді,
Теңіз тауды құшақтап.

Көктем бәрін
Ақ сәулемен ораған,
Тірлік жайлы,
Бірлік жайлы жоқ алаң.
Қартаю жоқ,
Ортаю жоқ бұл маңда,
Мәңгі жас боп тұратындай
Жер,
Адам.

Көңілді ешкім
Тоздырмайтын секілді,
Өмірді ешкім
Сөз қылмайтын секілді.
Бұл ғаламда
Бәрі-бәрі мәңгілік...
Бір адам да
Көз жұмбайтын секілді.

БІЗ – ЕКЕУМІЗ

Аташқа

Екі гүлміз бір кеудеде қаулаған,
Екі жүрек бір бесікте аунаған.
Екеуміздің үніміз де ұқсайды,
Екеуміздің түріміз де аумаған.

Екеумізде болған емес ат-тұрман,
Өмір бізді жаяу дедек қақтырған.
Бір шаңырақтың маңдайына көп көріп,
Екеумізді екі жаққа лақтырған.

Ойнап-күліп жүргенменен ол аман,
Мына жақта күндіз-түні мен алаң.
Гүл-бақшада жүрсем де өзім,
Сол жүрген
Сонау күмнің ауасымен демалам.

Алғаш жаңбыр тауға төгіп өткенде,
Мен шығамын аласұрып көк белге.
Сол бір жақтан келе жатқан құстар да
Содан хабар әкелердей көктемде.

Ол да мені келеді іздеп шығаннан,
Мен де барып қайтам шығып құмардан.
Көк аспанда сайрап жатқан құс жолы
Екеуміздің жолымыздан құралған.

Мен өзімнің тірлігіммен ырза ғып,
Келем оның көңіліне нұр жағып.
Екеуміздің арманымыз біреу-ақ,
Екі көздің көргеніндей бір жарық.

Мен онымен бірге құлап, бір ұшам,
Соның бәрін үнсіз ғана ұғысам.
Жаным менің жатсын тіпті ортеніп,
Жайсыз хабар естіртпеуге тырысам.

Ол жүргенде менің де жоқ түк қайғым,
Тал басында мөлдіреген шықтаймын...
Екі адамға түскен жүкті көтеріп,
Екі адамға өмір тілеп ұйықтаймын!

АҒА

Қабдыкәрім Ыдырысовқа

Болған жоқ бізде көп аға
Алдынан шығар еркелеп...
Ертерек түстік додаға,
Есейдік содан ертерек.

Күттік біз мейірім әр жаннан,
Зәру боп ыстық құшаққа.
Ағалық жасар абзалдар
Азайып қалған бұ шақта.

Шалғынын кешіп даланың,
Көктемгі күнмен жылындық.

Арқадан қағар ағаның
Қадірін жастай ұғындық.

Тілекті соған арнадық,
Толтырдық орнын олқының.
Екеуміз ерте жалғалық
Ертіс пен Жемнің толқынын.

Қуандық бірге тірлікте,
Құсымыз бірге жүр шарлап.
Жүйткілік олең-жүйрікпен
Жиырма жыл бойы бір самғап.

Кездестік талай таңдармен,
Жұлдызбен бірге тілдестік.
Аз ғана күнгі бал дәурен
Бозбала күнді бір кештік...

Алқалы топқа түскенде
Маңдайың күндей жарқырап,
Тілегің тілеп іштей мен,
Тұрушы ем үнсіз қалтырап.

Айналып алау жалынға,
Аңкылдап жүріп бұлтқа ұшып,
Қабағың шытқан шағында
Қалушы ем мен де кілт түсіп.

Таппаушы ең бір сәт тыныс та,
Арым деп елді ардақтай —
Бар күшін жинап,

ұрысқа

Соңғы рет кірер солдаттай.

Ұшушы ең алып биікке,
Жүргенін көрсен кім жүдеп.
Ағажан,
Сендей жігітке
Аз болып қалды-ау бір жүрек.

Көп еді арман-тілек те,
Азамат – көптің ағасы.
Жұпардай еді жүрекке
Сен жүрген жердің ауасы!

Көңілде кірбің мұң қалмай,
Тазарып сенің қасыңда,
Болушы ең ылғи тұрғандай
Таулардың қия басында!

АҚБОЗ АТ
Баллада

Өтті бәрі...
Кетті жорық...
Бітті ұрыс...
Айналасың бәрі қазір тып-тыныш.
Көңіл күйін,
Өмір жырын шертуге
Қосарланып тал басына шықты құс.

Көктемгі бақ,
Көктем түстес қақпа тұр,
Гүлге қонған көкшіл тамшы шаққа тұр.
Сипап жатыр сынған гүлдің сабағын
Қарт қолбасшы –
Қарт жауынгер,
Қарт батыр...

Жан-жағының жасыл бәрі –
тау бәрі,
Тас төбеден үлбіреп тұр баулары.
Анау жақта аңғар бойын жағалап,
Бір үйір бұлт бара жатыр жауғалы...

Бәрі де бар –
Жұлдыз да тұр,
Ай да тұр.
Төменірек – сылдыр қағып сай жатыр.

Жетіп жатыр,
Жетіп жатыр бәрі де...
Әлденеге елеңдейді ал батыр.

Корген талай айқасты да ұрысты,
Енді ғана алған батыр тынысты.
Қырық жылдай жолдас болған өзімен
Тапсырған-ды камшы менен қылышты.

Қанша бүгін жайғанменен жұрт күшак,
Бір кездегі дүркіреген бітті шақ...
Айбаты жоқ,
Қайраты жоқ...
Жүр бүгін
Найзағайсыз күркіреген бұлт күсап.

Ол шапқанда...
Мүз жарылып,
Сең тулап,
Ат дүбірін жер түбінен жол тыңдап,
Қабырғасын қайыстырып кетердей
Қара жер де қалтырайтын солқылдап.

Соларды енді...
Көреді ылғи түсінде,
Жүреді ылғи қырғын айқас ішінде...
Болмайды екен камшы менен қылышсыз,
Болмайды екен акбоз аттан түсуге.

Ештеңе де көтермейді көңілін,
Не көктемін,
Не бұлбұлың,
Не гүлің.
Жас баладай жаутаң қағып,
жабығып,
Іздейді анау өмір бойғы серігін.

Жан жарасқан жақын достар ойланып,
Жүрмесін деп көңілі азып,
ол налып,

Бір күні оған әдейілеп, айтпастан,
Соңғы мінген ақбоз атын келді алып.

Жанға жайлы қоңыр салқын есті алдан,
Толтырғандай көкірегін бос қалған...
Есі кетіп...

Сенер-сенбес козбепен
Бір-біріне тұрды қарап қос тарлан.

Жалт етті де, күйрық-жалы жылтырап,
Қарт батырды иіскелеп,

жұлқылап,

Дір-дір етіп, мұндасқандай онымен,
Қайран ақбоз кісінеді шұрқырап.

Жан-жүйені босатқандай жолдасы,
Қанша мықты болғанымен өз басы,
Қанды қырғын кезінде де келмеген
Қолбасшының ыршып кетті көз жасы.

Көз алдына келді ме екен өткені,
Жас қуалап әжімдерді беттегі...
Ұмтылған-ды сипайын деп жалынан,
Қайран ердің қолы бірақ жетпеді.

Жануарың соны сезіп қалды ма,
Қартайғаның енді көзі шалды ма, –
Қос тізерлеп,

мойнын созып ақбоз ат

Құлай берді қолбасшының алдына...

АРЛАН

Жорықтарға шығушы еді топтанып,
Жасыл көздер,

қызыл көздер шоқтанып,

Дүрліктіріп алыс-жақын ауылда,
Жарып кетіп,

жұлып қалып, жеп қалып.

Көп болатын,
 тоқ болатын барлығы,
Жылы-жұмсақ тап болатын әр күні.
Ортасында Арланы бар айбынды,
Білмеуші еді қорқыныш пен қайғынды.

Бәрі соның,
 бәрі соның арқасы,
Тапыс оған бұл өңірдің тау-тасы.
Ол жүргенде,
 осылардың аузында
Бұл өңірдің құлыны мен маркасы.

Бұрқыраған боранды күн туатын,
Онда тіпті жалғыз өзі шығатын...
Алдарына сілкіп тастап жас етті,
Өзі жемей, белге шығып тұратын.

Ту сыртынан таудай еді өзі де,
Қайрат тасып, толықсыған кезі ме —
Қүдіреттей көрінетін ол нағыз
Кілең күйтшіл қаншықтардың көзіне.

Көктем шыға —
 бір-бірінен қызғанып,
Бір-біріне қырын карап, сызданып,
Қипалақтап сүйкенетін Арланға,
Әлдеқалай кете ме деп дүзге алып.

Бұрын көрген егделері¹
 ентелеп,
Бүйірін түртіп,
 аяғын сап еркелеп,
Қыңсылайтын,
 асылатын мойнына,
Құмарына жеткісі кеп ергерек.

Енді бірі —
 белгісіз бір күн демеп,
Жас болса да, жасқанбай-ақ иіскелеп,

Ойнақтайтын алды-артына бір шығып,
Баурын жалап,
балтырьнан тістелеп...

Қан қызынып,
жан жылынып дөніккен,
Қорықпайтын сырттан келер қауіптен.
Бәрі түлеп,
құтырынып, құлпырып,
Өтті күндер қимас қызық, сауықпен.

Жер бетінде алғашқы қар жауғанда,
Кезекті бір жортуылға барғанда,
Аңшылардың ортасына түсті де,
Абайсызда оқ тиді кеп Арланға.

Күңіреніп
кетті дала жаңғырып,
Сол далада салып еді сан бүлік.
Енді, міне,
өзер қашып құтылды,
Қардың үстін қызыл-ала қан ғылып.

Бойы мұздап,
шыңылдады құлағы,
Өтті бәрі,
жетті әйтеуір шыдамы.
Талай жылдар паналаған мекені —
Қара үңгірдің аузына кеп құлады.

Қаншықтары келді қуып қан-ізді,
Бір бәлеге белді бұған тәрізді.
Қас қаққанша,
арс етті де біреуі,
Жарасына салды келіп ауызды.

Қалғандары қарғып түсіп қабақтан,
Сыбағасын жібергендей жаратқан,

Салды келіп мұздай қара түмсығын
Бірі шаптан,
бірі қолтық, тамақтан.

Мізбақпастан жатты көкжал сұрланып,
От-жанары бір көгеріп,
бір жанып.

Дыбысын да шығармалы бұ кезде,
Тек көзінен суық тамшы түрды ағып.

Қар үшқындап,
қабак түйіп түрды алап,
Жұрт көрмеген жауыздығың мұңдалап.
Жағын ашпай,
жанталасып жатты Арлан
Ақырғы рет қаншықтарға бір қарап...

БАЛЫҚШЫ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Көк теңіздің жағасында тұр лашық,
Ескен желмен,
көшкен бұлтпен сырласып,
Айдын жаққа ашып тастап есігін,
Сағымменен бір жақындап,
бір қашып.

Білмейді ешкім
қанша келіп қонғанын,
Бұл лашықта қанша бақыт,
сор барын,
Одан бері —
қырлар қанша көгеріп,
Қанша гүл мен
қанша жапырақ солғанын.

Әркімнің бір несібесі бар шығар,
Қайда жүрсең — бір терің ғой тамшылар.
Біреу тауда,
біреу сайда,
бұл да бір
Көк теңізден қайырым күткен шал шығар.

Салды келіп мұздай қара түмсығын
Бірі шаптан,
бірі қолтық, тамақтан.

Мізбақпастап жатты көкжал сұрланып,
От-жанары бір көгеріп,
бір жанып.

Дыбысын да шығармады бұ кезде,
Тек көзінен суық тамшы түрды ағып.

Қар үшқындап,
қабак түйіп түрды алап,
Жұрт көрмеген жауыздығың мұндалап.
Жағын ашпай,
жанталасып жатты Арлан
Ақырғы рет қаншықтарға бір қарап...

БАЛЫҚШЫ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Көк теңіздің жағасында тұр лашық,
Ескен желмен,
көшкен бұлтпен сырласып,
Айдын жаққа ашып тастап есігін,
Сағымменен бір жақындап,
бір қашып.

Білмейді ешкім
қашан келіп қонғанын,
Бұл лашықта қанша бақыт,
сор барын,
Одан бері —
қырлар қанша көгеріп,
Қанша гүл мен
қанша жапырақ солғанын.

Әркімнің бір несібесі бар шығар,
Қайда жүрсең — бір терің ғой тамшылар.
Біреу тауда,
біреу сайда,
бұл да бір
Көк теңізден қайырым күткен шал шығар.

Түр ол қазір еш нәрсені байқамай,
Жалғыз үміт,
соңғы қуат-қызумен.

Теңіз беті қырауланып,
кұрысып,
Қабыршықтар қалтырайды бүрісіп.
Еті үйреніп бара жатыр бұған да,
Тұла бойы бір жылынып,
бір ысып...

Соңғы кезде —
кимылсыз,
Жайбарақат күйге түсіп бір мұңсыз,
Қыңсыламай,
бір орнынан қозғалмай,
Кокжиекке қарап қана тұрды үнсіз.

Теңіз жақтан ызғарлы жел тұр есіп,
Жаңбыр мен қар бір-біріне ілесіп...
Әлгі байғұс —
мойнын созып ілгері —
Мүзбен бірге қатып қапты сіресіп...

* * *

Жас кезімде
үлкендерден есіткем,
Бәрі, бәрі...
болады деп несіптен,
Құдай қосқан қосағыңның өзі де
Маңдайыңа жазылған деп бесіктен.

Білмесем де,
Көрмесем де гүл-жүзің,
Тағдыр маған қиған шығар бір қызың.
Әуел баста-ақ...
маңдайыма жазылған
Сен боларсың,
Сен боларсың, жұлдызым.

Олай болса, саусағың бер,
ер маған,
Енді мәңгі жан серігің мен болам.
Аспан бізден аямайды шуағын,
Ақ тілегін береді анау кең далам.

Жасқанба тек,
Жатырқама, ұялма.
Бірге күл де,
Бірге шалқып, қиялда.
Мың жұлдыздың ортасынан бөліп ап,
Бір өзінді...
әкетемін қиянға.

Енді саған —
Келеді өзі ырыс, бақ,
Ақ сәулені шашамын мен уыстап.
Жігіт болып,
Неге жүрем жер басып,
Бір жұлдызды жаға алмасам дұрыстап...

* * *

Сезер емен соққан желдің салқынын,
Көпті ме әлде сенің алау жалқының...
Қанатыңа қондырып ап бір отты,
Қайда әкетіп бара жатсың, алтыным?

Көз алдында көкшіл мұнар судырап,
Көкжиектен көрінді ме бір жұмақ?
Соған қарай ұштың ба ертіп сен мені,
Өзге дүние құшағынан суырып ап?!

Таудан асып,
теңіз басып өтерсің,
Сонау жұмбақ өлкеге де жетерсің...
Албырт ең сен,
Алабұртқан ақ жалын,
Абайламай жанып кетер ме екенсің?!

Жасқанба бекер сұсты деп,
Жайласын мейлі көкті олар, —
Біздегі шоқтың үстіне
Найзағай түссе, мерт болар...

ГҮЛДЕР

Еркелеп ойнап көктеммен,
Жас гүлдер бүршік жаратын,
Жазықта,
жасыл бөктерде
Алқызыл от боп жанатын.

Солардан
албырт кеудеңе
Есетін жұпар қыр лебі...
Шыдайтын аптап желге де
Қырмызы қырдың гүлдері.

Тұратын ылғи үлбіреп,
Сәулені ғана қымтанып,
Қымсына қарап дүниеге,
Жүзінен балғын нұр тамып.

Бозбала болсаң бұ шақта,
Жүрес ең ойнап гүлменен.
Алар ең ыстық құшаққа,
Саусағың созып іргеден...

Жатағын жалпақ өңірде
Жамылып қырдың сағымын,
Албыртып жүріп,
о күнде
Білдік пе соның қадірін.

Жүргендей нәзік гүлді аяп,
Салмаушы ек коңіл оған түк.
Жас гүлдер,
ешкім жұлмай-ақ,
Кететін козін жоғалтып.

Жоғалды солай жылдар да
Зымырап аққан күстардай.
Қараймыз алыс қырларға,
Со күндер көзден үшқандай.

Баяғы

жүзі балбырап
Тұратын гүл жоқ іргеде.
Қараймыз қазір жаудырап
Сабағы солған гүлге де...

Әкетсін мейлі өзімен,
Өтер ең содан айрылмай,
Қайран сол албырт кезіңнің
Кетерін білсең қайрылмай...

МОНШАҚ

...Көк теңіздің түбінде
Қызды күтіп жатты ма,
Көре сала

біріндеп

Толқын соған атты ма?

Бал жүзіне қызығып,
Өзі-ақ іңкәр болды ма,
Ақша бұлттан үзіліп,
Әдейі кеп қонды ма?

Көп көңілін үйірген
Осындай бір күнді аңсап,
Қыз мойнында дірілдеп,
Тұрушы еді бір моншақ.

Күн түсірмей көзіне,
Қыз да соны күткендей.
Ақ тамақтың өзіне
Өуел баста біткендей,

Мөлдір моншақ, мөлдір көз
Жүруші еді жарасып,

КӨГІЛДІР ОРАМАЛ

Аспанға асу, белең көп,
Алаңдап көңіл жатар ма?!
Көктемгі күстай елеңдеп,
Көбірек шығам сапарға.

Сиқырлы сұлу ән болып,
Сапарға талай шығарған –
Үйқымды менің сан бөліп
Ұстатпай жүрген бір арман.

Қайрылмай ол да кетті үнсіз,
Қайда жүр қазір мекендеп?
Жол кезем ылғи дегбірсіз,
Жолығып қалар ма екен деп.

Жоғалтқан өзім...

Жоқ амал,

Жастығым болды-ау – бар кінәм.
Көгілдір жібек орамал
Кетпейді көзім алдынан.

Қалдырам талай адырды,
Елеңдеп ылғи бір үнге.
Көгілдір орамалымды
Келемін іздеп бүгін де.

Тұрғандай өзі мөлдіреп,
Көз алмай қалам шалғыннан.
Орамал болып желбіреп
Ормандар шығады алдымнан.

Көңілге медеу,
Сол болып,
Көріне берсін көзіме.
Кім білер, бәлкім, жол болып,
Кездесіп қалар өзі де.

...Балауса балғын көктемін
Өткізген оның жері осы.
Анау бір арғы беттегі
Ақ үйлер — туған селосы.

Тынышмай көңіл сан келдім,
Тұрмайды қазір мұнда да.
Айтатын оның әндерін
Айтып жүр басқа бір бала.

Таныспың оның жерімен,
Түскелі қашан мен ізге.
Аңқылдап алдан көрінер —
Енді алыс емес теңіз де.

Армандай қуып, асығып,
Аңсаған жерім талай күн.
Аяулым болған асылым—
Алдымда, міне, ақ айдын.

Толқындар үнсіз толғана,
Барады бір-бір күнді алып.
Ойланып теңіз,

онда да

Осылай жатқан ырғалып.

Сүйкімді сол бір таңдарда
Сиқырлы күйге толды әлем.
Көз жазып қалған арманға
Кездестім алғаш сонда мен.

Қасымда тұрды ол ән салып,
Қалықтап оның жүрді әні.
Толқындар іштей тамсанып,
Тебіреніп теңіз тыңдады.

Бөлендім мен де таң нұрға,
Биледі бір күш денемді,
Осынау қыздың алдында
Оқыдым алғаш өлеңді.

Оқып та көрген жоқ елім,
Терлеп те кеттім — састым ба:
Қанаты құйттай өлеңім
Қалды ма толқын астында!?

Теңселіп біраз тыңдаған
Теңіз де бір тіл қатпады.
«Баласың...» дей ме бұл маған,
Белгісіз не ойлап жатқаны.

Таяныш іздеп көңілге,
Қарадым жұртқа мен шолып.
Қызарып сәл-сәл өңі де,
Қыз тұрды жәймен қол соғып.

Көкке де жетіп қалдым мен,
Көңілге медеу бұл аса.
Балапан жырым алдымен
Болды ғой соған ұнаса.

Балқытты мені құбылтып
Бір сезім бұрын болмаған.
Жанымды күндей жылытып,
Жақып боп барады ол маған.

Сезе ме балғын жүрегі,
Кетпейді қашық менен көп.
Қасымнан кетсе бір елі,
Қалатын болдым елеңдеп.

Құмарта карап, қыр гүлін
Қуалап жүрген сотқарың,
Көрді ғой тұңғыш құрбының
Көзінде жатқан от барын.

Кеудеме шәрбат құйылды,
Толқитын болды назды үнге,
Еркелік кенет тыйылды,
Есейіп кеттім аз күнде.

Білмеймін жанды мен өңге,
Өңгені көзім көрмейді.
Тастасын сүйреп теренге,
Теңізден кеткім келмейді.

Кетті де шыпжыр саудырап,
Кемеміз кенет бөлінді...
Аяулым менің жаудырап,
Алыстан бір-ақ көрінді.

Қол бұлғап тұрмыз талпынып,
Қия алмай қанат қағамыз.
Ақ көбік артта алқынып,
Алыстай берді арамыз.

Дәрмен жоқ кейін оралар,
Дәрменсіз аппақ құсым да.
Көгілдір жібек орамал
Көрінді көздің ұшында.

Бораса мейлі сөз қардай,
Қысылмай жұрттан, күндіз-ақ,
Орнынан бір сәт қозғалмай,
Орамал бұлғап тұрды ұзақ.

Құйып бір қойған мүсіндей,
Әнеки, тұр ол әлі ұстап...
Көк дүлей теңіз ішінде
Көрінбей кетті алыстап.

Аспанда бұлттар ырғалып,
Айдыңға жайып шудасын,
Ақ көбік ата ыңыранып,
Ал келіп теңіз туласын!

Айнала қоршап ораған
Көгілдір толқын ақ маңдай,
Құйғытып сансыз орамал
Қуалап келе жатқандай.

Қалып-ақ қойсам егер де,
Қасында мәңгі болар ма ем.
Кеттім де сол бір кемеде,
Көз жазып қалдым одан мен.

Кездім де талай адырды,
Кездестім оның әніне.
Көгілдір орамалымды
Келемін іздеп әлі де...

* * *

Дөңеске шықтың кешкүрым,
Бұталар қалды төменде.
Дауылдың шуын естідің,
Найзағай жүрді тобеңде.

Түрдың ба, жаным, далада аз,
Ойнатып күлкі ерніңде.
«Алыста жүрген бала қаз
Ойлады-ау мені», — дедің бе?!

* * *

Тағы да таң алдында
Оятты әні құстың...
Мен сені баяғыдай
Аспанға алып ұштым.

Тоғайлар қарауытып,
Алыстай түсті белең.
Келеміз алабұртып
Ақ бұлттың үстіменен.

Тау гүлдеп, дала гүлдеп...
Балғын бір сезімге елтіп,
Сонау бір бала күнге
Оралдым өзінді ертіп.

Кездесіп көктеміммен,
Толды ма кеудеңе нұр, —

Ұмыт боп өткен күндер,
Ұмыт боп жердегі өмір,

Тұрдың сен гүл күшақтап,
Келгендей жұмаққа алып,
Аспанда үнсіз аққан
Ақ жұлдыз сияқтанып...

ТҮС

Көгілдір аспан, бар мекен
Көрінді тағы түсімде...
Күн батар кездің алды екен,
Жүр екем орман ішінде.

Осының сәл-ақ алдында
Неше күн жауған қар қалың,
Ақ басты сонау таудың да
Тегістеп кеткен аңғарын.

Жал болып қалған жалтылдап
Қаңтардың ұлпа жас қары.
Көрінеді әрең қалтылдап,
Теректің ұшар бастары.

Қона алмай шымшық талдарға,
Жайлы бір орын кетті іздеп...
Таңғалып жүрді шалдар да:
«Мұндайды көрген жоқпыз!» – деп.

Осы қар жайлы өлең де
«Жазайық!» – деген бір ақын,
Аса бір қызық көргендей,
Арқасы қозып тұратын.

Сол сөзі қамшы болды ма,
Ерігіп, тапқан ісім бе?
Әйтеуір қарды омбылап,
Келемін орман ішінде.

Жол іздеп, алға қараймын, —
Бұл маңды бір жан баспаған.
Қоңырқай тартып маңайым,
Қараңғы түсе бастаған.

Бетімді сәл-сәл қариды
Тоңазып қалған қар лебі...
Алдымнан бір кез ақ үйдің
Көрінді жарық әйнегі.

Күнімен шарлап орманды,
Тапқандай жоғымды іздеген,
Ақ үйге кірсем, толған бір
Ақ көйлек киген қыз-желең.

Көргесін мына жиынды,
Өзге бір күйге түстім мен.
Ақ періншелер киімді
Әкетті қағып үстімнен.

Төгілтіп күйді, ән безеп,
Дулатып жатыр орендер.
Қабырға толы жаргазет,
Газеттер толы өлеңдер.

Жақындап бері келеді
Жалыны шалқып гүл-беттің.
Ал мынау қыздың олеңі
Астына жазған суреттің:

«Көктемі келсе жақындап,
Ашылады екен сезім-гүл.
Бір жалын тисе, лапылдап
Жанғалы тұрған кезім бұл.

Секілді көкте туған ай
Балқыған жүзі от болып,
Қар екеш, қар да шыдамай,
Денеме тие кетті еріп...»

Өлеңдер сонша көп еді,
Қалмады көбі сақталып.
Және бір қыздың өлеңі
Жадымда кетті жатталып:

«Қар көміп қалған бақтарды,
Қайыңдар мұзға шомылған.
Уыстап едім ақ қарды,
Шашырап түсті қолымнан.

Күтемін ылғи нұр алдан,
Күтем де, ойға кетем көп:
Осындай аппақ бір арман
Шашылып қалмаса екен деп...»

Ояна келсем,
шатқалға
Шапағын шашып таң атқан.
Денесін сүйкеп ақ қарға,
Күн келе жатыр қабақтап.

Жарқырайды аппақ жер оңі,
Аумайды бәрі түсімнен...
Жаңағы қыздың өлеңін
Қайталай бердім ішімнен.

* * *

Сен жақта Шолпан жұлдыз тұр ағарып,
Сен жаққа қарай берем құмарланып.
Сен жаққа асығады асау өзен,
Құзынан көкірегімнің күлап ағып.

Дарияның ақ жүзігін ала қашып,
Көп толқын барады өне жағаласып.
Тулаған толқын емес, илан, жаным,
Жүрегім ол да менің саған ашық.

Әндетіп аспан деген теңізбенен,
Барады күстар ұшып көл іздеген.
Құс емес көлбеңдеген көк айдында,
Көңілім ол да менің сені іздеген!..

БІР АДАМ

Көңілің бір құлаған
Көз алдында тұрады ылғи бір адам.
Алыста ма,
Жақында ма, кім білсін,
Бір адамың...
Жүрегінде жүр аман.

Көрінеді ол нұр шашырап оңшешен,
Демаласың
Соның ғана демімен...
Сенімменен бір жүзеді ол теңізде,
Аспанға да бірге ұшады сенімен...

Сәл мұңайсаң,
Сол келеді жүгіріп,
Жұлдыздармен бірге саған үңіліп,
Сырласады,
Мұңдасады озыңмен,
Қоңыр түннің құшағына тығылып.

Үнсіз ғана...
Шертесің бар сырынды,
Бәрін жайып,
Қалдырмайсың түгінді...
Әкетеді ол сенің барлық жүгінді,
Әкетеді ол сенің барлық мұңынды.

Сенен басқа —
Білмейді оны жан адам,
Сезбейді оны...
Көрінбейді ол даладан.
Оның жайын білем деген болса егер,
Сұрасың тек
Жұлдыз бенен ауадан.

Мен білмеймін —
Тазамысың күнәдан?!

Бәрінің де ғажап еді әуені,
Аңқау еді, албырт еді,
сақ еді.

Көп еді оның,
көп еді оның түрі де,
Сен олардың ұқсамайсың біріне.

Ұқсамайсың
атып алған құстарға,
Ұқсамайсың
сатып алған гүлдерге...

* * *

Көңілдегі жаз күнін кеттің алып,
Көлімдегі қаз үнін кеттің алып,
Бозғыл мұнар басады тауым басын,
Бір суық жел қашады бетті қарып.

Жаң-жағыма, қараймын бауларыма,
Бауларыма күз келіп қалғаны ма:
Көк шалғында ойнайтын күлгін сәуле
Шығып қапты бұлттардың ар жағына.

Тоқтамайтын тоғайдың шуы, сірә,
Қызық екен тым-тырыс тұрысы да.
Көрінбейді күндегі көп жұлдызым,
Кіріп алып аспанның қуысына.

Қайда жүрсің, елігім, менен кетіп,
Күндіз-түні көңілді елеңдетіп?
Қонып жатыр шықтар да жапырағыма,
Жапырағымның еңсесін томендетіп...

ҚЫЗ ТУФЛИ

Жыр десе,
көңілі тасатын,
Желпінтіп дүйім халықты, —
Бәйгіден келген жас ақын
Қыз туфлин алыпты.

Әзілмен жолды қысқартып,
Әнге де қойып кетесің.

Өртейді келіп жаныңды
Өңкей бір балғын бұлбұлдар.
Жассың ғой сен де жалынды,
Сенен де жастау, құрғырлар.

Коп әлі жүрер жол алда,
Көңіл де күндей ашылды.
Сыңқылдап күліп олар да
Сұрайды сенің жасыңды.

Айтпайсың тағы расыңды,
Білесің қыздар шамасын.
Күмілжіп біраз,
жасыңды
Кемітіп айта саласың.

Жас қыздар сеніп қалғанмен,
Желге ұшып кетті бір сөзің.
Айтарын айта салғанмен,
Ауырлау болды бұл сезім.

Құлшынып келген көңілге
Қиындау тиді бұл сұрау.
Қызарып кетті өңің де,
Қишылдап қана тұрсың-ау...

Тағы да талай өтер ай,
Тынымсыз судай зымырап.
Үлкею қандай оп-оңай,
Жасару қандай қиын-ақ!

* * *

Бөлмеймін сені, байтағым,
Теңіз деп,
Тау деп,
Дала деп...

Көл бірге,
 тоғай бірге,
 бұлақ бірге,
Бірге анау аспандағы шуақ күн де.
Екеуін жақындатып,
 туыстырып,
Сөйлейді барлық өзен бір-ақ тілде.

Бірге анау аясы да тау-жақпардың,
Самалды саясы да бау-бақтардың.
Түрі бір үлбіреген гүлдердің де,
Үні бір тықылдаған балдақтардың.

Шыққанда көкжиектен күн жарқырап,
Шалғыннан мөлтілдейді шық жалтырап.
Қасынан ағып түссе бір ақ жұлдыз,
Қалады жұлдыздар да бір қалтырап.

Бобектің айырма жоқ күлкісінде,
Теректің айырма жоқ түр-түсінде.
Бір-бірін жүреді іздеп найзағайлар
Көктемде бұрқыраған бұлт ішінде.

Тыңдашы қаңқылдаған қаз дауысын,
Биікте —

 Бірлік керек самғау үшін.
Тіркесіп барады әне бір-бірімен,
Абайсыз ажырасып қалмау үшін.

Кетеді мәңгілікке бұл туыстық,
Бірге ғой Күн мен Жер де,
 күлкі де ыстық.

Бәрінің ойлайтыны —
 Бірлік қана,
Бәрінің ойлайтыны —
 Бір Тыныштық!

* * *

Жап-жасыл...
Дүниенің жасыл бәрі.
Жап-жасыл —

Бұлттар да анау асудағы.
Осынау кереметті коргісі кеп,
Дертiп тұр
жасыл бүршік ашылғалы.

Жас өрiм —
Жасыл дәннiң алаптағы
Көркіне көздi үйiрiп қаратқаны.
Барады бiрте-бiрте жасылданып
Құстың да қалтыраған қанаттары.

Жап-жасыл —
жазықтағы жел есiлген,
Шығарған жел екенiн о да есiнен.
Шайқалып,
шалқалақтап жасыл егiн
Сипайды көкжиектi денесiмен.

Талдар да тербетiлiп,
гүл де ашылып,
Қызығып күннiң өзi шыңға шығып,
Тұрғандай елтiп-балқып бар дүние
Жас дәнмен бiр қозғалып,
бiр басылып...

АЛҒАШҚЫ ЖАҢБЫР АЛДЫНДА

Қобалжып,
жүзi құбылып,
Құйғысы келiп көлкiп бiр,
Алқызыл оттар жүгiрiп,
Аспанның бойы дертiп тұр.

Шыдамсыз, асау жалыны
Суымай жерге жететiн,
Лүпiлдеп тұрған шағы бұл
Төгiп бiр төгiп өтетiн.

Күн өткен сайын арада,
Құмартып,
ернi кеберiп,

Көрмейсің егін шетін де,
Жетпейсің оған жаяулап.
Әр дәннің ақшыл бетінде
Жатады балқып ай аунап.

Тербеліп тұрған егінге
Толықсып тұрған күн кіріп,
Аялдап менің жерімде,
Алады көзін ілдіріп.

Күн ұзын шаршап деміге,
Кешкісін әнді доғарып,
Даламның долы желі де
Ұйықтайды дәнге оранып.

* * *

Даланың еркебұлан құлыншағы ем,
Құлдырап құбажонда құйын сап ем.
Бір мені қызық көріп жүретіндей,
Соңымнан шыр айналып үйірілсе әлем.

Қалсам мен жазатайым сәл бүгіліп,
Келердей көрінетін тау жүгіріп.
Қондырып алақанға, еркелетіп,
Тұрғандай дүниенің барлығы ұйып.

Әлі де сол баяғы күйінде өмір,
Әлі де сол баяғы күйінде өңір...
Қарамай алды-артыңа, періштедей,
Бәріне еріпсің-ау, құлын-көңіл!

ЕРКІНДІК

Қарт суретшінің әңгімесінен

...Қол үзгем әбден жер-көктен,
Қажытқан меңіреу тас түрме.
Келеді кейде жеңдеттер
Жабылған күрттай жас гүлге.

Тас болып қалған денем де,
Кеткесін ылғи мұз бүркіп.
Көз ілсем болды – төбемнен
Тұрғандай тоніп жүз бүркіт.

Көргім кеп аспан әлемін,
Қараймын сыртқа асылып.
Көрсетпейді олар, әдейі
Күнді де менен жасырып.

Білгендей бірақ сол кезде,
Қалсын деп маған бір қарап,
Жасқанып әрең торкөзден
Түседі сәуле сырғанап.

Жарысып, бұлғтар сілкініп,
Жарқылдап жатса нажағай,
Талпынам мен де бұлқынып,
Тағдырдың мына мазағы-ай.

Аспанды көрем жаңғырған
Ақ жасыл ойнап өткен күн,
Сорғалап тұрған жаңбырдап
Келгенін білем көктемнің.

Көрмесем де өзін даланың,
Ауасын ғана сіміріп,
Қадалып торға жанарым,
Отырдым бір күн үңіліп.

Қуалап жауы құртардай
Қатерлі күйге түсті ме,
Қорғалап байғұс бір торғай
Қонды кеп тордың үстіне.

Оны да қуған сор тағы,
Оның да көңілі шер білем.
Ол маған қарап—

қорқады,

Мен оған қарап

телмірем.

Ақ жасыл алтын сынадай,
Ағалы кейде көк тіліп...
Жалынына оның шыдамай,
Жарқылдап жанып кетті бұлт.

Ашылды тапшың нұрымен
Аспанның көзі жаудырап,
Құлынның нәзік үніне
Даланың бойы балбырап.

Шығып ап еркін көгіне,
Қанатын ерке жайқалтып,
Баралы құстар жолымен
Ауаны көлдей шайқалтып.

Жалтылдап жалы асқардан,
Жарысып ойнап, аптығып,
Соғалы жақпар тастарға
Толқынды толқын лақтырып.

Кеудесін күнге сүйдірген
Шалғындар баяу бас шұлғып,
Бөлініп қалған үйірінен,
Қарайды жуас ақшыл бұлт.

Балқытып бірден ерткен мұз
Бір ғана назды қабакпен,
Келеді қырда көктем-қыз
Көгілдір жібек канатпен...

* * *

Көңілі күйге толғандай
Қарайды дүние елжіреп,
Алатау гүлі қолдарда
Алкүрең тудай желбіреп.

Жасанды кайың-теректер,
Моншағын бойға ілгізіп.

Келеді мұңсыз бөбектер,
Көзіңде бір-бір күн жүзіп:

Жүрегін орап жалынға,
Ақындар талай жазған жыр, —
Өздері гүлдей арулар
Өртеніп кете жаздап жүр.

Көктегі қызыл алаумен
Қанатын бірге қаққандай,
Алматы қызыл жалаумен
Биіктеп бара жатқандай.

Қызыға шолып маңайды,
Оранып мәңгі жас талға,
Алатау мәз боп қарайды
Арқасын сүйеп аспанға!

* * *

Керек қазір дүниенің бәрі маған,
Шыққан күнді қарсы алып,
жарық алам...

Көл де керек кеудемді толтыратын,
Жел де керек адырда аңыраған.

Жасыл мұнар жамылған қыр үстінің
Қондырамын қолыма күміс шығын.
Қалт жібермей бағамын
жұлдыздардың
Жанарында жалт еткен бір ұшқының.

Ай нұрына тосамын уысымды,
Толтырамын қалайда қуысымды.
Көк жиекті жастанып құлағанша,
Қалдырмаймын бітпеген бір ісімді.

Мен әйтеуір жеткенше бар өмірім,
Бәрін,
бәрін жинаймын әдемінің.

Жақсылықтың бәрінен үміттімін,
Жақсылардың бәрінен дәмелімін.

Болмайды бір зәредей жалған мұнда,
Күні ертең-ақ көшеді арман жырға.
Алғанымды түп-түгел таратамын,
Айналам да көктемгі ақ жаңбырға.

Өміріме сұқтансын, сұқтанбасын,
Білем бір күн тағдырдың құтқармасын.
Қалсын ол да артымда жер сипалап,
Өкінетін менде де түк қалмасын...

АДАМ

Не күші бар таулардың асқарала,
Сүйеніп тұр тал менен тасқа ғана.
Қызығымен тұратын көз қуантып,
Ұқсайды олар бейкүнә жас балаға.

Көк теңізді —
керемет дерсің алып,
Күңіреніп жатқасын сел шұбалып.
Жайшылықта теңізден момақан жоқ,
Толқымаған кезінде көрші барып.

Көл деген бір періште әу басынан,
Қалтырайды үн шықса сәл қасынан.
Қамыс басы қозғалып,
жел дір етсе,
Асқалы тұр шайқалып арнасынан.

Таңдай қағып,
оларға жұрт қарайды,
Олар үшін оқыс бір бұлт та қайғы.
Қанша қиял биікте тұрғанымен,
Жұлдыздар да тыпыршып ұйықтамайды.

Мына жер де,
аспанның алабы да,
Бәрі сәби — үйірілген жапарыңа.

Бәрі сонда қатталған
Қанша жан бар әр үйде —
Кіреді оған
Қарттар да,
Кеше туған сәби де.

Біз де үлкенге саналдық —
Жалаң аяқ жосылған...
Осы екен-ау
Адамның
Санағына қосылған!

Сол сезімнің буымен
Көңіл шіркін тоғайып,
Кем-кегіктеу дүние
Көрінетін молайып.

Қан жүгіріп жүзінде,
Кететін мұң таралып...
Ілінбесең тізімге,
Үйірілетін қара бұлт.

Тағдырың да,
Таланың
Сол тізімнің ішінде,
Бригадир ағаның
Қаламының үшінде!..

Тойынды енді аш қарың,
Көңілі тоқ, қызулы ел.
Шықты бірақ басқа бір
Сол сияқты тізімдер.

Бұрынғыдан бөлектеу,
Бұл тізімнің түрі көп...
Үлесі де еректеу,
Иесі де ірірек.

Тәртібі сол баяғы,
Тізім де сол күшінде.
Тағдырың да,

Таланның
Тағы соның ішінде.

Бітер емес әлі егес,
Заман бөлек, салт бөлек.
Бұрынғыдай —
Дән емес,
Атақ керек, даңқ керек.

Болып алдық үйірсек,
Бір есікке сан кіріп.
Сол тізімге ілінсек,
Жан сақтардай мәңгілік...

* * *

Бар ма, сірә, естігенің,
Көргенің
Көкте жүрген құстың ауырып өлгенін?!
Ауырмайды,
Жарылмайды жүрегі,
Сұқ көзіне ілінбесе пенденің.

Самғайсың деп,
Күндемейді бір-бірін,
Сайрайсың деп,
Тілдемейді бұлбұлын.
Біледі тек шыққан күннің сәулесін,
Біледі тек жапырақтың сыбдырын.

Білері оның маужыраған шуақ таң,
Айдын көлдер,
Шалғын белдер гүл атқан...
Кек болмайды,
Дерт болмайды жүректе,
Мерт болмаса оқыс тиген бір оқтан.

Құс секілді ем — жүрегі жаз,
Көңілі ән,
Кім біледі қандай күйге жолығам.

Құс секілді
Қорғана алмай кетем бе
Біреулердің оқыс тиген оғынан...

* * *

Кім білсін
Мұның ақырын,
Соғарын барып неге енді?!
Қойдыңдар мүлде, батырым,
Аспанға қарау дегенді.

Естімей желдің шуылын,
Бөлмеде тұрған гүлсіңдер.
Әлемнің...
Құйтқай сынығын
Әйнектен көріп жүрсіндер.

Көресің бәрің
Кесілген
Бұтақтан ғана бүршікті,
Ас үйдің терезесінен
Сығалап жүрген шымшықты.

Қай жерге конды,
Қайда ұшты?
Білмейтін өзі мың жылда,
Күн көріп жүрген байғұсты
Қостыңдар әкеп бұлбұлға.

Дейсіңдер ме ол да көгерсін,
Жүргесін жерді мекендеп,
Үндері
 не болса, о болсын,
Түрлері
 ұқсайды екен деп.

Аши ма, сірә, жандарың
Ақиқат деген құрғырға...
Кездескен күнің бар ма бір
Жер шұқып жатқан бұлбұлға?!

Тірліктің неше түрі көп,
Кешеді бәрі бір күнді...
Көргенің бар ма бір рет
Көз сатып жүрген бұлбұлды?!

Көрмеген бұрын ондайды ел,
Сөздеріңе ешкім сенер ме, —
Бәрі бір —
Аты торғай деп,
Тізсеңдер қосып көгенге.

Өтті ғой күні қырсықтың,
Шындық та дізгіш ұстасын.
Көңіліңе қарап шымшықтың,
Бұлбұлдар...
Көзден ұшпасын...

* * *

Біреу жылап жатқан жерде...
шыдаман...

Кім сорлы екен жоқтау-зарды құраған.
Талай әуен ұмыт болды ескіріп,
Ескірмейді неге осынау бір-ақ ән?!

Естісем-ақ егілем де жаншылам,
Мүжілгендей зәрлі суық тамшыдан...
Барлық жерде —

аналардың дауысы
Айнымайды өз анамның даусынан.

Бөлмейтұғын жақын менен жырақты,
Бәріне ортақ жазмыш қой бұл мұң атты.
Қуанғанда — қанша бөлек болса да,
Жылағанда — бір-ақ адам сияқты...

* * *

и
Жырым менің —
Көктем жыры — гүл жыры,
Көктемменен
Бірге сазы, бір мұңы...

Күндіз-түні...
Ағып жатқан түстіктен
Айтады оны аспандағы

күс біткен.


Шалғындардың тұлабойын балқытып,
Айтады оны далада жел аңқытып.

Бұлттар ұшып шыққан кезде таудан бір,
Төгіп-төгіп айтады оны ақ жаңбыр.
Көк сағым мен көкшіл сәуле оранған –
Күмбірлетіп айтады оны көк орман...

Айтады олар арман ғылып,

өң ғылып,

Көктем сайын тұрады ол да жаңғырып.
Барлығы оны айтады ылғи бір тілде,
Барлығының ұмытуы мүмкін бе?!



76661

МАЗМҰНЫ

Сағи лирикасы (Қуандық Шаңғытбаев)	5
«Көп болды ғой мінбегелі құр атқа...»	14
Бүгінгі дала суреті	15
Таба нан	15
«Әженің жайлы арқасы...»	16
Кемпірқосақ	18
Ана қолы	19
Ауыл қарттары	20
Сүт туралы баллада	22
«Аспанды кенет тарылтып...»	24
Сыртта боран ұлып тұр	25
Оң аяқ	26
Хат	27
Дән жұпары	30
«Асықтық сауық, тойларға...»	31
«Бір күні — сонау қаладан...»	32
Тұлып	35
Майданнан келген ағайлар	37
Сенбеймін	38
«Болса егер жұмбақ бір мықты...»	39
«Қалмайды менің жанымнан...»	40
Оймауыт	41
«Туған дала, кеудемді желпіндіріп...»	42
«Көрдім мен қанша тауларды...»	43
«Жылы жел есіп тау жақтан...»	44
«Көп болды, бозаң белдерім...»	45
Бозторғай	45
«Аспанда сәл себезі бар ақ таңның...»	46

«Жыл сайын — қырда гүл жүзіп...»	47
«Баяғыдай жатыр үнсіз Жем ағып...»	49
Жаңбыр	50
Құлын	51
«Қанша жердің сімірлім мен бұлағын...»	52
«Дүние қалдырмады көштен мені...»	53
Туған жер	54
«О, туған жер, барымның...»	54
Жолда	55
Ұя	56
Мең туып-оскен далада	57
Әже	57
Сыр	58
«Мынау қыр...»	58
«Пейіліне қарай берген бе...»	59
«Өстім мен осы қырларда...»	60
«Кездесіп жатыр жаңадап...»	60
«Біздің ел, өттең, қашықтау...»	61
«Аңызак желмен арбасып...»	61
«Жүздері...»	62
Қазақстаным	63
Ақ жаңбыр	64
Киік	65
Койлек	67
«Кеудемде жел жүр бір мұздай...»	68
Достарым	70
Бақыт	71
Адамдар	72
«Қарашығым, қарай жүр» деп, жан ана...»	72
«Көктем зулап отіп жатыр тобемнен...»	74
Домбыра	75
Көктем	76
«Тұрдым бір жардың шетінде...»	77
Бұлбұл	78
Орқиік	80
«Бесіктен шыға сала...»	81
Жүрегім менің	82
Ауылға барғанда	84
Жыл еркесі	88

	«Ақпанның желін...»	89
	Қоңырау	89
✓	«Күтіп жүрген қызығым бар алдымда...»	90
	«Жасыл өлкем»	91
	Цыган қызы	92
	Жапырақ	93
	Қыран	94
	Бұзба, жаным	95
	«Көңілімнің күні болып жүр Анам...»	96
✓	Мен іздеген бақ құсы	97
	Сырдария	97
	Құс әні	98
	Күтеді мені	100
	Махамбет жүрген жерлерде	102
	Қолбасшы	103
	Ұнаттам	104
	«Ата-анам атап атымды...»	105
	Апа	105
	Керуен	106
	«Аспанның кіріп ажары...»	107
	Атжарыс алаңында	107
	«Сен үшін, балам...»	112
	Еліктің лағы	113
	Тау	114
	Борік	116
✓	Күткен күн	117
	Медаль	118
	Әйелдер	120
	«Дүние — мамыр еді маужыраған...»	121
	«Біреудің ерсі қылығын...»	122
	«Жан-жағым қалың шабындық...»	123
✓	Менің күрдастарым	124
	«Сарғайып...»	126
	«Жеңістің тұңғыш таңы бұл...»	128
	«Көктемгі көкшіл жазық...»	129
	«Түрендер түскен адырға...»	130
	«Операция...»	132
	Гүл	134
	«Періште емес, пендемін...»	137

«Көктемнің балғын кезі еді...»	137
«Жатырмын небір түс көріп...»	138
«Талайлар мені елжіреп...»	140
«Үйде де, түзде...»	141
Іздедім сені	143
«Селдіреп шыққан шағылға...»	144
«Қиналдым талай қыз үшін...»	145
« – Атқа мінгіз баланы, атқа мінгіз...»	146
Күн батарда	148
«Жүретін бір кішкене қара күшік...»	148
Жол	149
«Мен қазір тастан құйған құр мүсіндей...»	150
«Ауылым осы менің...»	151
Тілектес	152
✶ «Жем бойында отті менің жас күнім...»	156
«Ерте көрдім, ерте көрдім барлығын...»	156
Қоскөл	158
Қарақалпақ жерінде	159
Оңашадағы ой	163
Арғымақ	164
Мергендер	164
Қүдірет	165
Қылыш	166
Сыр ғой бір	167
«Қатырып басын талайдың...»	168
«Көкшеге біздің...»	170
«Еркештің аңыз-көлдерін...»	170
Көкше қысы	172
«Баурайлардан бозғыл мұнар...»	173
Біз – екеуміз	174
Аға	175
Ақбоз ат	177
Арлан	179
Балықшы туралы баллада	182
«Жас кезімде...»	186
«Сезер емен соққан желдің салқынын...»	187
«Боз тұман шөгіп далаға...»	188
«Өртенер іші...»	188
Гүлдер	189

Моншақ	190
Көгілдір орамал	192
«Дөңеске шықтың кешқұрым...»	196
«Тағы да таң алдында...»	196
Түс	197
«Сен жақта Шолпан жұлдыз...»	199
Бір адам	200
«Екеумізді бір-ақ өзен бөліп тұр...»	201
«Балғын гүлдер...»	201
«Көңілдегі жаз күнін...»	202
Қыз туфлиі	202
Сапарға шыққанда	204
«Бөлмеймін сені, байтағым...»	205
ц «Желдетіп сыртта күз күні...»	206
Туыстық	207
«Жап-жасыл...»	208
Алғашқы жаңбыр алдында	209
ц «Туған далам...»	210
«Таусылмайды белес-белес жол да әлі...»	211
ц Менің далам	211
«Даланың еркебұлан құлыншағы ем...»	212
Еркіндік	212
Көктем сәулелері	214
«Көңілі күйге толғаңдай...»	215
«Керек қазір дүниенің бәрі маған...»	216
Адам	217
«Алып жатыр маужырап дала тыным...»	218
«Аңғар жақтан...»	219
Көктемгі дала	220
«Сонау алыс...»	220
«Бар ма, сірә, естігенің...»	222
«Кім білсін...»	223
«Біреу жылап жатқан жерде...»	224
ц «Жырым менің...»	224

Жиенбаев Сағи

БАҚ ҚҰСЫ

Таңдамалы лирика

Құрастырған *Е.Дүйсенбайұлы*

Бас редактор *З.Серікқалиұлы*

Суретші *А.Тіленшиев*

Техникалық редактор *Р.Баязитова*

Компьютерде беттеген *Г.Есімбекова*

Теруге 01.03.02 жіберілді. Басуға 30.04.02 қол қойылды.

Қалпы 84x108^{1/32}. Қағазы офсетті. Қаріп түрі «Таймс».

Шартты баспа табағы 12,18. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 89.

«Раритет» баспасы, 480091, Алматы қ., Масанчи, 98,

оф. 14, тел.: 92-35-83, 92-36-83, факс 92-17-19.

Тапсырысшының диапозитивінен

«Курсив» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде басылған.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Раритет» баспасы тақырыптық жоспарының маңызды бір бөлігін қазақ тілінде қалың көпшілікке арналған көркем әдеби басылымдар құрады. Бұл, ең алдымен, «Жыр жауһары», «Қазақ прозасы қазынасынан» сериялары бойынша XV ғасырдан осы күнге дейінгі ақын-жазушыларымыздың ең таңдаулы шығармаларынан түзіліп, біркелкі безендірілетін көп томдық кітапхана түрінде ойластырылған. Асанқайғыдан Әбубәкірге дейінгі ғасырлар поэзиясының үздік үлгілері мен халық көкірегінде ұялаған фольклор жәдігерлерінен үкілі үзінділер қамтылатын «Нар заман мен зар заман поэзиясы» жинағы, ақын Сағи Жиенбаевтың таңдамалы лирикалары («Бақ құсы») қолдарыңызға тиді, міне!

Өткен кезеңдер ырысы мен кейінгі, бүгінгі әдеби тұлғалар игілігі осылай қаз-қатар өріліп отыратын болады. «Жыр жауһары» ғана емес, «Қазақ прозасы қазынасынан» сериясы да дәл осындай — әсіресе қазіргі күндерде қажеттілігі ерекше, сүзіп алынған, сұрыпталған сұбелі туындыларымен көңілдеріңізден шығары хақ.

Баспа жұртшылыққа заман ағымына қарай әр тұстарда жұлмаланып, бұрмаланып жеткен әдеби мұраларды маман-әдебиетші, ғалымдармен бірге қаз қалпына келтіру жұмыстарымен де шұғылданып жатыр (Ақтамберді, Дулат, Шортанбай, Мұрат т.б. шығармалары). Таяу уақыттарда «Қазақ жыры», «Қазақ прозасы» сериялары бойынша жүзеге асырылар дербес басылымдар қайсыбір ескерусіз қалған туындыларды, «Нар заман мен зар заман поэзиясы» сияқты топтама томдықтарға енген-енбеген жеке тұлғалар мұрасын мүмкіндігінше түгел қамтуды мақсат тұтқан.

Шәкірт-жастардан бастап, барша оқырмандар қауымына ұсынылар бұл әдеби басылымдар көркемдік құндылықтарға деген біздің бүгінгі сұранысымызға риясыз қызмет етер деп ойлаймыз.

«Раритет» баспа компаниясы

Көп томдық «Жыр жауһары»
түзілісінің бұл басылымы өмір
туралы ойлы, терең толғаныстарға
толы: ақын Сағи Жиенбаевтың
сыршылдық лирикасы, дала
балладаларының таңдамалы
бір бөлігін қамтиды.
«Нар заман мен зар заман поэзиясы»
жинағынан бастау алған жыр
керуені жолға шықты!



Жыр
жауһары

